- централизованное административно-политическое установление тарифов со стороны государственных органов власти

- превышение расходов предприятий ЖКХ над доходами, убыточность деятельности предприятий ЖКХ без возмещения части доходов из государственного бюджета;

- субсидирование части расходов на коммунальные платежи со стороны государства незащищенным слоям населения;

- снижение собираемости платежей населения за услуги ЖКХ в связи со снижением доходов населения.

Учитывая количество законодательных актов, законодательство Российской Федерации в жилищно-коммунальной сфере представляет собой довольно разветвленную систему, находится в состоянии динамичного развития и постоянной адаптации к изменяющимся условиям. [7] Можно сделать вывод, что государство, постоянно вводя новые нормативные акты, пытается «тушить пожары», возникающих на проблемах регулирования ЖКХ. [6] Вследствие этой особенной системы ЖКХ и анализа отчетов о состоянии отрасли Минэкономразвития определяются следующие проблемы:

- несоблюдение принципов конкурентности, рыночности;

- централизованное управление отраслью и установление нормативов тарифов, непрозрачная процедура их формирования;

- отсутствие у предприятий жилищно-коммунального хозяйства возможности повышения эффективности деятельности по причине превышения расходов над доходами из-за установленных убыточных тарифов;

- высокий процент потерь энергии в процессе производства и оказания услуг (в том числе из-за отсутствия технологий);

- отсутствие информированности населения по процедурам затрат;

- низкая инвестиционная привлекательность;
- снижение процента сбора оплаты населения за услуги ЖКХ;
- изношенность муниципального жилищного фонда и внутридомовых инженерных коммуникаций;
- высокий процент аварийного жилищного фонда;
- высокая доля износа основных средств предприятий отрасли;
- неразвитое самоуправление собственников жилья;
- высокие риски для инвесторов;
- порядок взыскания долгов крайне усложнен;
- недостаточное количество мусороперерабатывающих предприятий;
- низкое доверие граждан к отрасли ЖКХ;
- недостаток в финансировании на текущий и капитальный ремонт зданий
- высокая доля дебиторской и кредиторской задолженностей предприятий отрасли.

Оборот отрасли ЖКХ за 2021 год составил 5,4 трлн. рублей, что составляет 5,5% от ВВП страны. В отрасли работает более 2х миллионов человек (или 3% от числа занятых). Несмотря на увеличение удовлетворенности граждан условиями проживания, проблемы остаются нерешенными.

Все эти проблемы требуют комплексных подходов к их решению и постоянных совместных усилий государства, органов местного самоуправления, бизнеса и населения. Правительство РФ разработало Стратегию развития жилищно-коммунального хозяйства РФ до 2035 года, основной целью которой является улучшение технического состояния жилищного фонда, качества предоставляемых услуг. [5] В рамках Стратегии предполагается следующие действия:

- совершенствование правовой основы взаимодействия государства и бизнеса, стимулирование развития энергосервисных контрактов;
- разработка цифровой базы технического учета жилищного фонда и единой электронной базы собственников;
- установление системы контроля и мониторинга за качеством услуг по всем направлениям ЖКХ;
- проведение инвентаризации и актуализация рыночной стоимости имущества, что позволит улучшить позиции предприятий отрасли в сделках по финансированию (предоставление имущества в залог);
- переход на долгосрочную модель ценообразования для возможности планирования и реализации долгосрочных инфраструктурных проектов и другие.

Определим условия, которые негативным образом влияют на развитие ЖКХ и модернизацию коммунального комплекса. Недостаточный уровень профессиональных компетенций персонала отрасли непосредственным образом сказывается на качестве оказываемых услуг населению, не позволяя провести квалифицированные преобразования в отрасли. Повысить уровень квалификации кадров возможно посредством продвижения института дополнительного образования для данной сферы. Такой подход позволяет решить ряд задач, но в целом не способствует кардинальному увеличению процента обеспеченности отрасли квалифицированными трудовыми ресурсами. Это обуславливается рядом причин: отсутствием кадровой политики и конкретных квалификационных требований к персоналу при приеме на работу, вследствие чего основной персонал отрасли не имеет профильного образования и опыта работы; низким уровнем оплаты труда персонала предприятий ЖКХ. Средняя зарплата специалистов ЖКХ в России в марте 2021 года составила 16 760 рублей; недостаточностью, или отсутствием в учреждениях образования учебных программ переподготовки работников сферы ЖКХ, соответствующих требованиям профессиональных стандартов (современным требованиям производства и организации труда); принцип тарифного регулирования не позволяет предусмотреть расходы на обучение (подготовку и

переподготовку) и независимую оценку квалификаций. [2] Структуры тарифов искажены и не отражают экономически обоснованных затрат коммунальных предприятий, процедура пересмотра тарифов отсутствует. Необходимо выделить и еще одну из определяющих причин низкого кадрового обеспечения сферы ЖКХ – непрестижность профессий данной отрасли, прежде всего, обусловленной низкой заработной платой по отношению к другим отраслям экономики региона. Значение труда специалистов в сфере ЖКХ недооценено и, как следствие, непрестижно. Между тем острая потребность отрасли в квалифицированных кадрах существует как в специалистах со среднетехническим, так и в специалистах с высшим профильным образованием. Таким образом можно выделить основные направления повышения эффективности работы отрасли, путем решения проблем в кадровой сфере:

- изучение потребности в подготовке специалистов на региональном уровне с учетом специфики других отраслей, нуждающихся в специалистах ЖКХ;

- формирование государственного задания на реализацию на основе потребности в профессиональных кадрах для отрасли с целью определения контрольных цифр приема по направлениям подготовки 38.03.10 «Жилищное хозяйство и коммунальная инфраструктура (бакалавриат)» и 38.04.10 «Жилищное хозяйство и коммунальная инфраструктура (магистратура)»;

- развитие системы повышения квалификации профессорско-преподавательского состава образовательных организаций, привлечение к преподавательской деятельности отраслевых экспертов;

- создание баз практик, как основы эффективной системы подготовки кадров, для обеспечения устойчивого функционирования объектов ЖКХ муниципальных образований;

- развитие и совершенствование механизма целевого обучения и приема на целевое обучение в части определения квоты приема по соответствующим направлениям и специальностям подготовки; - повышение престижа профессий в отрасли[3].

Консолидация усилий образовательных учреждений, работодателей, и органов власти различных уровней позволит существенно повысить эффективность подготовки и обеспечения кадрами предприятий ЖКХ.

Подводя итоги исследования, можно сказать, что нарастание кризисных тенденций в сфере жилищно-коммунального хозяйства является одним из основных факторов роста социальной напряженности как на государственном, так и на региональном уровнях страны, потому как динамика трансформации данной системы в Российской Федерации не соответствует темпам роста требований граждан к качеству жизни и комфортным экологическим условиям. Физический износ всех коммуникаций приводит к необходимости формирования эффективной инфраструктуры коммунального хозяйства и только после этого можно будет рассчитывать на экономическую эффективность субъектов коммунального комплекса. Именно поэтому реформирование и модернизация коммунального комплекса является важнейшим направлением социально-экономических преобразований.

Список литературы

1. Корепина Е.А., Дугарская Т.А. Актуальные проблемы кадрового потенциала на предприятиях в сфере жилищно-коммунального хозяйства // Государственная служба и кадры. – 2021. – №1.

2. Известия: официальный сайт. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://iz.ru/1139059/2021-03-19/eksperty-nazvali-samye-vostrebovannye-professii-v-sferezhhkh> (дата обращения: 31.03.2022)

3. Чернышов Л. Стратегия развития кадрового потенциала сферы ЖКХ до 2035 года // Коммунальный комплекс России. – 2019. – №9 (183). – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://xn--lbtbcv17a.xn--p1ai/assets/uploads/docs/elektronnaya-versiya-nomera-kkr9-2019.pdf>.

4. Отчеты о ходе реализации Государственной программы по развитию ЖКХ. – Текст: электронный. – URL: <https://www.mos.ru/dgkh/documents/razvitie-kommunalno-inzhenernoii-infrastruktury-i-energoberezhenie/> (дата обращения: 27.05.2022).

5. Стратегия развития жилищно-коммунальной сферы Российской Федерации до 2035 года. Проект Правительства Российской Федерации. URL: <https://www.gkhrazvitie.ru/media/174784/proekt-strategii-razvitiya-zhkh-do2035-goda.pdf> (дата обращения: 12.04.2022).

6. Жилищный кодекс Российской Федерации от 29.12.2004 N 188-ФЗ (ред. с изм. от 14.08.2022) (с изм. и доп., вступ. в силу с 01.01.2022) // СПС «КонсультантПлюс». – Текст: электронный. – UR: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_51057/ (дата обращения: 22.06.2022)

7. Стимулирование концессий в коммунальном хозяйстве // Фонд содействия реформированию ЖКХ. – Текст: электронный. – URL: <https://fondgkh.ru/napravleniya-deyatelnosti/modernizatsiya-kommunalnoy-infrastruktury/novosti-razdela/stimulirovanie-kontsessiy-v-kommunalnom-khozyaystve-kommunalnyy-kompleks-rossii-moskva-7-iyunya-2016/> (дата обращения: 08.03.2022).

Кәсіпорында еңбекақы төлеудің түрлері

Н.Б Давлетбаева¹, А.Елдос²

¹Профессор кафедры менеджмента

²«Менеджмент» мамандығы бойынша 2 курс магистранты
yeldosova@mail.ru

^{1,2}академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қаласы

Түйіндеме: Мақалада кәсіпорынның еңбекақы төлеу жүйесіне мән берілген. Яғни еңбекақының түрлеріне анықтама беріліп, олардың әрқайсысының негізгі ерекшеліктеріне талдау жасалған.

Кілт сөздер: кәсіпорын, еңбекақы, еңбекақы түрлері, тарифті жүйе

Еңбек ақы-еңбек міндеттемелеріне орындаудағы жұмысшыға белгіленген сыйы.

Әрбір қызметкерлердің ақысы, атқарылған жұмыстың мөлшеріне, сапасына байланысты жұмыс беруші тағайындайды және максимальды шектеумен шектелмейді.

Кәсіпорында екі түрлі еңбек ақы түрлерін ажыратуға болады:

Негізгі еңбек ақы-жұмысшылар мен қызметкерлердің нақтылы жұмыста болған уақытында яғни олардың істеген жұмысына, атқарған қызметіне премия мерекелік күндер, түнгі уақытысы, қосымша жұмыстар, қалыпты еңбек жағдайынан ауытқуымен байланысты қосымша ақы үшін негізгі еңбек ақы төленеді.

Қосымша еңбек ақы - дегеніміз, ол еңбек туралы заңға байланысты қызметкерлерге дәріханада істелінбеген уақытқа төленетін ақы. Олар негізгі және қосымша демалыс кездері, еметін жас балалар бар аналарға берілетін үзілістер, жас өспірімдерге берілетін жеңілдіктер, әскери жиындарда болған уақыттар және т.б.

Еңбек ақының төлену түрлері де екеу, олар: мерзімде төлеу кесімді, еңбекке кесімді ақы төлеу күнбе-күн, істеген күніне төлеу өнім санына қарай ақы алып істейтін.

Кесімді төлеу дегеніміз – ол қызметтің жасаған істердің немесе өнімнің сапасына және санына қарай отырып ақы төлеу. Еңбек ақының осылай төленуі көбінесе II категориялы дәріханаларда және дәріханалық киоскаларда істейтін қызметкерлер арасында қолданылады. Оларға сатылатын жалпы тауарлар құнының 16% және санитарлық- дезинфекциялық заттардың 3,5% беріледі.

Еңбек ақы төлеуді есепке алудың негізгі мақсаты – еңбек өтімділігінің арттыра отырып еңбек туралы заңның талаптарына сай жұмыс істеу. Ал міндеттері:

- жұмыс уақытын дұрыс пайдалануың және шығарылған өнімнің көлемін бақылау;
- қызметкерлерге еңбек ақының және т.б. төленетін ақшалардың тура және уақытылы берілуін қадағалау;
- еңбек ақы қорының дұрыс пайдалануын бақылау;
- еңбек ақыдан ұстанылатын ұсталымдардың дұрыстығын бақылау;
- ұсталымды уақытылы бюджетке аударуды бақылау;
- қызметкерлердің еңбекке жарамсыз уақытында алатын пособияның дұрыс төленуін қадағалау.

Қосымша еңбек ақы – еңбек ету заңдарынан сәйкес шарттарда қаралып белгіленген жұмысшылар мен қызметкерлердің жұмыста, қызметте болмаған уақытында төленетін төлемдер жатады. Оларға:

- жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбек демалысы үшін төленетін төлемдер;
- мемлекеттік, қоғамдық жұмыстарының атқарғаны үшін төленетін төлемдер;
- жас сәбилі аналарға берілетін демалысқа, баланы тамақтандыру үшін берілетін үзілістерге төленетін төлемдер;
- жас өспірімдердің қысқартылған жұмыс уақытына төлемдер;
- кінәсіз жұмыстың тоқтап қалған уақытында төленетін төлемдер.

Кәсіпорын еңбек ақы үш түрлі элементте анықталады: тарифті жүйе, еңбекті нормалау (тарифсіз жүйе), еңбек ақы формалары бойынша.

Тарифті жүйенің көмегімен жұмыстың барлық түрі күрделілігіне және көп еңбек сіңіруді қажет есетіндігіне қарай топтастырылады және жұмысшы қызметкерлерді мамандық дәрежесіне қарай тариф бойынша әртүрлі еңбек ақы мөлшері белгіленеді. Тарифте мамандықтар бойынша өндірістің қай саласында болмасын негізгі әрбір түріне жұмыстың күрделілігімен қаншалықты еңбек етуіне керекті ұқыптылық пен жауапкершілікке қарай берілген көрсетіледі.

Әртүрлі разрядтағы жұмыс пен жұмысшылардың еңбек ақысының тепе теңдігін көрсету, бір сағат немесе бір күндік ақысының көлемін көрсететін тарифтік сетка арқылы тарифтік жүйенің тарифтік ставкасын енгізеді.

Тарифтік ставка (оклад) – қызметкерлердің жұмысы уақытысында қалыпты (белгілі бір) жұмысты орындаудағы белгіленген төлем ақы.

Тарифтік сетка – бұл разряд теңдігінің шкаласы және оған енгізілген коэффициенті.

Тарифсіз жүйе – қызметкерлердің орындаған жұмысының нәтижесіне қарай еңбек ақысын белгілейді. Тарифсіз жүйе келесі белгілермен анықталады. Жұмысшы еңбек ақы деңгейімен еңбекақы фонды арасындағы байланыс жұмыстың ұжымдық нәтижелерін есептеу (бұл жағдайда тарифсіз жүйе еңбек ақы ұжым бойынша төлеу қаласына жатады), әрбір жұмысшыға тұрақты (тұрақты коэффициенттерді) оның квалификациялық деңгейімен жұмысшының еңбек әрекетіне, енгізілген жалпы нәтижелерінің еңбек кірісін жүйелі түрде анықтап кіргізіледі.

Әрбір жұмысшыға әрекетінің нәтижелеріне еңбектің қатысу коэффициентін жүргізеді. Ол жұмысшының квалификациялық деңгейін бағалауға қосымша мүмкіндік береді. Тарифсіз түрге: «Еңбек ақының тарифсіз жүйесі», еңбек ақының комиссиялық жүйесі кіші кәсіпорындарда еңбек ақыны ұйымдастыру жүйесі жатады.

Материалдық салада еңбек ететін адамдар мен бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдарда жұмыс істейтін қызметкерлердің жалақысы деңгейлерін жақындастыру үшін жаңа Бірыңғай тарифтік кесте белгіленді. Ол экономиканың барлық саласының қызметкерлерін қамтиды.

Бұл орайда разрядтар аумағы бұрынғысынша қалды - бірінші разрядтан 21 разрядқа дейін, алайда тарифтік коэффициенттер айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Мәселен, 2 кестеге сәйкес бұрын Бірыңғай тарифтік кестедегі бірінші разрядтың тарифтік коэффициенті - 2-ге, ал жиырма

бірінші разряд — 13,08-ге тең болса, жаңа тарифтік кесте бойынша олар тиісінше - 1 және 4,24-ті құрайды.

Бірыңғай тарифтік кестенің негізіне еңбекке ақы төлеудің принципті жаңа жүйесі алынған.

Бірыңғай тарифтік кестенің негізіне еңбекке ақы төлеудің принципті жаңа жүйесі алынған.

1993 жылдын 1 қаңтарынан бастап, бірыңғай тарифтік тор халық шаруашылығындағы қызметкерлердің барлық дәрежесіне қосылған болатын.

Бірыңғай тарифтік торда бірінші разрядтағы жұмысшылардан басталып, басшылардан аяқталатын, қызметкерлер разрядтарының тарифтік коэффициенттерінің мәтіні көрсетіледі.

Бірыңғай тарифтік торда 21 тарифтік разряд бар. 21 тарифтік разряд халық шаруашылығында жұмыс жасайтын барлық қызметкерлерге таратылады (Кесте 1). 21 тарифтік разряд шаруашылықтағы жүргізу нышанына, меншік нышанына және бюджеттік ұйымдарға тәуелсіз барлық кәсіпорындарға арналған:

- 1-8 разрядтар бойынша - жұмысшыларға төлемдер;
- -15 разрядтар бойынша - сызықтық қызметкерлер;
- 4-11 разрядтар бойынша - орта білімді мамандар;
- 7-15 разрядтар бойынша - жоғары білімді мамандар;
- 10-20 разрядтар бойынша - кәсіпорынның басшылары, бөлімдердің, функционалдық қызметтердің басшылары;
- 9-21 разрядтар бойынша - ғылыми қызметкерлер.

Жұмысшылардың дәрежесі халық шаруашылығының барлық саласындағы еңбек процесінде орындалған жалпы қызметтердің бағдарына байланысты болған соң, жұмысшылардың дәрежесі бір топта көрсетіледі.

Бюджеттік сала қызметкерлеріне тарифтік ставка немесе тиісті қызметке тағайындалғанда, төменгі еңбекақы мөлшері мен бірыңғай тарифтік сетка қолданылады [8].

Бірыңғай тарифтік сетка еңбекақы төлеудің 21 разрядына негізделіп, әр разряд бойынша өзіндік тарифтік коэффициент белгіленген.

Бірыңғай тарифтік сетка бойынша жұмысшылар мен мамандар 1 мен 8 разряд, ал қызметкерлер 2 мен 21 разряд бойынша тарификацияланады. Қызметкерлерді тарификациялау бірыңғай тарифтік мамандандырылған анықтама немесе мамандандырылған анықтама бойынша жүргізіледі.

Кесте 1

Бірыңғай тарифтік сетка

Еңбекақы төлеудің разрядтары	Тарифтік коэффициенттер	Еңбекақы төлеудің разрядтары	Тарифтік коэффициенттер
1	1,0	12	2,20
2	1,07	13	2,37
3	1,15	14	2,55
4	1,24	15	2,74
5	1,33	16	2,95
6	1,43	17	3,17
7	1,54	18	3,41
8	1,66	19	3,67
9	1,78	20	3,94
10	1,91	21	4,24
11	2,05		

Әр түрлі кәсіби маманданған қызметкерлер тобының тарифтік ставкасы мен қызмет ақысы, кәсіпорын бекіткен 1 разрядтық ставка бойынша, қызметке алушының төменгі еңбекақы көлемі кепіліне байланысты (1 разрядтық ставканың жоғары, бірақ төменгі еңбекақы мөлшерінен кем болмауы тиіс) және бірыңғай тарифтік сеткада бекітілген тарифтік мамандандырылған коэффициентке байланысты анықталады.

Тарифтік және тарифсіз жүйелік еңбек ақысы 2 түрге бөлінеді:

- мерзімді – ақы жасалған жұмыс уақытысымен, қызметкер квалификациясымен және еңбек жағдайы жасауына қарай;

- кесімді – бұл ақы өндірілген зат сапасына, көлеміне, жұмыс күрделігіне, еңбек жағдайына қарай.

Еңбек ақы төлеудің жаңа түрі - еңбек шарттары негізінде төлеу болып табылады. Келісім (шарт) - бұл жұмыс беруші мен жұмысшының арасындағы соңғысының жұмыс күшін қолдану мен сату – сатып алу туралы коммерциялық келісім. Бұл шарттың жұмысшылар, қатар атқарушылар, штатқа крімейтін жұмысшылар арасында жасалуы мүмкін. Келісім атқарылатын жұмыстың спецификасын, еңбек жағдайына байланысты жекеленуге мүмкіндік береді. Мұнда жұмысшының барлық міндеттерін элементтерге бөліп көрсеткен, оның қызметінің нәтижесі нақты көрсетілген. Келісім бойынша жалақыны төлеу еңбек нарығындағы конъюктураға, кәсіподақ саясатына, жұмысшының сапасына байланысты анықталады. Қысқа мерзімді келісімдерде (2-3 ай) еңбектің нәтижесіне байланысты төленеді, ал ұзақ мерзімді келісім жасасқанда оларды уақытылы (этап) төлеу мүмкін немесе ай сайын аванс төленеді. Шартта қаралмаған жұмыстарға қосымша төлемдер төленеді. Үнталандырушы ролді келісімде қаралған әлеуметтік кепілдер ойнайды. Заңды түрде белгілегенмен қатар кәсіпорын қаржысына қарай басқа да қосымша әлеуметтік қызметтер болуы мүмкін (демалысқа қосымша төлемдер, аруға байланыста төлем, транспорттық шығындарды өтеу т.б.). Еңбек мотивациясына шартта қаралған жауапкершілік әсер етеді, шарттарда орындамағаны үшін айыппұл, санкциялар, сыйақыны төмендету шартты бір жақты бұзуға дейін барады. Айта кету керек, дәстүрлі еңбек шартына қарағанда келісім-шарттық жүйе әр үшпен бес жыл аралық сайын қайта шартқа отыру керектігін қарастырады.

Қызметкерлермен еңбекақы бойынша есеп айырысуды реттейтін негізгі нормативті-құқықтық құжаттар төмендегі көрсетілген:

- Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (ерекше бөлімі);

- «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі»;

- «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;

- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (ерекше бөлімі);

- «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заң;

- «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңы.

Көріп отырғандай Қазақстан Республикасында еңбекақы бойынша есеп айырысуды нормативті құқықтық реттеу жоғарғы орынға қойылған. Еңбеккерлердің жұмыс уақыты, істеген жұмыстары үшін алатын төлемақылардың сомасы, жұмыс беруші мен жұмыскердің құқықтары мен міндеттері жоғарыда аталған заңдар негізінде жүргізіледі.

Сонымен, еңбек ақыны дұрыс ұйымдастыру өндірістік мәселелермен бірдей маңызды іс. Жалақыны ұйымдастырудың негізгі міндеті – еңбек ақыны әрбір жұмысшының еңбек үлесімен байланысты етіп, жұмысшының жұмысқа ынтасын арттыру болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. О.М.Жакупова,. Бухгалтерлікесеппринциптері 2. Оқу-тәжірибелікқұралы.-Қарағанды, 2011ж. 199 б.

2. Қ.К.Кеулімжаев, З.Н.Әжібаева, Н.А.Құдацбергенова, А.Н.Жантаева. Қаржылықесеп. Оқуқұралы.-Алматы: Экономика, 2011.-195 б.

3. Ержанов М.С., Ержанова А.М. «Основы бухгалтерского учета и корреспонденция счетов» Учебное пособие. Алматы «Ержанова и К» 2009г.

4. В.Л.Назарова.Шаруашылық субъектідегі бухгалтерлік есеп.2012 ж.-260б.

Этапы цифровой трансформации Казахстана

С.С. Дарибеков¹, Е.В. Нестеренко²

¹к.э.н., доцент, профессор кафедры менеджмента,

²магистрант 2-го года обучения по образовательной программе «Менеджмент»

seka28@mail.ru, honey.klub@bk.ru

^{1,2} Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, г.Караганда

Аннотация: Цифровая трансформация экономики — это вызовы и соответствующие угрозы для развития социально-экономических систем, обуславливая необходимость использования новых способов управления информационными потоками. В рамках цифровой трансформации используются технологии, которые позволяют повысить производительность и эффективность работы компании, улучшить качество обслуживания клиентов и обеспечить выполнение внутренних регламентов. Эти технологии не только обеспечивают быстрый доступ к информации и ее анализ, но и позволяют быстро внедрять изменения, а также контролировать их эффективность.

Ключевые слова: цифровая трансформация, цифровая экономика, цифровизация

Цифровую трансформацию стоит рассматривать как стратегический вызов. Социальные, экономические и иные процессы набирают актуальность в связи с реализацией социальных, экономических, политических, культурных, общественных процессов. Цифровизация - это тенденция, характеризующая эволюцию цифрового мира и связанная с тем, что цифровые технологии оказывают все более глубокое влияние на все аспекты нашей жизни. В этом смысле цифровая трансформация представляет собой движение от обычных технологий к новым, цифровым технологиям, которые в корне преобразуют все сферы деятельности экономики.

Цифровизация играет важную роль в науке, технике, экономике и управлении. Они повышают скорость и эффективность научных исследований, способствуют развитию новых отраслей, позволяют делать точные прогнозы и предсказывать тенденции развития. В то же время развитие цифровых технологий ведет к ряду рисков, в том числе к потере конфиденциальности и безопасности информации, росту объемов и сложности данных. Эти риски, которые нельзя полностью исключить, могут привести к значительным убыткам, поэтому возникает необходимость поддержки со стороны государства.

За последние годы Казахстан сумел добиться значительных успехов в цифровизации экономики. Казахстан расположился на 33 строчке в рейтинге индекса развития электронного управления по данным ООН. Индекс охватывает такие индикаторы, как уровень образования, численность населения трудоспособных возрастов и уровень квалификации. Показателями телекоммуникационной инфраструктуры являются доступ к Интернету, количество сотовых абонентов на 100 человек и проникновение сотовой связи. Онлайн-услуги: например, почта, поиск, социальные сети и т.д. Казахстан стремится улучшить качество услуг, используя цифровые технологии.

Сайт eGov.kz начинает работать в Казахстане в 2006 году и дает возможность получить госуслуги в электронном формате.

В 2010 году госзакупки оцифровывают на сайте Goszakup.gov.kz. Поставщики могут зарегистрироваться в системе и подавать заявки на участие в режиме онлайн.

2011 год ассоциируется с созданием единого платежного шлюза - это система, позволяющая государственным органам и банкам осуществлять денежные переводы между собой и получать необходимую информацию посредством интеграции.

В 2012 году реализован проект «Государственная база «Е-лицензирование» Elicense.kz для упрощения процедуры лицензирования и разрешительной документации для бизнеса и обеспечения эффективного, прозрачного механизма информационного взаимодействия госорганов и бизнеса по уполномоченным вопросам.

С 2013 года регистрация юридических лиц производится в электронном формате на портале электронного Правительства eGov.kz.

В 2014 году Office.sud.kz создан единый онлайн портал, на котором можно подать онлайн заявление в суд, написать жалобу, узнать о готовности документов, ознакомиться с судебными решениями и т.д.

В 2015 году разработана единая медицинская онлайн система с реализацией функций «Вызов врача на дом», «Запись на прием к врачу» и «Прикрепление к медицинской организации».

В 2016 году разработан сайт «Открытое правительство», где можно найти информацию о работе органов государственной власти, их мероприятиях и результатах.

В 2017 году была создана программа «Цифровой Казахстан». Проект нацелен на использование информационных систем и технологий для повышения качества жизни граждан, совершенствования прозрачности услуг и повышения инвестиционной привлекательности с применением информационных технологий [1].

Таблица 1

Данные по мониторингу государственной программы "Цифровой Казахстан"

Показатель	Ед. измерения	Периодичность формирования	2018	2019	2020	2021
Доля электронной торговли в общем объеме розничной торговли	%	годовая	1,4	1,8	4,1	3,6
Доля пользователей сети Интернет	%	годовая	81,3	84,2	88,2	92,9
Уровень цифровой грамотности населения	%	годовая	79,6	82,1	84,1	87,3
Прирост количества онлайн заказов в розничной торговле (к 2016 году)	%	годовая	56,8	68,4	477,0	195,6
Уровень проникновения домашних сетей широкополосного доступа в Интернет	%	годовая	83,9	86,8	90,6	93,7
Рост производительности труда по секции «Горнодобывающая промышленность и разработка карьеров» (к 2016 году), %	%	годовая	111,1	117,1	113,7	115,4
Рост производительности труда по секции «Транспорт и складирование» (к 2016 году), %	%	годовая	108,7	112,2	89,6	99,7
Рост производительности труда по секции «Сельское, лесное и рыбное хозяйство» (к 2016 году)	%	годовая	124,9	129,6	136,3	134,1
Рост производительности труда по секции «Обрабатывающая промышленность» (к 2016 году), %	%	годовая	108,5	114,3	119,2	124,0
Доля крупных и средних предприятий промышленности, использующих цифровые технологии	%	годовая	-	5,9	7,8	9,9
Примечание - источник [2]						

В 2022 году Министерством торговли и интеграции Республики Казахстан запущен проект «Школа электронной коммерции» Ecommerce.jumysbar.kz, который предназначен для развития навыков и умений в электронной коммерции для представителей малого и среднего бизнеса.

К концу 2022 года планируется внедрить единый стандарт для оплаты QR-кодом, что позволит снизить затраты, связанные с оплатой услуг по использованию POS-терминала, а также принимать оплату, используя любой банк [3].

Проводимые цифровые мероприятия направлены на обеспечение устойчивости экономической безопасности, снижению расходов путем оптимизации и совершенствования бизнес-процессов. Развитие доверия — важнейшее условие эффективного взаимодействия в эпоху цифровизации. Для развития цифровой безопасности важно сотрудничество власти, бизнеса и общественных организаций. Важно определить роль цифровой экономики в обеспечении экономической безопасности государства и бизнеса, а также оценить степень ее влияния на экономические и социальные процессы.

Список литературы

1. Digital Kazakhstan [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://digitalkz.kz> (Дата обращения: 28.09.2022).
2. Бюро национальной статистики агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://stat.gov.kz> (Дата обращения: 28.09.2022).
3. Министерство торговли и интеграции Республики Казахстан [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mti?lang=ru> (Дата обращения: 28.09.2022).

Қазақстандағы шағын бизнестің дамуын тежейтін мәселелер

С.К. Ержанова¹, Б.К. Спанова², Р. Ержанұлы³

¹экономика ғылымдарының кандидаты, Менеджмент кафедрасының профессоры

²PhD, Экономикалық теория және МЖБ кафедрасының доценті

ГМУ-31 тобының 3 курс студенті

salta_27@mail.ru

^{1,3}академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды

²Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды

Аннотация: Мақалада Қазақстандағы шағын бизнестің дамуын тежейтін мәселелер қарастырылған. Шағын кәсіпкерлікті дамытуға теріс әсер ететін басқа фактор шағын кәсіпкерлік қызметін реттейтін елдің заңнамасында бар нормалардың жетілмегендігі немесе нақты нормалардың болмауы болып табылады.

Кілт сөздер: кәсіпкерлік, шағын бизнес, инвестиция, қаражат, кедергі, тұтынушылар, несие.


Шағын кәсіпкерлікті дамытуға кедергі келтіретін неғұрлым күрделі проблемалардың бірі субъектілердің басым бөлігінде меншікті инвестициялық және айналым қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаржы ресурстарының болмауы болып табылады. Банкер шағын кәсіпкерліктің кепіл қабілеттілігінің төмен болуына байланысты қарыздар бойынша пайыздық ставканы ұлғайту жолымен тәуекелдің құнын кредиттерге ауыстыруға мәжбүр.

Сонымен қатар, шағын бизнес кәсіпорындарының қормен жарактануының жеткіліксіз деңгейі оның еңбек өнімділігінің төмендігінен шағын кәсіпкерлік секторының экономикалық тиімділігін арттыруға ықпал етпейді және негізгі құралдардың кепілдігімен шағын кәсіпкерлікті несиелендіруді тежейді.

Осы себепті бірнеше жыл бойы кәсіпкерлер үшін сауда-делдалдық қызмет жеке қаржы қаражатын жинақтаудың жалғыз қолжетімді әдісі болып қала береді. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің сауда саласындағы тауарларды, қызметтерді сатудан түсетін табысы өздері алған табыстың жалпы көлемінің 60% - нан астамын құрайды [1].

Шағын кәсіпкерлікті дамытуға теріс әсер ететін басқа фактор шағын кәсіпкерлік қызметін реттейтін елдің заңнамасында бар нормалардың жетілмегендігі немесе нақты нормалардың болмауы болып табылады, бұл әкімшілік кедергілердің ұлғаюына әкеп соғады. Шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының жеткіліксіз үйлестірілуі нарыққа кіру кезінде сыртқы және ішкі ортадағы барлық контрагенттермен қарым-қатынасты жолға қою және қолдау қажеттігіне байланысты кәсіпкер үлкен шығындарға алып келді. Сыртқы – бұл мемлекеттік органдармен, қаржы-несие ұйымдарымен, жеткізушілермен, тұтынушылармен және бәсекелестермен өзара қарым-қатынас; ішкі-қызмет түрін және ұйымдық-құқықтық нысанын таңдау; қажетті мөлшерде жарғылық капиталды қалыптастыру; кадрларды іріктеу және персоналды басқару; әріптестер командасын іздеу және нарықты білу.

Көптеген өңірлерде кәсіпкерлердің біліктілігі мен оларды оқыту проблемалары шешілмей келе жатыр. Инженерлік-техникалық және жұмысшы мамандықтар саласында шағын бизнес үшін білікті кадрлардың тапшылығы байқалады. Осыған байланысты алдыңғы жылдардың тәжірибесі негізінде шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі жұмысты жүйелеу жолымен экономикалық, құқықтық және институционалдық-құрылымдық реформаларды тереңдету қажеттігі неғұрлым өзекті болып табылады.



Сурет 1. Кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіретін мәселелердің рейтингі, %

Е с к е р т у – Дереккөзі [1]

Сауалнама көрсеткендей, отандық кәсіпкерліктің аса өзекті проблемаларының рейтингіне жосықсыз бәсекелестік (12,7%), әкімшілік кедергілер (13,8%), білікті кадрлардың жетіспеушілігі (11,3%) және сыбайлас жемқорлық (9,6%) кірді.

Сарапшылар жақын болашақта бәсекелестікті күшейту отандық бизнестің басты проблемаларының бірі болады деп келіседі.

Сондай-ақ, шағын және орта бизнестің төмен қаржылық тартымдылығының басты іргелі себебі қаржылық сауаттылықтың әлсіздігі және тиісінше инвестициялық ұсыныстардың төмен сапасы (жобалардың пысықталмауы, стратегиялық жоспарлаудың және ұзақ мерзімді жобаларды іске асырудың нашар тәжірибесі) болып табылады.

Жоғарыда аталған проблемаларды шешу үшін Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда. Осы бағдарлама шеңберінде ЕДБ жаңа және қолданыстағы кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау түрінде қолдау көрсету, ЕДБ банктерінің кредиттеріне кепілдік беру, қажетті өндірістік инфрақұрылымды дамыту, сервистік қызметтер көрсету және кадрларды даярлау және қайта даярлау қарастырылған, сондай-ақ ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге қаржылық және қаржылық емес қолдау көрсетіледі.

Бүгінгі таңда шағын кәсіпкерлікті Қазақстан экономикасын дамытуда негізгі позицияға ие болғанын атап өтуге болады: ол халықты жұмыспен қамту проблемасын шешуге, нарықты отандық тауарлармен және қызметтермен толтыруға, бәсекелестік ортаны қалыптастыруға ықпал етеді. Шағын және орта кәсіпкерлік Қазақстанның экономикалық дамуы мен өркендеуінің тірегі болды.

Қазақстандағы шағын кәсіпкерліктің экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық мәселерді шешудегі өсу қарқынына қарағанда оның артықшылықтары мен кемшіліктері де бар (кесте).

Кесте 1

Шағын кәсіпкерліктің артықшылықтары мен кемшіліктері, SWOT-талдау

Артықшылықтары	Кемшіліктері
ШК ұйымына үлкен көлемдегі өндіріс пен қызметкерлер саны талап етілмейді	Едәуір жоғары тәуекел деңгейінің нәтижесінде нарықтағы тұрақсыз жағдайға әкелуі
Маркетингтік зерттеулер нәтижесінде нақты тұтынушылар тапсырмасын өндіру және орындауы	Құқықтық базасының толық жетілмеуіне шетел нарығына шығу ауырлықтары
Қосымша жұмыс орынмен қамтамасыз ету мүмкіндігі, жұмыссыздық деңгейінің төмендету, халық әл-ауқатын жоғарылату	Ірі кәсіпорындармен тығыз байланыстың нәтижесіндегі нарықтағы тұрақсыз жағдайға әкелуі
Экономикадағы мемлекеттік сектордың төмен пайдалы және шығынды кәсіпорындардың сатып алу немесе жалға алу нәтижесінде босатылуы	Жалға алынған ғимарат үшін төленетін ақының жоғарлануы
Тез аралық қызмет нәтижесіне жету мүмкіндігі бар	
ШК субъектілерін жергілікті нарық сұраныс деңгейін толық білулері	
Салынған қаражаттардың жоғары айналымдылығы	
Қабылданған шешімдерді жүзеге асыру икемділігі мен оперативтілігі	
Е с к е р т у – Дереккөзі [2]	

Сонымен қатар, елдегі шағын бизнестің тиімді дамуын тежейтін белгілі бір проблемалар әлі де орын алып отырғанын атап өту қажет:

- бизнесті құру және жүргізу кезінде кәсіпкерлер ұстануға тиіс күрделі және ашық емес рәсімдер;

- заңнамалық базаның жетілмегендігі, артық лицензиялау, ашық емес лицензиялық жүйе, жағынан реттеудің төмен тиімділігімен қатар әкімшілік кедергілер

- сондай - ақ, заңнаманың бюрократиялық және формальды нормалары бөлігінде артық орын алады.

Қазақстанда шағын және орта бизнестің дамуы қатаң рұқсат беру жүйесімен ғана емес, артық тексерулермен де тежеледі. Сондай-ақ, бақылау-қадағалау органдары жұмысының тиімділігін бағалаудың қазіргі тәжірибесі анықталған бұзушылықтар мен салынған айыппұлдардың санына тікелей байланысты және бұзушылықтардың алдын алуға бағытталмаған.

Осылайша, шағын және орта кәсіпорындардың қызметін мемлекеттік реттеу мен бақылаудың қолданыстағы жүйесі олардың одан әрі дамуы мен өсуіне кедергі келтіреді. Сондықтан Қазақстанда бизнес-ахуалды жақсарту мақсатында мемлекеттік әкімшілендіруді оңтайландыру мәселесі экономикалық өсу және шағын және орта кәсіпкерлікті одан әрі дамыту үшін өте маңызды болып отыр.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мынадай негізгі бағыттар бойынша кәсіпкерлікті тиімді дамыту үшін заңнамалық және институционалдық сипаттағы қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Қазақстанда белсенді кәсіпкерлер саны жеткілікті, бірақ оларға экспорттық әлеуеті бар бәсекеге қабілетті өнім шығаруға қабілетті жаңа технологияларды игеру үшін ұзақ мерзімді кредиттер мен инвестициялар тартуға нақты көмек көрсету қажет. Бірінші кезекте, соңғы қарыз алушы үшін, оның ішінде мемлекеттік бюджеттен пайыздық ставканы төмендету жолымен ұзақ мерзімді кредиттік ресурстардың қолжетімділігін қамтамасыз ету қажет.

Әкімшілік кедергілердің санын қысқарту қажет. Бірінші кезектегі шаралар ретінде лицензиялауға жататын кәсіпкерлік қызмет түрлерінің санын азайту, қызметтер үшін лицензиялық алымдар мен төлемдердің мөлшерін азайту ұсынылады.

Әкімшілік ету жүйесін жетілдіру қажет салық салу. Шағын және орта бизнес кәсіпорындарына қойылатын міндетті қымбат тұратын аудиторлық тексерулер немесе есептілікке қойылатын талаптар сияқты белгілі бір техникалық талаптарды оңайлатудан басқа, салық ережелерін қолданудағы тұрақтылық пен реттілікке және кәсіпкерлердің осы ережелер туралы көбірек хабардар болуына ұмтылу қажет.

Кәсіпкерлердің лизинг қызметтеріне кең қол жеткізуін қамтамасыз ету (жаңа технологиялық жабдықтар, өндірістік ғимараттар және ұйымдастыру техникасы) [3].

Өз бизнесін сауатты жүргізу үшін кәсіпкерлерді даярлау және қайта даярлау орталықтарының желісін дамыту. Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың коммерциялық емес консалтингтік орталықтарын құру қажет.

Отандық өндірісті қолдауға бағытталған нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Сонымен, Қазақстанда шағын кәсіпкерлікті жүргізудің негізгі мәселелерін анықтадық. Бұл проблемаларды мемлекеттің қатысуынсыз шешу іс жүзінде мүмкін емес, сондықтан жүргізілген талдаудың қорытындысы Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамыту перспективаларын мемлекет белсенді қолдауда екенін растайды. Мемлекеттік қолдау шеңберінде бірқатар бағдарламалар әзірленді және шағын бизнесті дамытуға ықпал ететін бірқатар инфрақұрылым институттары құрылды. Осы бағдарламалардың бағыттары шағын бизнестің қаржылық капиталдың жетіспеушілігі сияқты проблемасын жоюға, сондай-ақ қаржылық емес іс-шаралар бизнесті қалыпты ақпараттық қамтамасыз етуге, сондай-ақ кәсіпкерлердің білім деңгейін арттыруға, бизнесті жүргізу бойынша консультациялар жүргізуге мүмкіндік береді.

Осылайша, Қазақстанда шағын бизнесті дамытудың келесі перспективаларын анықтауға болады:

- бизнесті жеңілдетілген несие мөлшерлемелері бойынша қаржыландыру;
- басым салаларды инвестициялау;
- экспортқа бағдарланған өндірістерді қолдау.
- бизнес инфрақұрылымын дамыту;
- жаңа бизнес-бастамаларды қолдау.

Кәсіпкерлер тарапынан Қазақстанда бизнесті дамыту үшін олардың жобаларға белсенді қатысуы, инновациялық қызметті дамытуға ынтасы мен ұмтылуы талап етіледі.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Дүйсенбаев К.Ш. «Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау», Оқу құралы, 2021 ж. - 24б.
- 2 Есентүгелов А. «Экономика өркендетуге бет алды» // Ақиқат, 2019 ж, №5. 46-49 б.
- 3 Мейірбеков А.Қ. «Кәсіпорын экономикасы», оқу құралы, Алматы: экономика, 2018 ж. 5б.

Keң таралған пайдалы қазбаларды геологиялық зерттеуді, барлауды және өндіруді мемлекеттік реттеу жай-күйіне шолу

О.Ж. Едигеев

Басқару институты, «Мемлекеттік саясат» мамандығы бойынша 2 курс магистранты
os.edigeev@mail.ru

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы,
Астана қаласы

Түйіндеме: берілген мақалада кең таралған пайдалы қазбаларды геологиялық зерттеуді, барлауды және өндіруді мемлекеттік реттеу жай-күйі сипатталған.

Кең таралған пайдалы қазбаларды геологиялық зерттеуді, барлауды және өндіруді мемлекеттік реттеудің ағымдағы жағдайы және мемлекеттік қолдау тетіктері, соған қатысты ұсыныстар көрсетілген. Жер қойнауын игеруде және өндіру барысындағы экологиялық талаптарды сақтау бойынша ұсыныстар берілген.

Кілт сөздер: кең таралған пайдалы қазбаларды геологиялық зерттеуді, барлауды және өндіруді мемлекеттік реттеу, экология, жергілікті атқарушы орган.

Мақала мәтіні Шетпе ауылы маңынан құрылыс тасты (щебень) өндіру бойынша тақырыптың өзектілігі.

Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы маңынан құрылыс тасты (щебень) өндіру, Ақтау қаласы құрылысының қажеттілігін өтеу мақсатында бұдан 50 жылдай бұрын басталған.

Қазіргі кезде, облыс аумағындағы транспорттық логистиканың, құрылыс саласының қарқынды дамуына байланысты құрылыс тасына деген сұраныс артып, аталған аумақта бірнеше оңдаған карьерлер пайда болды.

Кен орнының қарқынды игерілуі, 2012-2014 жылдан, Бейнеу-Ақтау, Ақтау-Жаңаөзен республикалық деңгейдегі тас жолдарының құрылысына, облыс аумағында құрылыс саласының дамуына байланысты болып отыр. Кен орнын қарқынды игерудің салдары, шаң тозаңның көбеюіне, тас уату үшін жарылыстардың жиілігіне әкеліп соғуда. Өз кезегінде шаң тозаңдар, жарылыстар ауыл тұрғындарына қолайсыз жағдайлар туғызуда.

Осыған байланысты облыс, аудан әкімдігімен 2020 жылдың басынан бастап, шаң тозаң әсерін төмендетуге, сонымен бірге карьерлердің жұмыстарын реттеуге, мемлекеттік

бағдарламалардың аясында жүргізіліп жатырған құрылыстарға кедергі келтірмеуге бағытталған шаралар алынууда.

Талқылау және қорытындылар

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерге сәйкес, елімізде кең таралған пайдалы қазбаларды геологиялық зерттеуді, барлауды және өндіру саласының ағымдағы жағдайы және даму перспективасы жаман емес. Алайда, экономиканың тұрақты дамуына, бюджет түсімдерін азайтпай, өндірісті тоқтатпай тиісті іс шараларды алу, сонымен қатар жергілікті тұрғындар арасында наразылық көңіл күйлерді болдырмауды, экологиялық және өндірістік қауіпсіздік салдарын алдын ала жұмыс жасау үшін әлде де мемлекет пен бизнес ортасы тарапынан көптеген жұмыстар жүргізу қажет. Нақты айтқанда келесі бағыттарда жұмыстарды жандандыру қажет: Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданына қарасты аумақта кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру барысында орын алып жатырған мәселелер бойынша жұмыстар негізге алынуы керек. Сонымен қатар барлау және өндіру саласында келесідей ұсыныстар келтірілді.

Маңғыстау облысы тұрғындарымен жерқойнауын пайдаланушылар арасындағы орын алып жатырған мәселелерді түсіндіру және әлеуметтік шиеліністің алдын-алу мақсатында жасақталған кең таралған пайдалы қазбаларды ресімдеу және игеру кезіндегі алгоритмімен және одан туындайтын қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілер бойынша келтірілген ұсыныстар

- Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия беру алгоритмі
- Кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге лицензия беру алгоритмі
- Жерді табыстау және оның пайдаланылуын бақылау тәртібі
- «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің талаптарына сәйкес:

Кәсіпкерлердің пайдалы қазбаларды карьерлерден өндіру барысында, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған заң талаптарын бұзуына байланысты, елді мекендер аймағында шаң тозаңның көтерілуі экологиялық жағдайдың нашарлауы бірнеше жылдардан бері халықтың наразылығын тудырғанына байланысты, «Карьерлерді пайдалануға беру және рекультивациялық жұмыстар бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы» облыс көлемінде кәсіпкерлерге пайдалы қазбаларды барлау және өндіруге берілген кәсіпкерлер тарапынан міндеттемелерін орындау, келісім-шарттары аяқталған уақытта жер учаскелерін қалпына келтіріп, мемлекетке кері қайтару бойынша жұмыстарды қадағалау мақсатында, жұмыстарды үйлестіру үшін нақты алгоритм дайындау және қолданыстағы заңнамаға өзгеріс енгізу бойынша келесідей ұсыныс келтірдім.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодексіне сәйкес, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды реттеу мен мемлекеттік бақылауды және кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензиялар шарттарының сақталуын бақылауды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады делінген.

Қазіргі уақытта, жер қойнауын барлауға арналған лицензияны беру, оның қорларын бекіту жұмыстары ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі арқылы жүргізіледі. Осы жұмыстардың негізінде жергілікті атқарушы орган өндіруге арналған лицензияны беру және рәсімдеу жұмыстарын атқарады.

27.12.2017 жылғы ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодексінің 25-бабында елді мекендер жерлерінің аумағында және оларға бір мың метр қашықтықта іргелес жатқан аумақтарда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізуге тиым салынады делінген (Бұл бапты қадағалайтын қай министрлікке келсек, қазіргі уақытта «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 65-бабының 2) тармақшасымен 67-бабының 1 бөлігінде көзделген нормалар бір-біріне қарама-қайшы болуы себепті НҚА айқындалмаған және мемлекеттік тілдегі және орыс тілдегі Кодекс баптарының бір тектілігі (аутентичность) сақталмаған).

Жалпы, пайдалы қатты қазбаларды, көмірсутектер және уранды барлау және өндіру бойынша, қазіргі кезде бірнеше орталық атқарушы органдардың функцияларында қарастырылған.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі және жергілікті атқарушы органдар.

Сонымен қатар мемлекеттік бақылауда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасы талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды мемлекеттік органдар өз құзыреттеріне сәйкес мынадай салаларда:

1) жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласында;

2) көмірсутектер және уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу саласында жүзеге асырады делінген (67-бап «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі).

Салалас қызмет түрлері бір органда кешенді қаралмағандықтан немесе бір органда шоғырланбауына байланысты, функциялар, заңды іске асыру ресімдеу және қадағалау әртүрлі жолмен жүргізілуі себепті жүйеленбеген, яғни Қазақстан Республикасының экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Геология комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын өндіру, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану, жер қойнауын мемлекеттік басқару салаларындағы Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ведомствосы болуына орай, жоғарыда келтірілген пайдалы қатты қазбаларды, көмірсутектер және уранды барлау бойынша функцияларды осы органға бере отырып, жүйелендіру қажет деп пайымдаймын. Себебі мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасы бірыңғай операторы «Геология комитеті» болып табылады.

Ал, қатты пайдалану қазбалары (оның ішінде кең таралған пайдалы қазбалар) өндіру бойынша жұмыстарды, қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізе отырып жергілікті атқарушы органдарда қалуы тиіс.

Осыған орай келесідей ұсыныстармен пікірлер енгізу қажет деп ойлаймын:

- «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 25-бабындағы 1 тармақтың 2) тармақшасындағы елді мекендер жерлерінің аумағында және оларға бір мың метр қашықтықта іргелес жатқан аумақтарда сөйлемдегі, бір мың метр қашықтықта сөздерін елді мекен шекарасынан 5 мың метр қашықтықта сөзімен ауыстыра отырып қабылдануы қажет (Маңғыстау облысы әкімдігімен Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің келісіп бекітілген Маңғыстау облысының экологиялық мәселелерін кешенді шешу бойынша жол картасының 3 тармағы негізінде).

- «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 65-бабының 2) тармақшасымен 67-бабының 1 бөлігінде көзделген нормалар бір-біріне қарама-қайшы болуы себепті НҚА айқындалмаған және мемлекеттік тілдегі және орыс тілдегі Кодекс баптарының бір тектілігін (аутентичность) сәйкестендіру қажет.

Себебі, жергілікті атқарушы органның (кең таралған пайдалы қазбалар бойынша келісімшарт және лицензия тараптары) жалпы құзіретінде кәсіпкерлік кодекстің талаптарына сәйкес бақылау қадағалау және айыппұл салу көзделмегендіктен Геология комитетіне қарасты «Ақтөбе қаласындағы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің «Батысқазжерқойнауы» Батыс Қазақстан өңіраралық геология және жер қойнауын пайдалану департаменті» мемлекеттік мекемесі Атырау, Манғыстау, Ақтөбе және Батыс Қазақстан аумақтарында мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын өндіру, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану, жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару салаларында қызметтерді жүзеге асыратын «Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар

министрлігі Геология комитеті» мемлекеттік мекемесінің аумақтық бөлімшелеріне жүктелуі тиіс.

- 27-тарауға. Пайдалы қатты қазбаларды барлау және пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия бойынша оның иесінің пайдалы қатты қазбалар кен орындарын іздестіруді және одан әрі өндіру үшін олардың ресурстарын және қорларын бағалауды қамтитын пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу мақсатында жер қойнауы учаскесін пайдалануға құқық рәсімдер алдында міндетті түрде жергілікті атқарушы органның елді мекен шекарасынан болашақ пайдалы қатты қазбаларды өндіру учаскесінің орналаспайтындығы немесе оның елді мекен шекарасынан тыс жерде орналастындығы туралы анықтама берілуі тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасының Конституциясы» 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды;
2. Қазақстан Республикасының «Жер кодексі» 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Кодексі;
3. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ;
4. Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 125-VI ҚРЗ;
5. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығы;
6. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-uzo?lang=kk>

Жастар саясатын мемлекеттік қолдау

З.А.Ескерова¹, С.Б.Жеңісбай²

¹Менеджмент кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м

²«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша 4 курс студенті
zimirra_e@mail.ru, zhenisbais@mail.ru

^{1,2} академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Жастар мемлекеттің негізгі қозғаушы күші, құнды стратегиялық және кадрлық ресурсы ретінде анықталынады. Жастардың жаһандық трендтерді есепке ала отырып, бәсекеге қабілетті болуына алып келетін идеялар мен мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жастардың мәселелері және оны шешудегі мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілген. Жалпы, мақалада жастар саясаты мемлекеттік басқару жүйесінің дамытудағы маңызды құраушысы ретінде қарастырылды.

Кілт сөздер: жастар, жастар саясаты, жастар мәселесі, мемлекет, мемлекеттік басқару, мемлекеттік қолдау

Еліміздің тарихында жаңа кезең басталды – Қазақстан тәуелсіздік алғалы 30 жылдай уақыт өтті. Осы кезеңде елдің экономикалық және қоғамдық-саяси салаларында елеулі өзгерістер болды, оған дәлел ретінде жастар саясатындағы ауқымды реформалар болып табылады.

Кез-келген елдің болашағы – ол жастар екенін бізге мәлім. Өйткені олар мемлекеттің негізгі қозғаушы күші, құнды стратегиялық және кадрлық ресурсы ретінде анықталынады.

Сондықтан жастар саясаты мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Ол жастардың табысты әлеуметтенуі мен шешім қабылдауға толыққанды қатысуы үшін, сондай-ақ олардың рухани, мәдени, білім беру, кәсіби және физикалық дамуы үшін барлық қажетті жағдайларды жасауға арналған. Мысалы, жастар саясатын мемлекеттік қолдау, әрине, ол мемлекеттің заңнамалық базасына негізделеді. Жалпы, жастар саясаты жөніндегі бірінші нормативтік құқықтық құжат 1991 жылғы 28 маусымдағы «Қазақ КСР-індегі мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақ КСР Заңы болған. Қазақстан Республикасында жастар саясаты екі тұжырымдамаға (1999 және 2013 жылдар) негізделеді. 2015 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР заңы қабылданды. Заңды іске асыру үшін жастар ресурстық орталықтарының қызметін, республикалық және өңірлік жастар форумдарын өткізуді регламенттейтін бірқатар нормативтік-құқықтық құжат қабылданды. Ал 2021 жылы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі қолданыстағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңға бірнеше негізгі өзгеріс енгізу бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Жоғарыда, атап аталған құжаттарда мемлекеттік жастар саясатын дамытудың негізгі бағыттары: жастардың бойында патриотизмді қалыптастыру; әлеуметтік құқық, қоғамдық бастамаларды қолдау; жан-жақты дамуға жағдай жасау; жастардың халықаралық мәдени, білім беру процестеріне қатысуы тұжырымдалды [1].

Жалпы, Мемлекет басшысы ұлттық мүдде мен мемлекетке адал жас ұрпақтың қалыптасуы мәселесіне ерекше назар аударуда. Осындай мақсаттарды жүзеге асыруға, біздің мемлекетіміз, яғни Жаңа Қазақстан – жастардың жаһандық трендтерді ұстана отырып, табысты шындалуына, әлемдік және ұлттық кеңістікте бәсекеге қабілетті болуына идеялар мен мүмкіндіктер сыйлайтын кеңістігіне айналды.

Мемлекеттік жастар саясатын тиімді және сапалы жүзеге асыру үшін қолдау ең алдымен жастардың мәселесін шешу керек. Жастар саясатын қалыптастыру кезінде жастардың қалауы мен сұранысын да ескерген маңызды. Қазақстандық жастардың пікірінше, мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда бірінші кезекте жұмысқа тұрғызуға (31,1%), жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз етуге (29,7%), сондай-ақ білімге қол жеткізу мүмкіндігі мен оның сапасын арттыру мәселелеріне (15,6%) де назар аудару қажет. Ол 1 суретте көрсетілген.



Сурет 1. Жастар саясатындағы маңызды мәселелер


Жастар саясатын іске асыруда өзекті мәселе - жастар арасындағы жұмыссыздықты мысалға келтіретін болсақ, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 2021 жылдың қорытындысы бойынша 77,5 мың адамға дейін төмендеді. Яғни базистік жылмен салыстырғанда шамамен 2% төмендеді (2 суретте көрсетілген).



Сурет 2. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі (мың адам)

Суретте көрсетілгендей, 2020 жылы елімізде 15–28 жас аралығындағы жұмыссыз жастар саны 80,4 мың адам (бұл алдыңғы жылғыға қарағанда 1,7% артық), ал жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,8% болды. 2021 жылдың екінші тоқсанында бұл көрсеткіш біршама төмендеді (77,5 мың адамға дейін). Соған қарамастан, халықтың осы тобындағы жұмыссыздықтың қазіргі ауқымы ол топтың еңбек нарығындағы тұрақсыз жағдайын көрсетеді. Сонымен қатар, жұмыссыздықтың арта түсуінің себептерінің бірі ол жас жұмыс күшінің ұтқырлығы жұмысқа тұру проблемаларын күшеюде.

Осы мәселелерді шешу үшін мемлекет жөнінде белсенді, бірқатар жұмыс жүргізіп, түрлі бағдарлама мен жобалар іске асырылып жатыр. Мәселен, сауалнама нәтижелері бойынша мемлекеттік бағдарламаларға қатысатын жастар саны 2,3%-9,9% арасында құбылып тұр. Бәрінен көп қатысу жұмысқа тұруға байланысты бастамалардан байқалады. Мәселен, «Жастар тәжірибесіне» жастардың 9,9%, ал «Жасыл ел» бағдарламасына 9,2% қатысқан. Жалпы, жастардың мемлекеттік бағдарламаларға қатысу үлесін толығымен 3 суретте көрсетілген.



Дереккөзі: «Жастар» F3O, 2021

Сурет 3. Жастардың мемлекеттік бағдарламаларға қатысу үлесі

Жастар саясатын мемлекеттік қолдау жүзеге асырылып жатыр, бірақ барлық мәселелерді шешу мүмкін емес. Өйткені, ең алдымен жастардың өмірге деген көзқарасын өзгерту керек. Ол үшін қолайлы әлеуметтік жағдай жасау керек және мемлекет жастар саясатын қалыптастыруда осы бағытты ұстанып, оған ұмытылу керек[2].

Қазіргі кезде, жастар саласындағы мәселелерді сапалы және жүйелі түрде шешу мақсатында 10 негізгі бағыттан тұратын Жастарды қолдаудың 2021–2025 жылдарға арналған кешенді жоспары қабылданды:

1. Қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту;
2. Саламатты өмір салтын қалыптастыру және бұқаралық спортты дамыту;
3. Жастарды жұмысқа орналастыру және кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін жағдай жасау, оның ішінде ауылдық жерлерден және NEET санатындағы жастарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу;
4. Жастар үшін қолжетімді тұрғын үй жүйесін дамыту;
5. Жастардың құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру, сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікке тәрбиелеу;
6. Қоғамдық сананы жаңғырту шеңберінде жастарды рухани-адамгершілік және отбасылық құндылықтарға тарту;
7. Жастар арасында экологиялық мәдениетті нығайту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру;
8. Дарынды жастардың дамуына жәрдемдесу;
9. Жастар саясатын институционалдық дамыту, ғылыми-зерттеу және әдістемелік қамтамасыз ету;
10. Мемлекеттік жастар саясаты саласындағы бірыңғай интернет-ресурсты қолдау[3].

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты» туралы Заңы, 2015ж
2. «Қазақстан жастары» әлеуметтанулық зерттеуі // «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы. – Нұр-Сұлтан, 2021 // <https://eljastary.kz/ru/research/18104/>.
3. Қазақстан Республикасының жастарын қолдау жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары, 2021ж

Преимущество использования CRM системы в стоматологических клиниках Казахстана

С.К. Ержанова¹, Т.Б. Досжанов²

¹к.э.н., магистр менеджмента, профессор кафедры менеджмента,

²магистрант 1-го года обучения по специальности «Менеджмент»

nurmakov21@gmail.com, salta_27@mail.ru

^{1,2}Қарагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, г.Қараганда

Аннотация: Выясняя предпочтения пациентов и учитывая их пожелания, любая медицинская клиника постоянно повышает свою ценность для всех клиентов, как потенциальных, так и постоянных, тем самым повышая уровень оказания медицинской помощи повышается прибыль клиники. Отличным инструментом для реализации данной стратегии выступает CRM система. Системы управления взаимоотношениями с клиентами позволяет создать нерушимый мост между клиникой и пациентом, при этом модернизируя и упрощая работу всего персонала клиники.

Ключевые слова: CRM система, менеджмент в стоматологии.

За последние годы, количество новых частных стоматологических клиник на территории Казахстана неизменно растет. В период с 2016 по 2020 гг. численность частных стоматологических клиник увеличилась на 2,7% и составила 1255 организаций к концу

данного периода[1]. Рост числа частных учреждений обусловлен недостаточным финансированием госсектора медицины и стоматологии в частности, а также активным развитием рынка коммерческой медицины в Республике. Ежегодно в стране открываются десятки новых клиник, но, к сожалению не все из них остаются на плаву. Первая и основная проблема, с которой сталкиваются неопытные предприниматели, – это поддержание особого уровня сервиса, который должен быть направлен на создание долгосрочных отношений с клиентом на основе непрерывного диалога клиники и пациента. Иначе говоря, это процесс постоянного выяснения клиникой потребностей ее пациентов и поиск способов удовлетворения их. Владея всей информацией обо всех взаимоотношениях с пациентом, можно предложить ему персонализированные услуги. Цифровизация процесса обслуживания клиентов - это основной выход и решение данной проблемы. В данной статье мы разберем все преимущества использования Системы управления взаимоотношениями с клиентами на примере платформы IDENT.

Программа IDENT непосредственно была создана для управления стоматологическими клиниками. Около 3 тыс. стоматологий стран СНГ используют данную программу из которых, 75 клиник Казахстана[2]. Программа включает в себя такие инструменты как - запись пациентов на прием, создание расписаний врачей, ведение амбулаторной карты пациента, создание плана лечения, хранение всей необходимой информации, в том числе и снимки пациента, учет кассы, расчет заработной платы всего персонала, введение стандартной документации, самостоятельное формирование отчетности, база клиентов, каталог услуг, call центр и телефония, при этом вся система связана между собой, что облегчает процесс интеграции работы всего персонала.

В программе выделяют несколько основных модулей, который дополняют друг друга. Первый модуль это - “Базовый”, который создает непосредственно фундамент всей работы. В этот модуль входят следующие инструменты: 1.Управление сотрудниками, 2 Изменение графика работы врачей, 3. Справочники: Базовый модуль, 4. Прейскурант, 5. Ведение картотеки, 6. Запись на прием, 7. Оповещение пациентов о приеме, акциях 8.Управление приемами, 9.Перенос и отмена приемов, 10.Встреча и расчет пациента администратором, 11. Проведение приема врачом, 12. Ведение кассы, 13. Отправка электронных чеков. Данный модуль позволяет упростить и облегчить основную работу непосредственно Администраторов клиник. Почти вся работа администратора переходит в автономный режим, где ему лишь необходимо вводить правильные данные и ввести диалог с пациентом. В большинстве клиник внедривших данную систему, до использования данной программы наблюдалась текучесть кадров в администрировании, так как администратор был нагружен большим количеством должностных обязанностей, со многими из которых было тяжело справиться в рабочие часы. Сейчас же, после внедрения системы, перехода на автоматизированный режим, нагрузка на администратора значительно снизилась, что в свою очередь предотвратило текучесть кадров. Кроме этого, данный модуль также упрощает работу администратора с врачами. Каждый врач видит свой график работы, список пациентов записанных на прием, всех врачей автоматически оповещают об изменениях приема, отменах или же переносе того или иного приема.

Второй модуль, дополнение - Амбулаторная карта, которая позволяет вести амбулаторную карту пациента в электронном формате. Данный модуль имеет свои инструменты и возможности такие как:

1.Ведение амбулаторных карт в электронном виде в IDENT гарантирует, что информация о лечении пациента, полностью собранная в одном месте, не потеряется, и проблема неразборчивого почерка врачей будет решена. Лечащие врачи пациента, а также главный врач клиники, имеющий доступ ко всем карточкам, всегда смогут быстро найти информацию.

2.В данном модуле есть такие инструменты как готовые шаблоны, которые помогают значительно сократить время заполнения и позволяют вести документацию по единому образцу.

3. Для упрощения заполнения амбулаторной карты в программе также по умолчанию настроены взаимосвязи между «Диагнозом» и другими шаблонами. В соответствии с выбранным диагнозом программа сама отфильтрует подходящие «Жалобы», «Анамнез» и т. д.

4. Еще одно преимущество - это наличие инструмента «План лечения», который позволяет сориентировать пациента по стоимости предстоящего лечения. С его помощью врач может дать свои рекомендации по возможным вариантам лечения, подкрепляя их расчетами.

Все эти инструменты и возможности данного модуля значительно облегчают работу Врача и позволяют более упрощенно вести отчетность.

Третий модуль, дополнение - CRM модуль.

“Основа философии качественного клиентского сервиса в стоматологии — уделять максимум внимания пациентам, которым действительно требуется лечение и которые готовы лечиться у вас.”[2] В приоритете же должны быть пациенты, настроенные на лечение. Выделить их и эффективно взаимодействовать с ними помогают инструменты модуля CRM в IDENT. Основные инструменты модуля:

1. записи в лист ожидания как альтернатива записи на прием.

2. Единая форма для определения приоритетности обработки задач: Так как информацию о том, с кем необходимо связаться, невозможно держать в голове, а если использовать записки и стикеры, очень легко запутаться, все задачи для администраторов на день (по всем пациентам) в IDENT вы видите в одном месте. Разделение по группам и возможность использования дополнительных фильтров помогают администраторам легко определить приоритетность обработки задач.

3. Вся коммуникация с пациентом в одном окне: Администратору важно иметь возможность максимально быстро вникнуть в суть проблемы пациента. «Пульт управления» для взаимодействия с пациентом находится в его карточке. Там можно увидеть всю необходимую информацию и, мгновенно понимая, что нужно этому пациенту, можно ответить на его вопросы и управлять его приемами и задачами.

Четвертый модуль, дополнительный - Лаборатория. С его помощью вы сможете: Формировать и печатать заказ-наряды, Отслеживать готовность заказов, Управлять складом зуботехнических изделий, Контролировать выставляемые лабораторией акты.

Пятый модуль, дополнительный - Материалы, который позволяет: Контролировать расход и остатки материалов в клинике, Экономить на закупках материалов, Вовремя заметить изменение доли материалов в выручке и скорректировать цены, Не тратить время на ведение учета в двух местах — данные автоматически попадут в 1С:Бухгалтерию.

Данная система позволяет полностью автоматизировать все процессы. Тем самым она дает возможность больше уделять времени и концентрации непосредственно на оказание помощи, в свою очередь это улучшает имидж клиники и это ведет к притоку новых клиентов и расширению услуг. Неизбежное расширение спектра платных медицинских услуг естественным образом приведет к тому, что организации должны будут бороться за лояльность потребителей к своей организации, внедряя инновационные технологии диагностики и лечения, конкурируя при этом как по стоимости, так и по предоставлению потребителям сервисных социально значимых услуг. [3]

Список литературы

1. Анализ рынка стоматологических услуг в Казахстане в 2016-2020 гг, оценка влияния коронавируса и прогноз на 2021-2025 гг., *businessstat* - готовые обзоры рынков -: [Uhttps://businessstat.ru/images/demo/dental_services_kazakhstan_demo_businessstat.pdf](https://businessstat.ru/images/demo/dental_services_kazakhstan_demo_businessstat.pdf)

2. Официальный сайт платформы IDENT dent-it.ru

3. Маркетинг и конкурентоспособность медицинской организации : монография / А.И. Романов, В.В. Кеворков. 2-е изд., перераб. и доп. - М. : Издательский дом «Дело» РАНХиГС, 2016. - 394

Әлеуметтік саясат мемлекеттік басқару саласындағы басты реттеуші құралы

З.А.Ескерова¹, А.Б.Жаксылыкова²

¹Менеджмент кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м

²«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша 3 курс студенті
zamirra_e@mail.ru

^{1,2} академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Мақалада мемлекет дамуындағы әлеуметтік саясаттың маңыздылығымен, мемлекеттік басқарудың басты құралы ретінде толығымен жан – жақты қарастырылған. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты - қоғамның өмір сүру деңгейін анықтайтын және әлеуметтік-экономикалық жағдайларын реттейтін бағыттарының бірі.

Әлеуметтік саясаттың негізгі мақсаты қоғам мүшелерінің материалдық, мәдени және рухани қажеттіліктерін қамтамасыз ету болып табылады.

Кілт сөздер: әлеуметтік саясат, мемлекеттік басқару, әлеуметтік прогресс индексі, цифрлық ID картасы

Қазіргі кезеңде серпінді даму жолына түскен Қазақстан қоғам өмірінің барлық салаларында маңызды жаңғыртуларды іске асыруда. Осы қайта құрулардың ұқыптылық қажет ететін әрі күрделі болып келетін ол әрине әлеуметтік саясаттағы өзгерістер. Мәселен, біріншіден, халықтың өмір сүру жағдайына, олардың тұрмыс- тіршілігіне толықтай байланысты болғандықтан мемлекеттік басқаруда кезек күттірпейтін мәселе болып келеді; екіншіден, бұл мемлекеттің әлеуметтік саясаты үнемі халық тарапынан үлкен қызығушылық тудырып, үлкен сынға алынады. Осы себепке байланысты әлеуметтік саясаттың маңыздылығы зор.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты-қоғамның өмір сүру деңгейін анықтайтын және әлеуметтік-экономикалық жағдайларын реттейтін бағыттарының бірі.

Әлеуметтік саясаттың негізгі мақсаты қоғам мүшелерінің материалдық, мәдени және рухани қажеттіліктерін қамтамасыз ету болып табылады[1].

Мемлекеттің әлеуметтік өлшемдерін, табысқа жетуге және адамның әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік беретін жалпы түрде әлеуметтік прогресс индексі саналады. Жаһандық деңгейде әлеуметтік прогресс индексі 2021 әлеуметтік прогресс бойынша 168 елдің рейтингін көрсетеді. Әлеуметтік прогресс индексіне сәйкес, біздің мемлекет 73.23 ұпаймен 64 орынға ие (сурет 1).

2021 Social Progress Index rankings (1)

Tier 1			Tier 2			Tier 3			Tier 3		
Rank	Country	Score	Rank	Country	Score	Rank	Country	Score	Rank	Country	Score
1	Norway	92.63	15	Luxembourg	88.75	43	Bulgaria	78.81	69	Paraguay	71.49
2	Finland	92.26	16	Belgium	88.68	44	Romania	78.41	70	Colombia	71.35
3	Denmark	92.15	17	Korea, Republic of	88.42	45	Mauritius	77.30	71	Thailand	70.96
4	Iceland	91.78	18	United Kingdom	88.25	46	Trinidad and Tobago	76.82	72	Sri Lanka	70.87
5	Switzerland	91.78	19	France	88.23	47	Serbia	75.99	73	Dominican Republic	70.71
6	Canada	91.41	20	Spain	87.53	48	Ukraine	75.78	74	Maldives	70.40
7	Sweden	91.20	21	Estonia	87.38	49	Georgia	75.47	75	Suriname	70.22
8	Netherlands	90.57	22	Czechia	86.90	50	Kuwait	75.32	76	Cuba	70.18
9	Japan	90.44	23	Italy	86.56	51	Malaysia	75.22	77	Cabo Verde	70.00
10	Germany	90.32	24	United States	86.29	52	Panama	75.01	78	Vietnam	69.70
11	Australia	90.28	25	Portugal	85.97	53	Jamaica	75.00			
12	New Zealand	90.02	26	Slovenia	85.83	54	Belarus	74.83			
13	Ireland	89.47	27	Lithuania	85.58	55	Armenia	74.56			
14	Austria	89.44	28	Malta	85.24	56	Albania	74.51			
			29	Cyprus	85.03	57	Montenegro	74.15			
			30	Singapore	84.73	58	Tunisia	73.95			
			31	Greece	84.37	59	Ecuador	73.85			
			32	Israel	83.91	60	Moldova	73.67			
			33	Slovakia	83.69	61	Peru	73.61			
			34	Latvia	83.43	62	Russia	73.45			
			35	Poland	83.08	63	Republic of North Macedonia	73.05			
			36	Croatia	82.82	64	Kazakhstan	72.23			
			37	Chile	82.18	65	Brazil	72.06			
			38	Costa Rica	81.73	66	Bosnia and Herzegovina	71.91			
			39	Uruguay	81.15	67	United Arab Emirates	71.58			
			40	Barbados	80.74	68	Mexico	71.52			
			41	Argentina	80.38						
			42	Hungary	80.15						


Сурет1.Әлеуметтік прогресс индексі[2]

Халықтың әлеуметтік жағдайын көтерудің өзекті мәселелерін жан-жақты қарасаңыз, онда бүкіл әлемдегі мемлекеттердегі әлеуметтік жағдай, әлеуметтік тәртіпсіздіктер, кедейлік, жергілікті сипаттан бастап, бүкіл әлемнің мақсатты проблемаларының бірі болып табылады. Жалпы, мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру көрсеткіштеріне келетін болсақ, әлеуметтік индикаторлардың басым бөлігі өсім деңгейін көрсеткен. Мысалы, 2022 жылы күнкөріс минимумы 36 мың теңгені құрады, ол базистік жылмен салыстырғанда 1.7% жоғары. Әлеуметтік қамсыздандыру көрсеткіштері толықтай 2 суретте көрсетілген.



Сурет 2. Мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру[3].

Әлеуметтік салада оңтайлы және тиімді жобалар жүзеге асырылып жатыр. Соның бірі – әлеуметтік цифрлық ID картасы. «Қазақстан азаматының әлеуметтік ID картасы» - жәрдемақылар мен төлемдер түсетін пластикалық карта. Осы карта арқылы АӘК төлемін, қоғамдық көлікте жол жүру ақысын төлеуді, мектептерде көпбалалы және табысы аз отбасы балаларының тегін тамақтануын көздейді. Былтыр қазақстандықтарға «Қазақстан азаматының әлеуметтік ID» жобасы аясында тегін әмбебап әлеуметтік карталар беріле бастады. Бұл жоба ең алдымен Ақтөбе енгізілген, ал қазіргі кезде Астана қаласында, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар және Маңғыстау облыстарында табысты енгізіліп жатыр. Жалпы айтқанда, бүгінге дейін 45 мыңға жуық карта шығарылып, 31 мың транзакция жүзеге асырылды. Оның 10% жолақы мен мектептегі тағам ақысын жеңілдікпен төлеуге арналған (Сурет 3).



Сурет 3. Қазақстан азаматының әлеуметтік ID картасы

Сондай-ақ, осы жылғы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» жолдауында «Мемлекет басшысы

ретіндегі басты міндеті халыққа қажетті реформаларды жүзеге асыру, саяси жаңғыру болмаса, елімізді орнықты дамыту, ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жасау керек» делінген. Сондықтанда «Жаңа Қазақстанды» құру үшін ел алдымен мемлекеттің әлеуметтік саясатқа оңтайлы өзгерістерді енгізуіміз қажет. Осы мақсатты көздей отырып, әлеуметтік кодекс жобасы шеңберінде 1 қыркүйектен бастап Қазақстанда пилоттық режимде отбасының цифрлық картасы іске қосылады. Бұл ақпараттық жүйе азаматтарға проактивті форматта, яғни алушыдан өтініш күтпей көмек көрсетуді көздейді, бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайта отырып, тиісті мемлекеттік қызметтердің жеделдігін арттыруға және сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Отбасының цифрлық картасы-бұл әртүрлі мемлекеттік органдардың мәліметтерін жинақтайтын, азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатының деңгейін анықтауға және оларға проактивті форматта кепілдендірілген мемлекеттік қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе. Бұл үдеріс "Е-халық" ақпараттық жүйе арқылы қалыптастырылады. Оның негізгі мақсаты отбасының цифрлық картасы әр жанұяның әл-ауқат деңгейін экономикалық, әлеуметтік және тұрғын үй жағдайлары, денсаулығы, білімі бойынша бағалайтын және отбасыларды бес санат бойынша бөлетін болады. Осы санаттар негізінде мұқтаж отбасыларға қажетті мемлекеттік қолдау шаралары айқындалатын болады. Жалпы, цифрлық әлеуметтік карта республика халқын, яғни 19, 4 млн адам немесе 6,5 млн отбасы түгел қамтиды.

Отбасылардың әл-ауқатының деңгейі 5 критерий бойынша айқындалады:

- экономикалық өмір сүру жағдайлары;
- денсаулық сақтау қызметтерімен қамту және мүгедектігі бар адамдардың болуы;
- тұрғын үй жағдайлары, әлеуметтік жағдайлар, білім беру қызметтерімен қамту;
- отбасы мүшелерінің білім деңгейі.

Жобаны іске асыру кезеңдері:

- осы жылғы 1 қыркүйектен бастап жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдердің 9 түрі бойынша жаңа форматта қызметтер алу мүмкіндігі ұсынылды;
- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап тізбе әлеуметтік қорғау саласындағы қызметтермен кеңейтілетін болады;
- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы мемлекеттік кепілдіктер енгізіледі;
- 2025 жылдан бастап мемлекеттік кепілдіктердің барлық түрлері қамтылады[3].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Қазақстанда әлеуметтік мемлекет құру жағдайында біртіндеп әлеуметтік саясаттың өзіндік моделі қалыптасуда. Сондықтан біздің әлеуметтік саясат мықты және бәсекеге қабілетті жалпыға ортақ еңбек қоғамын құруға бағытталуы тиіс. Яғни, болашақта тек еңбек қана барлық қазақстандықтардың әл – ауқатқа және жаңа өмір сапасына қол жеткізуін қамтамасыз ете алады.

Әдебиеттер тізімі

1 Қасенов Қ.Р, Нурлихина Г.Б., Қайратұлы Ә. Әлеуметтік менеджмент. Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2018 ж

2 <https://kk.warbletoncouncil.org>

3 Қазақстан Республикасы Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми ақпараттық ресурсы <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek?lang=kk>

Ұйымдардың сыртқы экономикалық қызметін реттеу үдерісін жетілдіру жолдары

Д.Е. Жумадилова¹, А.С. Ахметова²

¹Менеджмент мамандығы бойынша 3 курс студенті

²Менеджмент кафедрасының магистрі, аға оқытушы

Dilda.erbolatovna@mail.ru, ahmetova.2017.86@mail.ru

^{1,2} академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Қазақстанның сыртқы экономикалық қызметін мемлекеттік реттеудің ілімдік және тәжірибелік мәселелерін зерттеп, оны жетілдіру бағытын ұсынылған. Сыртқы экономикалық қызметтің ұғымын және ерекшеліктерін айқындау; сыртқы экономикалық қызметтерді басқару жүйесін талдау; сыртқы экономикалық қызметтің даму факторларының пәрменділігін арттыру, іздестіру; сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеу үдерісін жетілдіру жолдарын қарастырылған. Мамандандырылған сыртқы саудалық кәсіпорынды басқару сызбасы талданған. Өз алдына, компаниялар өздері сатып алуға мүмкіндігі бар өнім көлемін хабарлайды, бағасын ұсынады, тауар тиелетін мекен-жай орнын айтады. Осылай ұсыныстардың ішінен маркетинг бөлімшесі ең тиімдісін таңдайды және шетел фирмаларымен алдын ала келіссөздер жүргізеді. Сатып алушының талаптарын талдау. Егер олар стандартты жағдайдан ауытқулар болған кезде маркетинг бөлімшесін талдау үшін кәсіпорының басқа құрылымдық бөлімшелері талданған.

Кілт сөздер: сыртқы экономикалық қызмет, кәсіпорын, сыртқы сауда айналымы, саясат, экономикалық, мемлекет.

Қазақстан алдына біраз шешілмеген сыртқы саяси мәселелер бар. Қазақстан әлде де көптеген маңызды әлемдік ұйымға мүшелі еткен жоқ, көптеген мемлекеттермен дипломатиялық шарт жасасқан жоқ. Қазақстанда дипломатия әлі белсенді, шешуші және профессионалды дәрежеге жеткен жоқ.

Ол дәрежеге жету үшін қандай мақсаттар қойылу керек? Осының арқасында Қазақстанның тәуелсіздігінің нығаюы, әлеуметтік-саяси, этносаяси тұрақтылық, экономикалық тұрақтылық және шекарасының тұрақтылығы осыған байланысты.

Ең бірінші сыртқы саяси мақсат, ол Ресей Федерациясымен достық және одақтық қатынасты, өзара түсіністік қатынастарын сақтап қалу. Қазақстан үшін бұл сыртқы саясатта ең басымды бағыт болып табылады және бұған көп көңіл бөлуді талап етеді. Ресейдің әскери күші және олардың әлемдегі күші Қазақстанға дипломатиялық бағытта көмегі тиеді. Қазақстан дипломатиясының негізгі бағыты КСРО тарағаннан кейін өзін тәуелсіз мемлекет ретінде құрып, дамыту. Байқоңыр, Каспий теңізі басқа да әскери полигондарды, мұнай құбырларын жүргізу этникалық диаспораларды, азаматтық мәселелерін дос мемлекеттер арасында конфликттік жағдайға әкеп соқтыруға жол бермеу.

Ел тәуелсіздігін нығайту, шекараның біртұтастығын сақтау үшін, Қазақстан Республикасы халықаралық қауіпсіздік қорына кіру маңыздылығы жағынан екінші мақсат болып табылады.

Үшінші кезекте ішкі экономиканы дамытуда жүйелік өзгерістерге қол жеткізу, нарықтық механизмдерді, инфрақұрылымдарды құру болып табылады. Қазақстанның сыртқы саясатында экономикалық қауіпсіздік, энергетикалық тәуелсіздік, транспорт пен байланыс салалары бірінші кезекте болуы тиіс.

Министірліктер мен ведомстволардан басқа Қазақстан МИДте үлкен рөлге ие болуы тиіс.

Төртінші мақсат ол орта азия мемлекеттерімен достық қарым қатынас жасау, және олармен тарихи, рулық, мәдени салт-дәстүрлерін бірлесе сақтау.

Қазақстан ең дамыған 30 мемлекеттердің құрамына кіру және БСҰ на кіруді мақсат етті. Ол үшін Қазақстан төмендегідей сыртқы экономикалық мәселелерді шешу қажет:

1. Қазақстан өнімін сататын нарық іздеу, соның ішінде мұнай экспорты;
2. Инвестиция тарту;
3. Көршілес елдермен бұзылған сыртқы экономикалық қатынастарды қайта жаңарту;

4. Азия мен Еуропа елдерінің тәжірибесін пайдалану, әсіресе Қытайдың;

Кәсіпорын экономиканың негізгі буыны ретінде қарастырылуы тиіс, ол өндіріс құралдарымен тікелей байланыстырады.

Кәсіпорын – өндірістік-техникалық бірлестік, ұйымдық-әкімшілік және шаруашылық дербестік қабілетін қоса алғандағы өндірістік бірлік.

Кәсіпорын әкімшілігі – командалық (орталық-басқару) жүйесінде негізгі шаруашылық бірлік болып, орталықтандырылған басқармалы халықтық шаруашылық болған, яғни формалды кәсіпорын, ал нарықтық экономика жағдайында автономды, яғни кәсіпорын субъектісі – нақты кәсіпорын. Қолданыстағы заңға сәйкес кәсіпорын дербес шаруашылық субъект болып есептеледі, өнімді өндіру, жұмыстарды орындау немесе қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін құрылған.

Сыртқы экономикалық саладағы реформалау кәсіпорын мәртебесін түбегейлі өзгертті. Монополизациясыздандыру мен орталықсыздандыру жағдайындағы кәсіпорынның сыртқы экономикалық байланысы, СЭҚ мемлекеттік бақылау жүйесінде басқару объектісі бола отырып, сыртқы экономикалық қызметтің тең құқылы субъектісі болды. Ол бұрын мемлекеттің сыртқы қатынастарына қатысатын, бірақ тек техникалық атқарушы ретінде, ал жаңа шарт бойынша қатысушы ретінде саналады.

Кәсіпорынның атқарушы күйден сыртқы экономикалық қызмет субъектісіне трансформациясы СЭҚ басқару жүйесінің өзгеруіне әкелді: жаңа функциялар, басқарудың жаңа ұйымдастырушылық құрылымның пайда болуы.

Нақты мақсаттар, міндеттер мен шарттардың әртүрлігі барлық кәсіпорындардың бірыңғай сыртқы саудалық фирманың стандартты құрылымы бола алмайды. Мысалы 1 суретте мамандандырылған сыртқы саудалық кәсіпорынды басқару сызбасы көрсетілетін.

Қаржылық-экономикалық блок:

- жоспарлық-экономикалық бөлім – экспорт-импорт көлемін жоспарлау операциялары, жоспардың жүзеге асуын қадағалау, шаруашылық қызметінің анализі;

- валюта-жоспарлық бөлім – валюталық жоспарлау, банктік-кредиттік және есептілік операцияларын бақылау;

- бухгалтерия – есеп-қисап, банктермен, жеткізушілермен, жұмыскерлермен, сатып алушылармен есептесу;

Маркетингтік блок:

- баға конъюктура бөлімі – сұраныс пен ұсынысты зерттеу, баға динамикасы мен нарық құрылымын бағалау;

- жарнама бөлімі – жарнамалық қызмет, халықаралық көрмелер және жәрмеңкелерде қатысу жұмыстары;

- инженерлік-техникалық бөлім – әлемдік нарықтағы өнімдер үшін техникалық талаптар зерттеу, тауар өндірушілер үшін ақпаратты пайымдау, техникалық дәрежесінің анализі, өнімнің сапасы мен бәсекелестігін бағалау;

- техникалық қызмет көрсету бөлімі – фирманың шетелге тауар экспортында сақтандыру, сақтандырудан кейінгі қызмет көрсетуді ұйымдастыру, техникалық орталықтарды ашу.


Басқарушы (директор, президент)

347

Қаржы орынбасары

Маркетингтік
орынбасары

Әкімшілік шаруашылық
блок



Сурет 1. Мамандандырылған сыртқы саудалық кәсіпорынды басқару
Ескерту - ҚР ҰЭМ Статистика комитеті негізінде жасалған

Әкімшілік-шаруашылық блок:

- әкімшілік-шаруашылық бөлім – материалдармен жабдықтау, басқа да шаруашылық жұмыстар;
- кеңсе-ұйымдастырушылық – басқарушылық құжаттар жұмыс;
- кадр бөлімі – жеке жұмыстарды жүргізу, кадрларды қою;
- шетелдік командировкалар бөлімі – шетелдік іс-сапарларды рәсімдеу (визалар, билеттер және т.б.);
- заң бөлімі – фирма қызметінің құқықтық қамтамасыз етілуі;
- хаттамалық бөлімі – кездесулер, қабылдауларды ұйымдастыру, шетел делегацияларын шығарып салу.

Мұндай фирманы жетекші басқарады (директор, президент), жұмысшының көлеміне байланысты оған бір-екі орынбасары көмектеседі, мысалы, маркетингтен және қаржыдан. Басқа варианттарды тікелей қаржы, әкімшілік-шаруашылық блоктарды да басқара алады.

Арнайы сыртқы сауда фирмалар салалық және ірі кәсіпорындардың қарамағында құрылуы мүмкін, мұндағы соңғы жағдайда кәсіпорынның бір бөлігі ретінде де және өз балансы бар жеке заңды тұлға ретінде де.

Арнайы, сыртқы сауда кәсіпорындарының барлық түрлеріне олардың штат құрамында халықаралық экономикалық серіктестік саласында үлкен тәжірибесі бар, арнайы сыртқы экономикалық дайындыққа ие жоғары білікті мамандардың болуы тән.

Шаруашылықтың тек бір бөлігі ретінде орын ала отырып, сыртқы экономикалық қызметте белсенді қатысатын кәсіпорындардың басқару құрылым осы аймақта сыртқы экономикалық бөлімшемен таныстырылуы мүмкін (сыртқы экономикалық байланыс бөлімшесі). Сыртқы экономикалық байланыстар бөлімшесінің қызметтері келесідей:

- сыртқы нарықтың зерттеулері, бәсекеге қабілетті өнімді шығару үшін ғылыми, өндірістік, техникалық және өткізу кәсіпорынның қызметі бағыттары мақсатында нарық сұранысын, тұтынушылар талабын зерделеу;
- серіктестерді саралау, келісім-шарттарды жасау, олардың мерзімін созу, серіктестердің фирмаларын мәлімет, биржамен жұмыс, брокерлермен, фирмалармен, кедендермен жұмыс;
- сыртқы экономикалық қызметпен байланысты хаттамалық іс-шараларды ұйымдастыру (делегацияларды қарсы алу және шығарып салу, келіссөздер, аудармашылармен жабдықтау және т.б.);
- сыртқы экономикалық қызметтің нәтижелерін жинақтау, реттеумен басқару;
- жәрмеңкелерде, көрмелерде қатысу және проспектілерді шығару, жарнамалық қызмет.

Нарыққа бағытталған маркетинг бөлімшесінің ұйымдық құрылымы 2 суретте көрсетілген.

Келісім-шартқа дейінгі жұмыстың ұйымдастырылуы, өнімді жеткізу бойынша келісімді рәсімдеу, бекіту арнайы назарды талап етеді, сонымен қатар, оны орындау бойынша бақылау ұйымдастырылуының реті. Маркетинг бөлімшесі кәсіпорының стандартымен негізделеді, жекеше айтқанда, ХС ИСО 9002 үлгісі бойынша «Сапа жүйесі». Өнімді жеткізу келісімдерінің орындалуына басқару жасау және ұйымдастыру реті.

Өз алдына, компаниялар өздері сатып алуға мүмкіндігі бар өнім көлемін хабарлайды, бағасын ұсынады, тауар тиелетін мекен-жай орнын айтады. Осылай ұсыныстардың ішінен маркетинг бөлімшесі ең тиімдісін тандайды және шетел фирмаларымен алдын ала келіссөздер жүргізеді.

Сатып алушының талаптарын талдау. Егер олар стандартты жағдайдан ауытқулар болған кезде маркетинг бөлімшесін талдау үшін кәсіпорының басқа құрылымдық бөлімшелерін тартады.



Сурет 2. Нарыққа бағытталған маркетинг бөлімшесінің ұйымдық құрылымы
Е с к е р т у - ҚР ҰЭМ Статистика комитеті негізінде жасалған

Маркетинг бөлімшесі – кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметін басқарудың негізгі буыны, ішкі өндірістік құрылымының бөлігі. Осымен бірге, оған қойылатын тапсырмалар басқа да функционалды бөлімшелермен тығыз әрекеттестікте шешіледі (қаржылық, заңды және басқа бөлімшелер).

Сыртқы сауда айналымы кішігірім және арнайы басқару бөлімін құруға қажет ресурстардың жетіспеушілігі байқалатын кәсіпорындардың СЭЖ басқарылуы басқаша қалыптасады, бір уақытта басқарылуын қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы. – 2020 жылғы 09 наурыз
2. Халықаралық бизнес құқығы және заңнамалық орта: транзакциялық тұрғыдан зерделеу. ДиМаттео Ларри А. – Алматы: Дәуір, 2019. – 651

К.А. Жетписбаев, Б.Т. Добарова,
м.э.н., старший преподаватель кафедры «Менеджмент»,
студентка 4 курса специальности «Менеджмент»
zhetpisbaev_kuat@mail.ru, dobarova135@mail.ru

Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, г.Караганда

Аннотация: В статье приведены основные факторы эффективности антикризисного управления, методы, влияющие на эффективность управления предприятием, отмечается особая роль антикризисных функциональных стратегий предприятия в обеспечении успеха бизнеса.

Ключевые слова: факторы эффективности антикризисного управления, кризис, банкротство, управленческие решения.

В любой момент существует опасность кризиса, даже тогда, когда кризис не наблюдается, когда его фактически нет. Это определяется тем, что в управлении всегда существует риск, что социально-экономическая система развивается циклично, что меняется соотношение управляемых и неуправляемых процессов, изменяются человек, его потребности и интересы.

С точки зрения стратегии антикризисное управление должно создать предприятию условия для формирования в течение достаточно длительного периода конкурентного преимущества, позволяющего производить потребляемую рынком продукцию и получать достаточно денежных средств для оплаты всех своих обязательств, возникающих при ее создании и сбыте.

Кроме того, возможность антикризисного управления определяется и знанием циклического характера развития социально-экономических систем. Это позволяет предвидеть кризисные ситуации, готовиться к ним. Наиболее опасными являются неожиданные кризисы.

Практически каждая компания периодически сталкивается с кризисными явлениями в процессе хозяйственной деятельности, но многие начинают бороться с кризисом только тогда, когда его негативное влияние на результаты бизнеса становится достаточно заметным.

В результате управленческие решения по минимизации последствий кризиса принимаются в авральном режиме, антикризисные мероприятия не учитывают влияние конкретных факторов, а компания в итоге выходит из кризиса с неоправданно большими потерями.

Всего этого можно избежать, используя систему антикризисного управления, которая включает в себя мониторинг состояния предприятия, диагностику степени проявлений кризиса, разработку антикризисных мероприятий и контроль над их выполнением.

Изучим методику построения эффективно работающей системы антикризисного управления предприятием и поговорим о том, как повысить эффективность работы компании с помощью режима антикризисного управления.

Своевременная диагностика наличия и определение степени проявлений кризиса — гарантия своевременных и эффективных антикризисных решений. Единственно верная основа для разработки таких решений — анализ динамики показателей хозяйственной деятельности и выявление на его основе факторов, которые привели к проявлениям кризиса. От набора этих факторов зависит перечень мероприятий, которые помогут компании преодолеть его.

С экономической точки зрения предприятия постоянно рискуют оказаться подвержены трем видам кризиса:

Кризис сбыта возникает как за счет внешних факторов (недостаточная конкурентоспособность продукции или услуг компании, падение платежеспособности покупателей, действия конкурентов и т. п.), так и по внутренним причинам (неэффективная маркетинговая политика, неправильный выбор сбытовой и ценовой модели реализации продукции или услуг). Как следствием — падение объемов продаж до уровня, который не обеспечивает покрытие переменных и постоянных издержек компании.

Кризис издержек в первую очередь вызывают такие внутренние факторы, как неэффективная структура бизнес-процессов, слабый контроль за динамикой переменных расходов, неоправданно высокий рост постоянных расходов, низкая производительность труда и т. д. Кризис издержек влечет за собой необходимость повышения цены реализации на продукцию или услуги компании для того, чтобы избежать убыточности бизнеса.

Кризис финансов также в основном обусловлен внутренними факторами, таких как отсутствие эффективной системы управления денежными средствами, несоблюдение баланса задолженностей и неадекватная кредитная политика компании. Проявляется в нехватке денежных средств для обеспечения хозяйственной деятельности и своевременного погашения обязательств перед кредиторами компании.

Отметим, что кризисы в деятельности компаний не возникают одновременно — они развиваются постепенно, в несколько этапов:

1. Предкризисное состояние: падает выручка, снижается рентабельность, учащаются кассовые разрывы в операционном денежном потоке, растет просроченная дебиторская задолженность.

2. Вхождение в состояние кризиса: деятельность компании становится минимально рентабельной, наблюдается положительная динамика роста заемных средств и кассовых разрывов, компания начинает испытывать постоянные трудности в погашении обязательств перед своими кредиторами.

3. Кризисное состояние: выражается в убыточности хозяйственной деятельности, постоянных кассовых разрывах, низком уровне платежеспособности и проблемах с привлечением внешнего финансирования. Просроченная кредиторская задолженность растет опережающими темпами по сравнению с текущей.

4. Банкротство: компания не в состоянии вести хозяйственную деятельность и не способна погасить обязательства перед кредиторами.

Исходя из вышесказанного, понятно, что для борьбы с кризисами предприятию необходим управленческий инструмент, который позволил бы ему, во-первых, своевременно диагностировать наличие негативных явлений в хозяйственной деятельности, во-вторых — эффективно предупреждать или устранять их последствия. Таким инструментом выступает режим антикризисного управления.

Чтобы определить, есть ли в деятельности компании признаки кризиса, руководитель экономической службы может сделать следующее:

1. Проанализировать динамику основных экономических показателей хозяйственной деятельности компании за прошедшие отчетные периоды.

2. Проанализировать эффективность работы компании за прошедшие отчетные периоды.

3. Проанализировать изменения состояния компании за прошедшие отчетные периоды через систему финансовых коэффициентов.

4. Провести факторный анализ деятельности компании за прошедшие отчетные периоды.

Можно выделить основные факторы, которые определяют эффективность антикризисного управления:

1) Профессионализм антикризисного управления и специальная подготовка. В данном случае имеется в виду не только общий профессионализм управления, но и те

профессиональные знания и навыки, которые отражают особенности антикризисного управления.

2) Искусство управления, данной природой и приобретенное в процессе специальной подготовки, следует выделить особо в перечне факторов эффективности антикризисного управления. Во многих кризисных ситуациях индивидуальное искусство управления является решающим фактором выхода из кризиса или его смягчения. Поэтому для антикризисного управления особенно важно проводить психологическое тестирование менеджеров, отбирать такие личности, которые способны чутко реагировать на приближение кризиса и управлять в экстремальных ситуациях.

3) Методология разработки рискованных решений. Такая методология должна быть создана и освоена, потому что она в значительной мере определяет такие качества управленческих решений, как своевременность, полнота отражения проблемы, конкретность, организационная значимость. Эти свойства имеют особое значение в антикризисном управлении.

4) Научный анализ обстановки, прогнозирование тенденций. Видение будущего и не субъективное, а основанное на точном, научном обоснованном анализе позволяет постоянно держать в поле зрения все проявления приближающегося или проходящего кризиса.

5) Лидерство также входит в совокупность факторов эффективного антикризисного управления. Но не всякое лидерство. Существует множество его оттенков и модификаций. Лидерство определяется не только личностью менеджера, но и сложившимся стилем работы, структурой персонала управления, укрепившимся доверием к менеджеру, авторитетом власти, уверенностью. Опора на лидерство может сыграть решающую роль в преодолении кризиса или его смягчении. Но для этого необходимы поиск и проектирование лидерства.

6) Особую роль в эффективности антикризисного управления играют оперативность и гибкость управления. В кризисных ситуациях часто возникает потребность в быстрых и решительных действиях, оперативных мерах, изменении управления по складывающимся ситуациям, адаптации к условиям кризиса. Инерционность в этом случае может играть отрицательную роль.

7) Стратегия и качество антикризисных программ. Во многих ситуациях возможна потребность в изменении стратегии управления и в разработке специальных программ антикризисного развития. Качество программ и стратегических установок могут быть различными. От этого не может не зависеть антикризисное управление.

8) Значительным фактором эффективности антикризисного управления является система мониторинга кризисных ситуаций. Она представляет собой специально организованные действия по определению вероятности и реальности наступления кризиса и необходима для его своевременного обнаружения и распознавания. Причем весьма эффективными здесь могут быть использование компьютеров и работа специализированных операторов.

Таким образом, в условиях цикличности развития современной рыночной экономики менеджерам фирм необходимо ориентировать свою производственно-хозяйственную деятельность на оптимальную модель антикризисного управления.

Литература

1. Колчина В.В. Учебник, Финансовый менеджмент, Изд-во Проспект, Москва 2017г.
2. Мухамбетов Т.И., Нукушев А.Г. Банкротство и антикризисное управление.-Алматы, 2019г.
3. Стоянова Е.С., Учебник, Финансовый менеджмент, Изд-во Перспектива, Москва 2018г.

Логистикадағы имитациялық модельдеу

Т.Б.¹Казбеков, Е.С.Тукенов ²

¹Менеджмент кафедрасының профессоры, э.ғ.к.,

²«Менеджмент» мамандығы бойынша 2 курс студенті

^{1,2}академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Бизнес-процестерді басқарудың қазіргі заманғы жүйелерін әзірлеу мен енгізудегі негізгі тенденциялардың бірі олардың құрамдас бөлігі ретінде имитацияны пайдалану болып табылады. Логистикалық менеджментті дамыту және әртүрлі деңгейдегі логистикалық жүйелерді құру тақырыбы отандық және шетелдік ғалымдар мен мамандардың жұмыстарына арналған. Ғылыми зерттеулерді, сондай-ақ көлік жүйесін және жүктер мен жүктерді тасымалдау жүйесін басқарудың қазақстандық және шетелдік тәжірибесін талдау нәтижелері өңірлік көлік-логистикалық орталықтардың, көлік-логистикалық жүйелер мен кластерлердің магистральдық желісін құрудың маңыздылығын көрсетеді, қызмет көрсету мақсатында саланың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру өзекті болып табылады.

Кілт сөздер: логистика, модель, бизнес-процестер, имитация, визуализация.

Бизнес-процестерді басқаруға «енгізілген» имитациялық жүйелер жобаны бақылау, ресурстарды жоспарлау, бизнес ережелерін бақылау, «не-егер» («what-if») талдауына негізделген инвестициялық болжау, оқыту сияқты маңызды міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді, жаңа ұйымдастырылған бизнес-процестерде, төтенше жағдайларды жоспарлау сценарийлерінде. Сонымен қатар, жалпы қабылданған көзқарас - модельдеу бизнес-процестерді қалыптастырудың, әзірлеудің және іске асырудың бастапқы кезеңінен бастап жүруі керек.

Бұл жерде жалпы ұсыныстар беру қиын, өйткені мұндай мәселелерді тек тиісті проблемалық салада модельдеу тәжірибесі жинақталғандықтан ғана тиімді шешуге болады.

Кез келген модельдің маңызды сипаттамасы модельдің модельденетін объектіге ұқсастығының толықтық дәрежесі болып табылады. Осы негізде барлық модельдерді изоморфты және гомоморфты деп бөлуге болады.

Изоморфты модельдер – мәні бойынша оны алмастыра алатын бастапқы объектінің барлық сипаттамаларын қамтитын модельдер. Егер біз оны жасап, изоморфты модельді бақылай алсақ, онда нақты объект туралы біліміміз дәл болады. Бұл жағдайда біз объектінің әрекетін дәл болжай аламыз.

Гомоморфты модельдер. Олар модельдің зерттелетін объектіге толық емес, ішінара ұқсастығына негізделген. Сонымен бірге нақты объектінің қызмет етуінің кейбір аспектілері мүлде үлгіленбейді. Нәтижесінде модельді құру және зерттеу нәтижелерін түсіндіру жеңілдетілді.

Логистикалық жүйелерді модельдеу кезінде абсолютті ұқсастық орын алмайды. Сондықтан, болашақта біз тек гомоморфты модельдерді қарастырамыз, бірақ олар үшін ұқсастық дәрежесі әртүрлі болуы мүмкін екенін ұмытпаймыз.

Материалдық және абстрактілі модельдер бар. Материалдық модельдер зерттелетін құбылыстың немесе объектінің негізгі геометриялық, физикалық, динамикалық және функционалдық сипаттамаларын жаңғыртады. Бұл санатқа, атап айтқанда, жабдықты оңтайлы орналастыру және жүк ағындарын ұйымдастыру мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін көтерме сауда кәсіпорындарының кішірейтілген үлгілері кіреді [1].

Абстрактілі модельдеу көбінесе логистикада модельдеудің жалғыз жолы болып табылады.

Ол символдық және математикалық болып екіге бөлінеді. Символдық үлгілерге тіл және таңба үлгілері жатады.

Тілдік модельдер – түсініксіздіктен тазартылған сөздер (сөздік) жиынтығына негізделген сөздік модельдер. Бұл сөздік тезаурус деп аталады. Онда әр сөзге бір ғана ұғым сәйкес келсе, кәдімгі сөздікте бір сөзге бірнеше ұғым сәйкес келуі мүмкін.

Иконикалық модельдер. Жеке ұғымдар үшін таңбаны енгізетін болсақ, яғни белгілерді, сондай-ақ осы белгілер арасындағы операцияларды келіседі, содан кейін объектінің символдық сипаттамасын беруге болады.

Математикалық модельдеу – математикалық модель деп аталатын қандай да бір математикалық объектінің берілген нақты объектісіне сәйкестікті орнату процесі. Логистикада математикалық модельдеудің екі түрі кеңінен қолданылады: аналитикалық және модельдеу.

Аналитикалық модельдеу – нақты шешімдерді алуға мүмкіндік беретін логистикалық жүйелерді зерттеудің математикалық әдістемесі. Аналитикалық модельдеу келесі ретпен жүзеге асырылады:

1. Жүйенің объектілерін байланыстыратын математикалық заңдар тұжырымдалады. Бұл заңдар кейбір функционалдық қатынастар (алгебралық, дифференциалдық және т.б.) түрінде жазылады.

2. Теңдеулерді шешу, теориялық нәтижелерді алу.

3. Алынған теориялық нәтижелерді практикамен салыстыру (сәйкестікке тест).

Жүйенің жұмыс істеу процесін барынша толық зерттеу, егер қажетті сипаттамаларды жүйелердің бастапқы шарттарымен, параметрлерімен және айнымалыларымен байланыстыратын айқын тәуелділіктер белгілі болса, жүзеге асырылуы мүмкін. Дегенмен, мұндай тәуелділіктерді салыстырмалы түрде қарапайым жүйелер үшін ғана алуға болады. Жүйелер күрделене түскен кезде оларды аналитикалық әдістермен зерттеу белгілі бір қиындықтарға тап болады, бұл әдістің елеулі кемшілігі болып табылады.

Имитациялық модельдеу саласындағы танымал американдық маман Ричард Фухимотоның классификациясына сәйкес, жоғарыда аталған жүйелер виртуалды шындыққа (VR) негізделген модельдеуден айырмашылығы аналитикалық модельдеуді қолдау жүйелеріне жатады.

VR модельдеуде екі бағыт бар: біріншісі бейне ойын индустриясына қатысты, ал екіншісі, ең алдымен, 90-шы жылдардың аяғында 90-шы жылдардың аяғында әзірленген e-Manufacturing тұжырымдамасы негізіндегі өндірістік процестерді зерттеу және талдау мәселелерімен байланысты.

Бұл концепцияның қалыптасуына өндіріс процестерінде қолданылатын негізгі ақпараттық технологиялардың жоғары деңгейі де, оларды пайдаланудың үлкен оң тәжірибесі де айтарлықтай дәрежеде ықпал етті. Тәжірибеде өнімнің өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде, оның алдын ала жобалануынан бастап кәдеге жарату кезеңіне дейінгі процестерді автоматтандыру үшін жағдайлар туындады.

Электрондық өндірісті қолданудың негізгі мақсаты – кез келген өндірістік процесті іске қосқанға дейін оның барлық аспектілерін егжей-тегжейлі зерделеу және оңтайландыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін объектілер мен процестерді модельдеу деңгейіне жету [2].

Жоғарыда атап өткеніміздей, қала құрылысын жобаларын әзірлеу, іске асыру тәртібі жоғарыда аталған нормативтік құжаттарда айқындалғанымен кейбір жобаларды әзірлеу тәртібі ешбір нормативтік құжатпен реттелмеген. Атап айтқанда Астана (2020 жылы бекітілген) және Алматы қалаларын дамытудың мастер планының нормативтік-құқықтық актімен бекітілмегендіктен, заңды құқықтық мәртебесі жоқ. Осы орайда нормативтік құжаттарға мастер планды облыс орталықтарына әзірлеуді және қолданыстағы Заңға әзірлеу және бекітілу тәртібін енгізуді ұсынамыз.

Егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары елді мекеннің жеке бөліктері мен бөлінген функционалдық аймақтарына, ал қажет жағдайда - жобамен халықтың саны 20 мың адамға дейінгі елді мекеннің тұтас аумағына әзірленеді. Бұл жағдайда егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы бас жоспармен біріктірілуі мүмкін [6].

Қолданыстағы Заңның 64-бабы 1-тармақшасына сәйкес қала құрылысын жоспарлау саласындағы міндетті сараптамадан өтуге «Кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізуді талап ететін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті өкілді органдардың бекітуіне жататын, аумақтарды дамытудың және оларға құрылыс салудың қала құрылысын жоспарлау жобалары жатады» делінген. Ал, ҚР ҚН 3.01-00-2011 «Қала құрылысы құжаттамаларын әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі туралы нұсқаулықтың» 4.1.3.11.34-тармағына сәйкес «Кенттер мен ауылдық елді мекендердің егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары жобалау тапсырмасында көрсетілген ұйымдармен келісілгеннен кейін, қоғамдық талқылау мен қала құрылысы кеңесінде талқыланғаннан кейін бекітіледі» делінген.

Осылайша Заңмен сараптамадан өтуі міндетті деп көрсетілген қала құрылысы жобалары сараптамасыз бекітілуде. Аталған мәселе бойынша, жергілікті өкілді органның бекітуіне жататын жобалардың маңызын ескере отырып, барлық деңгейдегі қала құрылысы құжаттарын кешенді сараптамадан өткізілуін қамтамасыз ету қажет.

Сәулет және қала құрылысы саласындағы негізгі Заңның 2-бөлімінің 7-тарауы мемлекеттік қала құрылысы кадастрына арналған. Мемлекеттік қала құрылысының кадастры территориялардың, ғимараттардың және шағын сәулет нысандарының жай-күйі туралы, сондай-ақ елді мекендердегі құрылыс салудың қала құрылысын жоспарлау туралы ақпараттарды, нысандардың функционалдық аймақтарға тиесілілігі, ағымдағы және алдағы мақсаттары, экологиялық, әлеуметтік және инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуі туралы мәліметтерді қамтиды [1].

Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына енгізу мақсатында ақпарат және (немесе) мәліметтер беру осы Заңның 24-бабының 14-тармағында облыс әкімдіктерінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыреті ретінде көрсетілген. Алайда, ақпарат беру тәртібі көрсетілмеген. Нақты ереже немесе алгоритм жоқ. Қолданыстағы Заңға Республикалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылысы кадастрына базалық деңгейден ақпарат беру тәртібін жеке тарау ретінде енгізу немесе тиісінше қағидалар бекіту ұсынылады.

Сонымен қатар, облыс әкімдіктерінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыреті көрсетілген 24-баптың 1-тармағында «облыс аумағындағы елді мекендердің белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру» әкімдіктің құзыретінде делінген. Ал Заңның «субъектілердің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңдарды бұзғандық үшін жауапкершілігіне» арналған 17-бабында «сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңдарда белгіленген нормалар мен талаптарды (шарттарды, ережелерді, шектеулерді) бұзуға жол берген оның субъектілерін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады» деп көрсетілген.

Алайда қала құрылысы жобаларының іске асырылуын үйлестіру құзыреті Заңда көрсетілгенімен, жобада белгіленген мерзімдердің сақталуы, бекітілген құжаттардың толығымен іске асырылуы және т.б. маңызды міндеттердің орындалуы жеткілікті деңгейде қадағаланбайды. Нақтырақ айтқанда, бас жоспармен немесе елді мекеннің белгіленген тәртіппен бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобасының регламенттері мен қала құрылыстық шектеулерінің сақталуын (санитарлы-қорғаныш аймағы, сары сызық, қызыл сызық, т.б.), жер учаскелерінің бекітілген қала құрылысы жобасына сәйкес берілуін, ретсіз құрылысты және бас жоспар талаптарынан ауытқуды болдырмауды жүзеге асыруды реттеу, орындалмаған жағдайда шара қолдану тәртібі Заңмен белгіленбеген. Әрбір қала құрылысы жобасын әзірлеуге бюджеттен белгілі мөлшерде қаражат бөлінеді. Бюджеттің тиімді жұмсалуды қадағалау, қала құрылысы жобаларымен бекітілген нормалардың сақталуын

қамтамасыз ету мақсатында, жергілікті атқарушы органдарға бас жоспардың іске асырылуына қойылатын жауапкершілікті күшейту қажет.

Қазақстан Республикасы Жер Кодексіне сәйкес, жеке тұрғын үй құрылысы үшін мемлекет тарапынан берілетін жер учаскесін алу кезегінде тұрғандар саны елімізде күн санап артып келеді. Жеке тұрғын үй салу кезегіндегі азаматтардың қажеттілігін толық қанағаттандыру іс жүзінде мүмкін емес. Себебі елді мекендердің бекітілген бас жоспарларымен жеке тұрғын үй құрылысына арналған аумақтар саны толықтай жер кезегінде тұрғандарға үлестірілген, ал қалалардың аумағы шексіз кеңейе алмайды.

Қалалардың кеңеюі жаңа шағын аудандарды күтіп ұстау бойынша үлкен шығындарға алып келеді: инфрақұрылымды жеткізу және қызмет көрсету, әлеуметтік және тұрмыстық объектілерді салу, жаңа аумақтарды қамтамасыз ету үшін коммуналдық қызметтер ресурстарының жетіспеушілігі, құқықтық тәртіпті қорғау және т.б. Қалаларды дамытудың замануи үрдісі тек көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы арқылы (қаланың қолданыстағы шекарасын кеңейтпей) тығыздауды көздейді.

Қазіргі таңда сәулет және қала құрылысы саласындағы Заң нормалары мен талаптарының кейбір тұстары трансформация мен толықтыруларды қажет етеді. Себебі Бас жоспар - елді мекенді ұзақ мерзімді тұрақты дамытуға арналған кешенді құжат. Осы құжатты сапалы әзірлеу елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар Бас жоспардың құрылымындағы өзгерістер тұрғындардың психологиялық және эмоционалдық күйіне позитивті әсер етіп, қоршаған ортамен байланысын үзбеуге ықпал етеді.

Бүгінгі күнге дейін аумақтарды басқаруда қала құрылыстық, экономикалық, мүліктік, жер, тұрғын-үй шаруашылығы, көші-қон салаларын оңтайландырудың негізінде заң жүзінде жүйелік әдіс қалыптаспаған [7].

Сәулет және қала құрылысы құжаттамасының негізгі міндеті тұрғындарға қолайлы ортаны қалыптастыру деген қағиданы алға тарта отырып, елді мекеннің барлық саладағы әлеуетін барынша дамытуға, өзара байланысқан әлеуметтік, экологиялық (қоршаған ортаны қорғау), экономикалық, инвестициялық, көлік-логистикалық жоспарлау тетіктерін қамтитын, маңызды қала құрылыстық жайғастыру және дамыту шешімдерін қалыптастыратын құжаттарды мемлекеттік реттеу құралдарын, атап айтқанда Заңдар мен нормативтік құжаттардың сапалы әзірленуін, уақытылы жаңартылуын, бәсекеге қабілеттілігін, ондағы халықтың және мемлекеттің мүдделерінің мүлтіксіз қамтамасыз етілуіне жағдай жасау – қазіргі таңдағы өзекті мәселе екені анық.

Қорыта келе, қаланы кешенді дамытуға және қайта жаңғыртуға арналған жобаларды тарихи қалыптасқан үрдістерді сақтай отырып, дамыған елдердің озық тәжірибесі бойынша әзірлеуді жүйелі түрде дамыту, сонымен қатар, қолданыстағы заңнаманы жетілдіру, заман талабына сай келетін нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды тоқтатпау қажет.

Әдебиеттер тізімі

1 «ҚР-дағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000242>. Жүгінген күні: 30.07.2022 ж.

2 ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1054 қаулысымен бекітілген тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001054>. Жүгінген күні: 31.07.2022 ж.

3 Salmanova R.B. Қала құрылысы саласындағы мемлекеттік басқаруды трансформациялау // ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы. – Нұр-Сұлтан, 2022. URL:

<https://www.apa.kz/download/dissert/Salmanova/andatpa/mobile/index.html#p=1>. Жүгінген күні: 29.07.2022 ж.

4 ҚР ҚН 3.01-00-2011 «Қала құрылысы құжаттамаларын әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі туралы нұсқаулық» құрылыс нормалары // Нормативтік техникалық құжаттардың мемлекеттік бірыңғай қоры. – URL: <https://www.egfntd.kz/upload/NTD/%D0%A1%D0%9D%20%D0%A0%D0%9A/Updated/%D0%A1%D0%9D%20%D0%A0%D0%9A%203.01-00-2011.pdf>. Жүгінген күні: 30.07.2022 ж.

5 Қазақстан Республикасының Жер кодексі // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000442>. Жүгінген күні: 28.07.2022 ж.

6 «Қала құрылысы жобаларын (егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен құрылыс салу жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 505 бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021342>. Жүгінген күні: 30.07.2022 ж.

7 Т.Мұсабаев, К.Молдағалиева Система градостроительного планирования Республики Казахстан и перспективы ее развития// Научно-практический журнал «Транзитная экономика».-2015. №3. С. 57-68 URL: https://tranzit-as.kz/wp-content/uploads/2018/06/Tranzit_2015_3.pdf. Жүгінген күні: 02.08.2022 ж.

Кәсіпкерлік қызметтің концептуалды негіздері мен ерекшеліктері туризмді дамыту факторы ретінде

С.Ш. Мамбетова¹ А.Дінмұхаммед²

¹Менеджмент кафедрасының профессоры, э.ғ.к.

²«Менеджмент» мамандығы бойынша I курс магистранты
Dinmukammed.askar@mail.ru, sagynysh.2012@mail.ru

^{1,2}академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Кәсіпкерлік қызметтің концептуалды негіздері мен ерекшеліктері туризмді дамыту факторы ретінде мақалада туристік бизнестің туризм индустриясындағы экономикалық және әлеуметтік рөлі қарастырылған. Туристік кәсіпкердің мотивтері мен сипаттамаларының айырмашылықтары, табысты кәсіпкердің сипаттамалары, қасиеттері мен дағдылары талданған. Дамыған экономикалық жүйенің ең маңызды элементі қоғамның қарқынды экономикалық және әлеуметтік дамуына ықпал ететін кәсіпкерліктің маңыздылығы сипатталған. Белгілі бір уақыт кезеңіндегі кәсіпкерлік қызметтің даму деңгейін сипаттайтын және оның даму тенденцияларын анықтауға мүмкіндік беретін көрсеткіш кәсіпкерлік қызмет екендігі дәлелденген.

Кілт сөздер: кәсіпкерлік, туризм, туристік кәсіпкерлік, бизнес, табыс, кәсіпкерлік қызмет, туризмнің экономикалық рөлі

Заманауи туристік бизнес – экономиканың ең ірі және қарқынды дамып келе жатқан секторларының бірі. Туризм саласы жұмыс орындарын құруда және жұмыссыздықты азайтуда маңызды рөл атқарады. Көбінесе туризм индустриясы қоғамдағы экономикалық және әлеуметтік өзгерістердің агенті ретінде қарастырылады.

Туристік мотивтер мен преференциялардың тұрақты өзгеруі, туристік бағыттардың дамуының тұрақты сипаты, жаңа туристік өнімдер мен қызметтерге сұраныстың артуы, жаңа туристер санының өсуі және сайып келгенде, бәсекелестіктің артуы туризмнің дамуына ықпал етеді. Кәсіпкерлік пен инновация туристік индустрияның жаһандық және аймақтық


деңгейде табысы мен дамуының негізгі құрамдас бөліктері болып саналады. Көптеген ғалымдардың пікірінше, туризм, қонақжайлылық және демалыс индустриясы ең алдымен кәсіпкерлікке негізделген, ал туристік кәсіпкерлік бизнестің дамуын тұрақтандыруға стратегиялық қолдау көрсетудің бір жолы болып табылады.

Туристік кәсіпкерлік туристердің қажеттіліктерін қанағаттандыру жолымен материалдық игіліктер алу негізінде жұмыс істейтін заңды туристік кәсіпорынның құрылуымен және жұмыс істеуімен байланысты қызмет ретінде анықталады. Қазіргі туристік кәсіпкерліктің дәстүрлі кәсіпорындардан бастап жергілікті гастрономиялық туризмді, ауылдық шытырман оқиғалы туризмді, тұрақты аймақтық экотуризм пакеттерін, іс-шаралар туризмін және фестивальдерді, шынайы және этникалық отбасылық мейрамханаларды, отбасылық қонақ үйлерді, «төсек және таңғы ас» сияқты қызметтерді ұсынатын инновациялық шағын және орта кәсіпорындарға дейінгі көптеген әртүрлі нысандары бар.

Соңғы жылдары туризмдегі кәсіпкерліктің рөлі тақырыбына көбірек көңіл бөлінуде. Р.Рассел «қазіргі туризм инновация, дарындылық және кәсіпкерлердің көзқарасымен қалыптасады» деп мойындаса, Л.Ли «қонақжайлылық және туризм индустриясы кәсіпкерлік бизнестің құнарлы саласына айналды». Бірқатар зерттеушілер «негізгі кәсіпкерлердің белгілі бір шеңбері туризм мен қоғамдастықтың дамуы үшін маңызды» екенін атап көрсетеді.

Басқа салалардағы кәсіпкерлік үдеріспен салыстырғанда, туристік кәсіпкерлердің өзіндік ерекшелігі бар: олардың өмір салты мен экономикалық емес ынталандырулары жоғары ынталандырылады. Туристік кәсіпкерлік саласындағы зерттеулер көрсеткендей, туристік кәсіпкерлерде басқа салаларда жұмыс істейтін кәсіпкерлерге тән қасиеттер де ортақ: тәуекелділік, қаржылық тәуелсіздік, стратегиялық көзқарас, инновация, тұтынушыға бағдарлану және бейімделуге ұмтылу. Бірақ туризм және қонақжайлылық секторындағы кәсіпкерлер басқа кәсіпкерлерден арнайы PR әдістерін меңгеру, маркетинг және коммуникациялық дағдылар, сонымен қатар жоғары сапалы қызмет көрсетуге көңіл бөлу сияқты мәселелерде ерекшеленеді. Сондықтан, кәсіпкерлердің инновациялық басқарушылық және маркетингтік қабілеттері мен тамаша коммуникативті дағдылары кәсіпкерлік процестерді сәтті қолдануға үлкен оң әсер етеді. Ол 1 суретте туристік кәсіпкерлердің мотивтеріндегі айырмашылықтар көрсетілген, өйткені олардың мотивтері тек пайданы ұлғайтудан гөрі жоғары өмір сүру деңгейіне жетумен байланысты.

Туризм кәсіпкерлер үшін бұрын болмаған құндылық жасау үшін жақсы мүмкіндіктер береді. Туристерді тарту арқылы нарықтық сұраныстың өсуіне байланысты аймақтық дамудағы кедергілерді еңсеру жолдарының бірі ретінде қарастырылады. Қауымдастықты жоспарлаудың басты нүктесі экономикалық даму болғанына қарамастан, соңғы уақытта экономикалық, экологиялық және әлеуметтік дамудың «үштік сызығы» танымал болды. Жергілікті қауымдастықтар үшін бұл даму жолдары әрқашан күшті экзогендік әсерге ие болады.



Сурет 1. Туристік кәсіпкердің мотивтері мен сипаттамаларының айырмашылығы

Ескертпе – Дереккөздер негізінде құрастырған автор

Кез келген елдің аймақтарының алдында тұрған міндет салаға тым тәуелді болмай, туризммен байланысты мүмкіндіктерді барынша тиімді пайдалану болып табылады, өйткені шектен тыс тәуелділік сұраныстың ауытқуы арқылы жергілікті экономиканы өткір экзогендік қысымға ұшыратады. Өңірлер өздерінің позитивті жергілікті әлеуметтік капиталын белсендіріп, экономикалық даму мақсаттарын қоғамдастықтың басқа мақсаттарымен байланыстыруы керек, оның негізгі қозғаушы ресурсы кәсіпкерлік болып табылады.

Кәсіпкерлік процесс жаңа өнімдер мен инновациялық қызметтерге арналған жаңа идеяларды құру, бағалау, қолдану және коммерцияландырумен байланысты. Кәсіпкерлік процесс: идеяларды генерациялау, нарықты және мүмкіндіктерді зерттеу, бастамашылық жасау, ресурстарды жұмылдыру, ресурстарды бөлу, құқықтық институтты ашу, әлеуметтік ұйымдастыру, операцияларды бастау және басқару сияқты бірізді әрекеттерден тұрады. Ол идеяларды қалыптастыруды (сәйкестендіру, тұжырымдамалау және тану), сондай-ақ қолда бар мүмкіндіктерді бағалау мен жүзеге асыруды қамтиды. Фирманың түріне, меншік құрылымына және көлеміне қарамастан, кәсіпкерлік процесс бизнестің көптеген түрлеріне қолданылады.

Кәсіпкерлік процестің жалпы сипаттамасы келесідей шығарылады және көрсетіледі:

- тұтас процесс;
- динамикалық процесс;
- кәсіпкер жұмыс істейтін жүйе факторларының күрделі және көп өлшемді жиынтығының динамикалық өзара әрекеттесуі;
- әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктері мен процедуралық ерекшеліктері бар екенін білдіретін бірегей процесс;
- жаңа кәсіпорындарды құру, бағалау, қолдану және коммерцияландыру, инновациялық идеялар және т.б. сияқты қадамдар тізбегі (процестің қадамдарын кейбір авторлар келесідей анықтайды: қол жетімді мүмкіндіктерді ашу, бағалау және енгізу және өсіру);
- процесс барысында өзгертін процедураларға күйдің өзгеруінің әсері;
- экономикалық, саяси, әлеуметтік, ұйымдық және экологиялық факторлардың әсері;
- орталық тұлға кәсіпкер болып табылады, өйткені ол шығармашылық, икемді, тәуекелшіл және жаңашыл сипатқа ие, сондықтан процесс кәсіпкердің жеке қасиеттері мен танымдық жағдайларының әсерінен қалыптасады;
- процестің әрекет ететін жағдайлары мен жағдайлары кәсіпкердің ерекшеліктеріне, дағдыларына, әдеттеріне және қарым-қатынастарына байланысты.

Кәсіпкерлік қызметті түсіндірудің тағы бір маңызды атрибуттары ескерілуі керек - мәдениет. Мәдениет «... материалдық және материалдық емес өмір салтына әсер ететін белгілі бір қауымдастық мүшелері ортақ тарихи қалыптасқан құндылықтардың, көзқарастардың және мағыналардың жиынтығы. Қоғамдастық мүшелері бұл жалпы сипаттарды отбасында, дінінде, білім беруде және жалпы қоғамда өмірінің әлеуметтену процестерінің әртүрлі кезеңдерінде меңгереді. Мәдениет - адамдар тобының әлемді түсіндіруіне күшті ықпал ететін күрделі және динамикалық құбылыс. Кәсіпкерлік белсенділікті нығайту үшін кәсіпкерлік қызметтің жандануына ықпал ететін оң әлеуметтік көзқарас қажет.

Жергілікті деңгейде де, ұлттық деңгейде де туризм мен аймақтық даму арасындағы ажырамас байланыс көптеген зерттеулердің нысаны болып табылады. Д.Сааринен Солтүстік Еуропаның аймақтық дамуымен келесі үш факторды байланыстырды: ЕО-ның болашаққа бағытталған саясаты; табиғат туризміне қарай өсіп келе жатқан тенденция және туризмге баламалардың нақты немесе сезілетін болмауы. Туризм «әлеуметтік және физикалық ортаны өзгертуге, қайта құруға арналған маңызды саясат құралы» болып қала береді. Туризмнің экономикалық рөлін түсінудің артуы, экономикалық үлес біркелкі бөлінбесе де, оны

әлеуметтік-саяси мәселеге айналдырды. Туризм бойынша бірқатар зерттеулерде туризм секторын ұйымдастыру кластерлер теориясына негізделген салаларға баса назар аударылады.

Дегенмен, шындық, туризмді дамыту барлық жерде елдің жалпы даму стратегиясымен байланысты емес. Көбінесе бұл шағын бизнестің қалыптасуы мен өмір сүруіне шешуші әсер ететін бірқатар жалпы мәселелермен байланысты. Д.Мюллер әдетте туризмді дамыту бастамаларына әсер ететін бірқатар жалпы мәселелердің тізімін келтіреді:

- шешім қабылдауда жергілікті бақылаудың болмауы. Қауымдастықтар сыртқы субъектілерге тәуелділікті азайту үшін эндогендік өсуге назар аударуға тырысады;

- жеке экономикалық дамуды орталыққа немесе басқа аймақтарға көбірек байланыстыратын және жергілікті ынтымақтастықты ынталандырмайтын ішкі экономикалық байланыстар мен ақпараттық ағындардың әлсіздігі;

- нарықтардан географиялық алшақтық және нашар инфрақұрылым – туризмді алаңдататын проблеманың өсуі;

- халық саны азайып бара жатқан қартаюу қоғамдары;

- оң өзгерістердің ықтималдығын төмендететін инновациялар мен адами капиталдың болмауы.

Туристік әлеуетті дамыту және салаға инвестиция тарту үшін «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы құрылды, оның негізгі функциялары:

1) Қазақстанды халықаралық туристік бағыт ретінде ілгерілету;

2) Қазақстанның туристік брендін кәсіби басқару;

3) маркетингтік стратегияны қалыптастыру және жүзеге асыру;

4) келетін және ішкі туристерді тарту;

5) туристік индустрияға сыртқы және ішкі инвестициялар ағынын ынталандыру;


6) инвестициялық жобаларға азшылық негізде қатысу;


7) туризм индустриясы үшін білікті мамандарды даярлау орталықтарын құру.

Табысты кәсіпкер – ақылды және тәуекелшіл менеджер, (тіпті өз қателерінен де) үйренуге әрқашан дайын желілік серіктес, моральдық, әлеуметтік және іскерлік этиканың елеулі арсеналына ие. Ғылыми әдебиеттерде кәсіпкердің сипаттамаларының бірлігі жоқ. Бірқатар зерттеушілер инновациялық әлеуетке назар аударады, ал басқалары тәуекелге бару қабілетін анықтайды.

Бизнестің сан алуан түрлері болғанымен, жаңашылдық пен креативтілік барлық кәсіпкерлердің негізгі мотивтері мен ерекшеліктері екені анықталды. Көбінесе «инновация» сөзі кәсіпкерлікпен қатар қолданылады. Инновация білімді коммерциялық өнімдерге, процестерге және қызметтерге айналдыру ретінде анықталады. Инновациялар тек жоғары технологиялық салаларда ғана емес, кез келген өнеркәсіп секторында болуы мүмкін және олар жоғары сапа мен тиімділікке ие.

Кәсіпкердің процестің табысты болуы үшін қажетті тағы бір негізгі сипаттамаларының бірі білім болып табылады, өйткені қажетті білім кәсіпорынның өсуіне тікелей әсер етеді. Кәсіби дағдыларды оқыту арқылы шыңдауға болады. Бірақ табысты кәсіпкерлік үшін тек біліктілік пен жаңашыл және креативті қажетті теориялық білім жеткіліксіз (2 сурет).





Сурет.2 Табысты кәсіпкердің сипаттамалары, қасиеттері және дағдылары
Ескертпе – Дереккөздер негізінде құрастырған автор

«Ең бастысы, кәсіпкерлер жаһандық өзгерістердің үнемі жеделдеуінен мүмкіндікті көреді». Кәсіпкерлік – бұл өзгерістерге деген оң көзқарас қана емес, сонымен бірге белсенді, өзгерістерге ұмтылу арқылы өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру. Кәсіпкерлер өз кәсіпорнының табысты болуын қамтамасыз ету үшін нарық сұранысына сай тәуекелге барады. В.Гартнер, Н.Картер және Д.Хиллз кәсіпкерлер пайда болатын бизнес-идеялар үшін мүмкіндіктер ашады деген түсінікті деконструкциялайды. К.Кох кәсіпкердің негізгі мінез-құлық қасиеттері ретінде атап өтеді: тәуекел, шешім қабылдау, креативтілік, өндірістік факторларды жеңілдету. С.Флора бұл қасиеттерге өзіндік тиімділікті, жетістік мотивациясын, белгісіздіктен әлсіз қашуды қосады.

Сонымен, жетілген экономикалық жүйенің ең маңызды элементі қоғамның қарқынды экономикалық және әлеуметтік дамуына ықпал ететін кәсіпкерлік болып табылады. Белгілі бір уақыт кезеңіндегі кәсіпкерлік қызметтің даму деңгейін сипаттайтын және оның даму тенденцияларын анықтауға мүмкіндік беретін көрсеткіш кәсіпкерлік қызмет болып табылады, ол бизнес қауымдастығының әлеуетін анықтауға, оның дамуын ынталандырушы және тежеуші факторларды ашуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Entrepreneurship in Tourism: научное издание / А. Walmsley. - London ; New York : Routledge, 2019. - 238 p.
2. Предпринимательство: теория, процесс, практика : учебник / Дональд Ф. Куратко. - 10-е изд. - Нур-Султан ; Алматы : Национальное бюро переводов, 2019. - 513 с

Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті жетілдіру жағдайлары

А.К. Мұхтарова¹, А.С. Ахметова²

¹Менеджмент мамандығы бойынша 4 курс студенті

²Менеджмент кафедрасының магистрі, аға оқытушы
aminoom16@gmail.com, ahmetova.2017.86@mail.ru

^{1,2} академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме:Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудағы қазақстандық тәжірибені зерделеу және оны одан әрі көбейту және тарату мүмкіндіктерін талдау бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлесін арттыру, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік мәселелерін тиімді шешу мақсатында Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау және одан әрі дамыту бойынша ұсынымдар берілген. Әлеуметтік кәсіпкерлік мағынасы толық ашылған. Мақалада әлеуметтік кәсіпкерліктің

негізгі критерийлері, әлеуметтік кәсіпкерлік кәсіпорынның орналасуы, әлеуметтік кәсіпкерлікті құру процесінде келесі кезеңдері талданған.

Кілт сөздер: кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік, ресурс, қаржыландыру, экономика, бизнес, кәсіпкерлік табыс, қоғам, мүмкіндік, мемлекеттік қолдау

Мемлекеттік ресурстардың шектеулі жағдайында әлеуметтік кәсіпкерлік әлеуметтік мәселелерді шешудің ең тиімді жаһандық тәсілдерінің бірі болып табылады.

«Әлеуметтік кәсіпкерлік – бұл әлеуметтік, мәдени немесе экологиялық проблемаларды шешу жолдарын әзірлеу, қаржыландыру және жүзеге асыру үшін жаңадан бастаған кәсіпкерлер мен басқа да кәсіпкерлік құралдарын пайдалану». Әлеуметтік кәсіпкерлік концепциясы көлемі жағынан әртүрлі, мақсаттары әртүрлі ұйымдардың кең ауқымына қолданылуы мүмкін. Григорий Дистің 1998 жылғы «Әлеуметтік кәсіпкерліктің» мағынасы» мақаласында берген әлеуметтік кәсіпкерлік анықтамасы классикалық болып саналады. Ол Джозеф Шумпетердің, Жан-Батист Сэйдің, Питер Дракердің және Ховард Стивенсонның еңбектерінен алынған дәстүрлі кәсіпкерлік анықтамасына әлеуметтік өлшемді қосу арқылы алынады. Дистің пікірінше, әлеуметтік кәсіпкерлер әлеуметтік сектордағы өзгерістердің агенттері болып табылады:

- әлеуметтік құндылықты құру және қолдау миссиясын қабылдау (жеке адам үшін ғана құндылық емес);
- осы миссиямен байланысты жаңа мүмкіндіктерді анықтау және тынымсыз іздену;
- үздіксіз инновация, бейімделу және оқу процесіне қатысу;
- қолда бар ресурстармен шектелмейтін батыл әрекет;
- өздері жұмыс істейтін әлеуметтік топтардың тағдыры мен қызметінің нәтижесі үшін жауапкершілік сезімін арттыру.

Әлеуметтік кәсіпкерлік идеясы қызмет саласының дамуымен қатар бірнеше ондаған жылдар бойы дамыды. Әлеуметтік-кәсіпкерлік қызметті нақты анықтау мәселесі шешілмеген күйінде қалып отыр.

2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда «Әлеуметтік кәсіпкерлік туралы» заң күшіне енді. Жаңа ережеге сәйкес, әлеуметтік кәсіпкерлер мемлекеттен қолдау – салық жеңілдіктері мен бизнес үшін үй-жайды жалға алғаны үшін төлемақы ала алады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік – шағын және орта бизнестің азаматтар мен қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған қызметі. Қазақстанда бүгінде әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімінде 500-ге жуық кәсіпкер бар.

Әлеуметтік әсер	Белгілі бір нақты әлеуметтік мәселені шешуге немесе жеңілдетуге назар аудару
Өзін-өзі қамтамасыз ету және тұрақтылық	Желілік сыртқы қаржыландырудан тәуелсіздік
Инновация	Бұрыннан бар әлеуметтік мәселені шешудің жаңа тәсілдерін қолдану
Кәсіпкерлік табыс	Әлеуметтік кәсіпкердің нарықтағы бос тауашаларды көру, мүмкіндіктерді табу, ресурстарды жинақтау, жалпы қоғамға ұзақ мерзімді оң әсер ететін жаңа шешімдерді әзірлеу қабілеті

Сурет 1. Әлеуметтік кәсіпкерліктің негізгі критерийлері

«Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау үшін салық заңнамасында бірқатар ынталандыру шаралары қарастырылған. Мысалы, 51% мүгедек жұмыс істейтін ұйымдар корпоративтік табыс, әлеуметтік және жер салықтарынан босатылып, мүлік салығын есептеу кезінде жеңілдіктер қарастырылған».

Сонымен қатар, барлық салық төлеушілерге, тіпті әлеуметтік кәсіпкер болып табылмайтындарға да келесі жеңілдіктер қарастырылған:

- мүлікті өтеусіз беру (коммерциялық емес және қоғамдық ұйымдарға) немесе қайырымдылық көмек көрсету кезінде құн бойынша салық салынатын табыс сомасы 4%-ға дейін азайтылады;

- салық жүктемесі мүгедектерге төленетін еңбекақы сомасынан 2 есеге және мүгедектерге төленетін еңбекақыдан және басқа төлемдерден әлеуметтік салық сомасынан 50%-ға азайтылды;

- мүгедектер жеке табыс салығын төлеуден босатылды (күнтізбелік жылда 882 еселенген АЕК немесе 2,4 млн. теңге шегінде).

Әлеуметтік кәсіпкерлікті құру процесінде келесі кезеңдерді бөліп көрсетуге болады:

- 1.Өз мүмкіндіктерін, білімін, дағдысын, бейімділігін, мақсатын бағалау; ең үлкен жеке мотивация болатын әлеуметтік мәселені таңдау

- 2.Идеяны іздеу және бизнес мүмкіндігін тану; маркетингтік зерттеулер; идеяның өміршендігі мен жүзеге асырылу мүмкіндігін бағалау

- 3.Бизнес-жоспарлау

- 4.Қаржыландыруды іздеу; капиталды тарту

- 5.Топ құру; серіктестіктер; волонтерлерді тарту

- 6.Өнімнің тәжірибелік үлгілерін құру; өндірістік қызметтің басталуы

- 7.Кәсіпорынды масштабтау және репликациялау

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің жекелеген түрлері мүгедектерді жұмыспен қамтамасыз ететін ұйымдардан ғана сатып алынады.

Қазақстан әзірге әлеуметтік кәсіпкерлік дамыған мемлекеттердің қатарында емес, бірақ алғашқы қадамдар жасалды. Осы жазда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жағдайды жақсартуға бағытталған әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту туралы заңға қол қойды. Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту мәселелері бойынша заңнамаға түзетулер енгізу жұмыстары 2020 жылдың күзінде басталып, 2021 жылдың наурызында құжат Парламент Сенатында таныстырылды. Қазіргі қазақстандық қоғамда әлеуметтік кәсіпкерлікке сұраныс артып, бағыттың өзі әлемдік трендке айналып отыр. Ол әлеуметтік кәсіпкерлік институты дамыған елдерде мұндай бизнестің экономикаға қосар үлесі зор екенін баса айтты.

Халықаралық тәжірибеде әлеуметтік кәсіпкерлік бизнес иелері үшін пайданы көбейту тәсілі ретінде емес, белгілі бір әлеуметтік мәселені шешу немесе қоғамға пайда әкелу мақсатында қызмет көрсету немесе тауар өндіру ретінде түсініледі. Сондай-ақ, әлеуметтік кәсіпкерлік – бұл мүмкіндігі шектеулі адамдар немесе кәсіпкерлер ерекше қажеттіліктері бар адамдарды және халықтың әлеуметтік осал топтары өкілдерін жұмыс орындарымен қамтамасыз еткен кезде ашылатын бизнес.

Табыс потенциалы



Сурет 2. Әлеуметтік кәсіпкерлік кәсіпорынның орналасуы

Әлеуметтік кәсіпкерлік бойынша ең дамыған және қолайлы мемлекеттік саясат Ұлыбританияда, АҚШ-та және Оңтүстік Кореяда жүргізілуде. Кәсіпкерлікті қолдаудың және даму институттарының дамыған құрылымының арқасында бұл елдер экономикада әлеуметтік кәсіпкерліктің үлкен және ұйымдасқан секторына ие.

Тіпті әлеуметтік кәсіпкерлік әлі даму сатысында тұрған елдерде – Канада, Чили, Италия, Малайзия, Таиланд, Польша, Түркия – мемлекеттік қолдау және даму институттарының болуы үкіметтік емес ұйымдар мен әлеуметтік салалардың көптеп пайда болуына ықпал етеді.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мақсатында билік мұндай бизнеске түрлі жеңілдіктер береді. Мысалы, Ұлыбританияда 50 мың фунт стерлингке дейін айналымның 25% дейін арзан несиелер беріледі, ҚҚС бойынша кейінге қалдыру үш айға беріледі, гранттар 300-ден 500 мың фунт стерлингке дейін беріледі. АҚШ-та әлеуметтік кәсіпкерлік жобасын жүзеге асыруға жұмсалған шығындар өтеледі, сонымен қатар 1 миллионнан 5 миллион АҚШ долларына дейінгі гранттар мен үкімет кепілдік берген жеңілдетілген несиелер өтеледі. Осындай құралдар Оңтүстік Кореяда да қолданылады – жеңілдетілген несиелер, 2 жылға жалақыны жабуға арналған гранттар.

Қазақстан әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудың бастапқы сатысында. Салыстыру үшін: Ресейдің өзінде бұл сала соңғы 15 жылда белсенді түрде дамып келеді. Қоғамның әлеуметтік мәселелерін шеше алатын бизнес саласы ретінде Қазақстанға әлеуметтік кәсіпкерліктің мәнін түсінудің маңызы зор.

Талқылауға қатысқан бірқатар сарапшылардың пікірінше, кәсіпкерлердің өздері тарапынан әлеуметтік салада белсенділік аз. Кейбір әлеуметтік кәсіпкерлердің қызметі инвесторларды емес, грант берушілерді іздеумен шектеледі және бизнеске емес, үкіметтік емес немесе қайырымдылық ұйымға ұқсайды. Сарапшылардың пікірінше, бұл бизнес саласын дамыту үшін тек әлеуметтік жауапкершілікті ынталандыру жеткіліксіз екенін ескерген жөн. Әлеуметтік кәсіпкерлерді кәсібилендіру, қызметтің стратегиялық маңыздылығын түсіну, жүйелі көзқарас, халықаралық тәжірибе мен озық тәжірибені пайдалану Қазақстанда ынтымақтастық экономикасының пайда болуын көруге мүмкіндік береді.

Қазақстанда шынымен де әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту қажет. Бұл бірқатар проблемаларды, осы мәселедегі мемлекеттік олқылықтарды шешеді, мемлекеттің

экологиялық проблемаларды шешудегі кейбір функцияларын шағын бизнес пен ҮЕҰ-ға береді, мемлекеттік әлеуметтік саясатты жүзеге асыруға, бюджетті үнемдеуге ықпал етеді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, қоғамның ең өзекті мәселелерін шешуге әлеуметтік кәсіпкерлер шақырылады.

Әдебиеттер тізімі

1. <https://kapital.kz/business/96530/kakiye-l-goty-poluchit-sotsial-noye-predprinimatelstvo.html>
2. https://www.inform.kz/ru/ruka-pomoschi-rol-social-nogo-predprinimatel-stva-v-sozdanii-inklyuzivnogo-obschestva-v-kazahstane_a3853151

Подходы к изменению бизнес-модели путем применения цифровых технологий

Олисаева А.В.¹, Н.Б. Давлетбаева², С.А. Абдыкаримов³

¹к.э.н., доцент кафедры финансов, бухгалтерского учёта и налогообложения.

²к.э.н., профессор кафедры менеджмента,

³магистрант 1-го года обучения по специальности «Менеджмент»
n.davletbaeva74@mail.ru, abdykarimov.sa@gmail.com

¹ ФГБОУ ВО "Северо-Осетинский государственный университет имени Коста Левановича Хетагурова

^{2,3} Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, г.Караганда

Аннотация: В основе научной работы лежит метод теоретического анализа исследований современных авторов относительно особенностей в сфере цифровой трансформации бизнес-моделей компаний. Определена спецификация ключевых компонент бизнес-модели организации в условиях цифровой трансформации операционной деятельности.

Ключевые слова: цифровизация, цифровая трансформация, бизнес-модель, бизнес процесс

Значение научной статьи является важным в системе определения приоритетов развития малых и средних предприятий Казахстана в современных условиях развития мировой экономики.

Важность данной научной работы проявляется в рамках необходимости цифровой трансформации бизнес-моделей отечественных предприятий в целях повышения конкурентоспособности хозяйствующих субъектов в частности и экономики Казахстана в целом.

Ожидаемым результатом работы является формирование модели цифровой трансформации торговой деятельности компании.

Цифровая трансформация мирового экономического пространства генерирует необходимость адаптивности отечественного бизнеса к реалиям процессного развития мировой экономики [1] с целью обеспечения должного уровня конкурентоспособности [2] и эффективности финансово-экономической деятельности [3], что и обуславливает актуальность тематики данного научного исследования. Информационную базу работы составляют научные труды современных ученых-экономистов. Так вопросам трансформации бизнеса под влиянием цифровизации мирового экономического пространства посвящены научные работы Гарифуллина Б. М., Зябриковой В. В., Кудбиева Ш. О., Панфиловой Е. Е., Попова И. В., Стеблюк И. Ю.

Вопросы цифровой трансформации бизнес-моделей хозяйствующего субъекта в своих научных работах освещали такие ученые, как Мрочковский Н. С., Ляндау Ю. В., Пушкин И. С., Федосимова М. А., Олифинов А. В., Маковейчук К. А., Петренко С. А.

Зарубежный опыт цифровой трансформации бизнес-моделей раскрывается в научных трудах таких ученых, как Семернина С. А., Сомина И. В., Ismail H., Urbach N., Schwertner K., Nwaiwu F., Bordi L.

Цифровая трансформация бизнеса является неотъемлемым элементом эволюционных процессов в системе международного экономического пространства [4-6]. Стремительное развитие технологий, а также емкостные процессы в сфере глобализации мировой экономики стимулируют представителей традиционного бизнеса трансформировать свою деятельность в соответствии с современными (цифровыми) реалиями рынка [7-8].

Ко всему прочему следует понимать, что цифровизация бизнес-процессов в современных реалиях является неотъемлемым элементом конкурентных преимуществ компании [9-10]. В рамках цифровой трансформации компания может расширить степень своего влияния, сократить традиционные издержки и/или увеличить совокупную выручку и чистую прибыль от основной деятельности.

В то же время технологический подход предполагает цифровизацию бизнес-модели исключительно в рамках внедрения новых цифровых технологий. В свою очередь отраслевой подход рассматривает цифровизацию бизнес-модели, как совокупность инструментов, знаний и умений цифровой экономики в рамках общности субъектов экономической деятельности. Рассмотрим ключевые подходы цифровой трансформации бизнес-модели компании (Таблица 1).

Как можно увидеть из вышеприведенной таблицы в современных реалиях развития мировой экономики выделяют три ключевых подхода в сфере цифровой трансформации бизнес-модели компании:

- производственный – предполагает цифровизацию бизнес-процессов в сфере производства и доставки товарной продукции производимой компанией;
- коммерческий – предполагает цифровизацию бизнес-процессов в сфере реализации товарной продукции;
- управленческий – предполагает цифровизацию бизнес-процессов в сфере автоматизации взаимодействия между подчиненными и менеджерами, а также повышения скорости принятия решений.

Развитие процессов в среде Internet, а также популяризация социальных сетей и концепции Internet- вещей, выступили стимулом развития онлайн торговли, темпы роста которой на сегодняшний день не только выше темпов роста традиционной торговли, но и на долю онлайн продаж приходится большая доля в странах с развитой экономикой и большинстве стран с развивающейся экономикой.

Рассмотрим базовую бизнес-модель цифровой трансформации компании в рамках взаимодействия с ключевыми стейкхолдерами (клиенты, партнеры, подрядчики, поставщики, финансовые посредники, платежные агрегаторы), для чего воспользуемся нижеприведенной схемой (Рисунок 2).

Таблица 1

Ключевые подходы цифровой трансформации бизнес-модели компании

Подход	Бизнес-модель	Подсистемы бизнес модели	Цифровые технологии
Производственный	1. Отказ от посредников 2. Дробление 3. Франшиза 4. Лизинг 5. Кастомизация	1. Дизайн 2. Сырье и комплектующие продукты 3. Процесс производства	1. Дополненная реальность 2. Голографические интерфейсы 3. 3D-печать 4. Редактирование генома 5. Франшиза одного лица 6. Искусственный интеллект

Управленческий	1. Холакратия 2. Партиципаторное бюджетирование 3. Краудсорсинг 4. Партнерские программы 5. Low-touch	1. Организационная структура компании 2. Финансирование 3. Способ распределения бюджета и учета	1. Технологии совместного пользования и управления (шеринг экономика) 2. Введение горизонтальной структуры краудфандинг или фандрайзинг 3. Механизмы партиципаторного бюджетирования 4. Блокчейн
Коммерческий	Маркетплейс 2. Оплата по факту использования «Бритва и лезвие» Подписка Обратный аукцион	1. Реклама 2. Предоставление удобных сервисов 3. Привлечение клиентов на основе изучения их психотипа	Интернет Социальные сети Онлайн-платформы Системы навигации Технологии мобильной работы Онлайн платежи Big Data Механизмы удаленной идентификации
Примечание - Авторская конструкция			

Вышеприведенная базовая бизнес-модель цифровой трансформации компании в рамках взаимодействия с ключевыми стейкхолдерами на основе коммерческого подхода предполагает следующие изменения и особенности бизнес-процессов относительно традиционной модели компании:

- снижается численность персонала и как итог уменьшаются издержки на фонд оплаты труда;
- сокращается площадь основных фондов, что снижает уровень издержек на их содержание;
- увеличивается уровень удовлетворённости клиентов за счет дифференциации методов расчетов и методов доставки;
- упрощается механизм ведения конкурентной борьбы.




Рисунок 1. Базовая бизнес-модель цифровой трансформации компании в рамках взаимодействия с ключевыми стейкхолдерами

Примечание - Авторская конструкция

В то же время наряду с благоприятными факторами следует выделить определенную проблематику данных процессов:

- доступность информации для конкурентов в рамках цены и товарного ассортимента;
- необходимость привлечения специалистов в сфере цифровизации бизнеса;
- дополнительные стартовые издержки в рамках цифровизации бизнес-процессов.

В контексте предметного раскрытия тематики данного научного исследования осуществим раскрытие и анализ ключевых компонент бизнес-модели электронной торговли в рамках цифровой трансформации торгово-коммерческих процессов современной компании, для чего воспользуемся нижеприведенной схемой (Рисунок 2).

В целом необходимо понимать, что ключевыми трансформационными изменениями в сфере цифровизации бизнес-модели компании в рамках коммерческого подхода компании являются следующие:

- трансформация канала продаж. В рамках традиционной модели используется система реализации товаров в рамках стационарных представительств компании в то же время в условиях цифровой трансформации ключевыми каналами продаж являются онлайн представительства компании (сайт компании, представительства в социальных сетях, доски продаж, сетевые интерне-магазины и прочиеритейлеры);

- трансформация и дифференциация методов получения оплаты. В рамках традиционной модели зачастую используются наличный метод оплаты в то время, как в рамках цифровой трансформации бизнес-модели используются бесконтактные методы оплаты, что снижает риски и время перемещения средств из кассы на расчётный счёт

В то же время полноценная реализация цифровой трансформации бизнес-модели компании в рамках комплексного подхода не является доступной для большинства компаний малого и среднего бизнеса в связи со значительными затратами с одной стороны и ограниченностью специалистов на рынке, с другой стороны.



Рисунок 2. Компоненты бизнес-модели электронной торговли в виртуальных сообществах с выделением специфики компонент
Примечание - Авторская конструкция

Как итог данного научного исследования можно сделать следующие выводы:

1. Цифровая трансформация является неотъемлемым элементом конкурентных преимуществ компаний на современном этапе развития мирового экономического

пространства. Необходимость цифровой трансформации бизнес-процессов компании обусловлена стремительным развитием технологий, а также емкостными процессами в сфере глобализации мировой экономики.

2. В рамках макроэкономической среды выделяют три ключевых подхода в сфере цифровизации бизнес-модели: процессный, технологический и отраслевой. В то же время на уровне компании можно выделить четыре ключевых подхода в сфере цифровизации бизнес-модели: коммерческий, управленческий, производственный и комплексный.

3. Среди ключевых преимуществ цифровой трансформации бизнес-модели компании следует выделить: снижение издержек и/или повышение уровня совокупной выручки и чистой прибыли компании, улучшение ситуации в сфере уровня конкурентоспособности компании, а также повышение уровня экономической эффективности деятельности экономического субъекта.

4. Уточненная в рамках данной работы модель цифровой трансформации торговой деятельности компании, может быть использована в сфере практической трансформации деятельности казахских и зарубежных компаний.

5. При этом следует понимать, что в условиях ограниченности финансовых ресурсов и роста конкуренции большинство компаний не могут осуществить полный переход на цифровую модель ведения бизнеса в связи со значительными затратами с одной стороны и ограниченностью специалистов на рынке, с другой стороны.

Список литературы

1. Семернина С. А., Сомина И. В. Цифровая трансформация бизнеса: зарубежный опыт // Вестник Самарского университета. Экономика и управление. – 2018. – № 2. – С. 25-31.
2. Мрочковский Н. С., Ляндау Ю. В., Пушкин И. С., Федосимова М. А. Цифровая трансформация бизнес-моделей // Инновации и инвестиции. – 2019. – № 5. – С. 69-71.
3. Стеблюк И. Ю. Бизнес-процессы в условиях цифровой трансформации // Экономика и бизнес: теория и практика. – 2019. – № 3(2). – С. 113–116.
4. Слугин О. В., Белентьева Т. Н. Анализ влияния цифровой трансформации бизнеса на изменение бизнес-модели компании // Карельский научный журнал. – 2019. – № 4 (29). – С. 104-107.
5. Ismail H. Digital Business Transformation and Strategy: What Do We Know So Far? // Cambridge Service Alliance. – 2017. – P. 1-36.
6. Urbach N. Digital Business Transformation and the Changing Role of the IT Function // MIS Quarterly Executive. – 2017. – № 16(2). – P. 2-4.
7. Панфилова Е. Е. Цифровая трансформация бизнеса: тренды и модели // Московский экономический журнал. – 2019. – № 11. – С. 312-319. DOI:10.24411/2413-046X-2019.
8. Schwertner K. Digital transformation of business // Trakia Journal of Sciences. – 2017. – № 15(1). – P 388-393.
9. Попов И. В., Киселева М. М., Яковлева Е. А. Цифровые модели управления предприятием // УЭПС. – 2019. – № 3. – С. 58-64.
10. Nwaiwu F. Review and comparison of conceptual frameworks on digital business transformation // Journal of Competitiveness. – 2018. – № 10 (3). – P. 86-100.

Совершенствование бизнес-процессов и влияние на разные сферы организаций

А.Т. Омарова¹, А.С. Исакова²

¹PhD, ассоциированный профессор, профессор кафедры менеджмента

²магистрант 2-го года обучения по специальности «Менеджмент»

ainuraphd@mail.ru, aazzzlx@icloud.com

^{1,2}Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, г.Караганда

Аннотация: Управление процессами является важной областью исследований и практики в бизнесе. Ключевой целью управления процессами является совершенствование процессов, которое осуществляется посредством оценки, контроля и организации. Процесс может быть определен как серия или цепочка действий, составляющих бизнес.

Ключевые слова: процессы, решения, цели, улучшения, основы, потребности, эффективность

Совершенствование процессов в настоящее время наиболее популярно среди исследователей и практиков, и в данной статье мною была предпринята попытка объяснить это явление. В частности, определено управление процессами и его типы, включая PI, и подробно описано PI. Документ включает обсуждение целей и результатов, средств обеспечения его успеха и отношения различных типов бизнеса к PI. Статья позволяет продемонстрировать и проиллюстрировать факторы, которые обуславливают популярность PI, а также указывает на то, что PI способен улучшить производительность и устойчивость организаций любого типа, включая государственные, частные и некоммерческие, при надлежащем внедрении.

Управление процессами является важной областью исследований и практики в бизнесе. Ключевой целью управления процессами является совершенствование процессов, которое осуществляется посредством оценки, контроля и организации. Процесс может быть определен как серия или цепочка действий, составляющих бизнес. В результате организация определяется процессами, и можно даже предположить, что организация - это процесс, который охватывает множество под процессов. Таким образом, совершенствование этих под процессов неизбежно приведет к улучшению организации в целом.

Процессы, которые, как правило, повышают ценность, обычно объединяются в цепочки создания стоимости те, которые просто необходимы для функционирования компании, но вряд ли повышают ценность, являются вспомогательными процессами. Как термин управления процессами, PI относится к мелкомасштабным изменениям в стабильных процессах. Крупномасштабное решение проблемы предполагает перепроектирование процесса, а реинжиниринг процесса происходит в самом широком масштабе и направлен на изменение существенных проблем. В результате PI является наименее эффективной формой процессов изменений, но благодаря этой особенности она, скорее всего, будет часто внедряться. Причины внедрения PI можно описать следующим образом.

Основные цели PI включают эффективность (управление ограничением использования ресурсов до ожидаемого уровня) и результативность (достижение запланированного результата) наряду с надежностью результирующих процессов.

Более того, известно, что PI способен достигать этих результатов. Существует достаточно доказательств того факта, что PI может привести к повышению эффективности и сокращению количества ресурсов, используемых конкретным процессом.

Кроме того, доказательства того, что PI приводит к эффективности, могут быть проиллюстрированы исследованиями Хаддада и др. и Ислама и Ахмеда. Результаты этих основных результатов PI включают улучшение контроля рисков, повышение качества и гибкости, снижение затрат и способность постоянно развиваться, что в конечном итоге приводит к повышению производительности и устойчивости. Торрес и Сидорова также

демонстрируют, что улучшенный процесс может положительно повлиять на мотивацию сотрудников, особенно если улучшение направлено на упрощение излишне сложного процесса.

Ключевые результаты РІ, вероятно, привлекут к нему бизнес. Кроме того, можно отметить некоторые внешние факторы. Конкуренция является ключевой движущей силой для многих бизнес-проектов, и ее также можно использовать в качестве обоснования РІ. Угроза конкуренции присутствует на большинстве рынков, даже тех, которые контролируются олигополиями, и было доказано, что РІ позволяет получать и обеспечивать конкурентные преимущества и достигать стратегических целей компаний. Ислам и Ахмед, а также Николдс и Мо отмечают, что сохранение конкурентоспособности является вопросом выживания для современных компаний.

Однако авторы признают тот факт, что РІ требует первоначальных инвестиций, которые может быть трудно выделить для стартапа и которые могут снизить привлекательность РІ. Еще одной трудностью при внедрении РІ является тот факт, что успешный РІ зависит от множества факторов, которые будут рассмотрены далее.

Не каждый проект РІ успешен, вот почему не каждая организация может наслаждаться положительными результатами РІ. В настоящее время в большом количестве литературы предпринимаются попытки обнаружить особенности, которые могут гарантировать положительные результаты РІ. В этой части документа будут упомянуты некоторые из этих предложений.

Одной из современных тенденций в управлении процессами является системное мышление, которое требует рассмотрения процессов в их взаимодействиях, иерархиях и взаимозависимостях. Это популярный подход к процессу меняется в настоящее время используют для этого слово “холизм”. Этот термин отличается от слова “системный”, поскольку он рассматривает компанию в целом, что, по-видимому, способствует пониманию взаимосвязи ее элементов. В то же время это смещает внимание с элементов на систему в целом, что, учитывая тот факт, что распространенная ошибка заключается в концентрации на элементах и узком фокусе, также кажется полезным. Также отмечается, что каждый РІ и управление бизнесом специфичны для организации и должны учитывать особенности и контекст конкретной организации. Ринальди, Монтанари и Боттани также упоминают, что современные технологии являются мощным стимулом для РІ и управления процессами в целом.

–	42 606	44501	1993190572	2078348829	1911804290	42606

Ескерту – мәліметтер ҚР www.stat.gov.kz сайтынан алынды [3]

Бұл мәліметтерге талдау жасау үшін белгілі шарттарды орындау керек.

1) байланысын анықтаймыз, яғни, мәліметтерге қарап факторлы белгімен бірге нәтижелі

белгінің өсіп отырғанын байқауға болады, ал ол түзу сызықтық байланысты көрсетеді;

2) параметрлерін анықтау, яғни жоғарыда көрсетілген формула бойынша a_1 және a_0 -ді анықтау арқылы байланыс теңдеуін жазамыз:

$$a_1 = 0,99140685$$

$$a_0 = 42606 - 0,99140685 \times 44501 = -1\,512$$

$$y_x = -1\,512 + 0,99140685x$$


3) байланыстың тығыздығын анықтаймыз және бағытының өзгерісін көрсетеміз:

$$r = \frac{10 \times 19\,931\,905\,715 - 445\,010 \times 445\,010}{\sqrt{(10 \times 20\,783\,488\,294 - 445\,010 \times 445\,010)(10 \times 19\,118\,042\,897 - 445\,010 \times 445\,010)}} = \frac{9716761520}{9725575837} =$$

0,99909369

$r = 0.99 \approx 1$, бұл көрсеткіштердің арасында байланыстың тура әрі күштірек екендігін байқауға болады.

Жалпы, қандай байланыс шыққанын төмендегі суреттен көруге болады (сурет 1).



Сурет 1. «Көрсетілген мәліметтер бойынша талдаудың қорытындысы»

Қорыта айтқанда, аталған мәліметтер бойынша түзу сызықты байланыстың шыққанын және көрсеткіштер арасындағы байланысты сипаттайтын детерминация коэффициенті 0,99-ға тең, яғни табыстар мен шығындар арасында тығыз байланыс бар екенін сипаттайды. Ал, тұтынуға жұмсалған табыстың 0,9914-ке артып отыруы үй шаруашылығы шығындарын сонша шамаға жоғарылатып отырады, яғни табыс көбейген сайын шығында көбейіп отырады. Бұл елдегі экономикалық тұрақтылықты көрсетеді. Сонымен қатар, мұндай есептерді шығару үшін компьютерлік бағдарламаларды пайдалана аламыз, біз қарапайым Excel бағдарламасын қолдандық және Minitab, Stata, Eviews, COMSOL сияқты басқа да бағдарламаларды пайдалануға болады.

Корреляциялық-регрессиялық талдау – әлеуметтік және экономикалық құбылыстар арасындағы байланыстарды зерттейтін негізгі әдіс. Бұл әдістің көмегімен байланыс бағытын, тығыздығын, аналитикалық формасын, сонымен қатар нәтижелік белгіге факторлардың тигізетін тура ықпалын, басқа факторлар арқылы тигізетін жанама ықпалын анықтауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Әміреев Ы. Статистика: оқулық/ Ызғарбек Әміреев; Т.Рысқұлов атын.қазақ экономикалық ун-ті. - Алматы: Экономика, 2015. - 572 б.

2. Шоқаманов Ю. К Статистика: оқулық / Ю.К Шоқаманов, К. К.Бельгибаева. - 2-е изд., перераб. и доп. - Алматы : Экономика, 2016. - 533с.

Экономиканы цифрландыру: жаһандық трендтерге шолу

Л.А.Темірбекова¹, Н.А.Уразбекова²

¹Экономика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,

²«Мемлекеттік аудит» мамандығы бойынша 2 курс студенті

adiya77@mail.ru, nargiz.urazbekova@gmail.com

академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Мақалада экономиканы дамыту үшін цифрландырудың маңыздылығы талқыланып, сонымен қатар жаһандану және экономиканы цифрландыру процестерінің өзара байланысы талданады. Сонымен қатар, цифрлық экономиканың қазіргі таңда қоғам мен адам өмірінде алатын орны жайлы, өнеркәсіп саласында дамуы, негізгі артықшылықтары мен кемшіліктері және цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы бойынша негізгі сұрақтар қарастырылады.

Кілт сөздер: цифрлық экономика, революция, экономика, авмоттандыру, жаһандық экономика, цифрлық технология.

Қазіргі әлемдегі цифрлық экономика кез келген адамның өмірімен тығыз байланысты. Біріккен Ұлттар Ұйымының 2019 жылғы мәліметі бойынша әлемдік қауымдастық «цифрлық экономика» ұғымының жалпы қабылданған анықтамасын әлі әзірлеген жоқ. Мұның бір себебі - оның негізгі құрамдас бөліктері мен аспектілері туралы сенімді статистиканың болмауы деп есептелінеді.

Адамзат тарихы үш өнеркәсіптік революцияны бастан өткізді, олардың әрқайсысы әлемді түбегейлі өзгертті және бүкіл ғаламшардың одан әрі даму векторын анықтады. Бүгінгі таңда біз дамыған кезеңде өмір сүріп жатырмыз, экономиканың дамуының жаңа деңгейіне көшудің негізгі куәгерлері болып табыламыз.

Адамзат тарихындағы экономикалық өмір салтының жаһандық ауысуы жаңа құбылыс емес, XVIII ғасырда қол еңбегінен машинаға, жалпы техника саласына көшу жүріп жатты, нәтижесінде зауыттар, фабрикалар, теміржолдар салынды. Бірінші өнеркәсіптік революцияның басталуында, сол кездегідей, энергия қоры үлкен рөл атқарды. Мұнай сол кезде көмір ретінде алынды және бірыңғай зауыттарда отын ретінде пайдаланылды. Сол кездегі үлкен жетістіктерге, 1778 жылы Джеймс Уатттың шығарған алғашқы бу қозғалтқышын, сондай-ақ, 1760 жылы Джон Смиттің домна пешіне ауа беру өнертабысын атап өтуге болады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында басталған екінші өнеркәсіптік революцияда, шамамен 1870 жылдан бастап, су мен буды электр энергияға алмастырды, ол кезде өнеркәсіптік салада көптеген жаңашылдықтар ашылды, соның ішінде автомобиль ойлап табылды, қыздыру шамы жасалынды. Бірақ, екінші өнеркәсіптік революцияның ең маңызды өнертабысы - Генри Фордтың конвейерлік өнеркәсібі, оның көмегімен 1900 жылы АҚШ-та жылына төрт мың автомобиль шығарылды. Сонымен, бірінші және екінші өнеркәсіптік революцияда еңбек өнімділігін түбегейлі өлшейтін жаңа технологиялар үлкен рөл атқарғанын және әдетте бұл технологиялар ғылыми жаңалықтарға негізделгенін байқай аламыз.

Үшінші өнеркәсіптік революцияның бірқатар ерекшеліктері бар. Әлем ешқашан бір орында тұрмайды және заманауи мәселелер - заманауи шешімдерді қажет етеді. Үшінші өнеркәсіптік революция Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталды. Ол қарапайым есептеу операцияларын орындай алатын, мысалы, қазіргі телефондағы калькулятор сияқты

орасан зор электронды есептеу жүйелерін құрудан басталды. Уақыт өте келе үшінші өнеркәсіптік революцияның басты символы болған «Дербес компьютер» ойлап табылды. Үшінші революцияның негізгі термині – «Автоматтандыру». Автоматтандыру - бұл әдетте компьютердің басқаруымен жүзеге асырылатын және адамның тікелей араласуын қажет етпейтін машиналық өндіріс. Дербес компьютердің пайда болуымен адамдар қарапайым процестердің бір бөлігін электронды машинаға тапсырды.

Есептеу техникасының дамуы және дербес компьютерлердің танымал болуы адамдардың мінез-құлқын өзгертіп, нәтижесінде жаңа әлем құрылды. Ғаламтор арқылы бір-бірімен біріктірілген, орасан зор деректер жинақталған ақпарат әлемін қазіргі таңда цифрлық дәуір деп атаймыз.

"Цифрлық экономика" терминін алғаш рет 1995 жылы әйгілі американдық информатик Николас Негропonte енгізген. Цифрландыру- экономиканы дамыту үшін өмірдің әртүрлі салаларына цифрлық технологияларды енгізіп, оның сапасын арттырумен сипатталды. Ол күнделікті тапсырмаларды орындауға және адамның қатысуынсыз шешім қабылдауға көмектеседі. Қазірдің өзінде белгілі бір жаңа экономиканың элементі болып "цифрлық экономиканы" атайды.

Қоғам мұндай фактілерді байқамады, мысалы:

- адамдар мессенджерлер арқылы үйлерінен шықпай-ақ сөйлесе алады;
- заманауи кәсіпкерлер смартфон арқылы өз бизнесінің дамуын басқара алады;
- сатушылар өз бизнестерін онлайн режимде жүргізе алады;
- өндірісте бюрократия деңгейін төмендетуге және компанияның жеке бизнес-процестерінің жылдамдығын арттыруға мүмкіндік беретін көптеген нұсқалар пайда болды;
- компаниялар енді электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, құжаттарға қол қоя алады;
- есептілікті тапсыру үшін бухгалтерлерге енді басшылардың қол қоюын күтудің қажеті жоқ. Жеткізуші материалдарының қажеттілігі туралы бөліктің корпоративтік дерекқорына қол жеткізу арқылы, біз қажетті шикізатты, олардың нақты уақыт режимінде жеткізілуін бақылай аламыз.

Ғаламтор арқылы жүзеге асырылатын кез-келген экономикалық қызмет цифрландырудың мысалы болып табылады. Өз бизнесін желіде (толық немесе ішінара) жүргізгісі келетін әрбір компанияны цифрлық деп атауға болады. Электрондық экономиканы қалыптастырумен цифрлық технологиялар арқылы бизнесті басқаратын, қызметтерді ұсынатын немесе ғаламтор арқылы тауарларды сататын, digital-маркетингті қолданатын барлық кәсіпорындар айналысады.

Төртінші өнеркәсіптік революция барысында әлемнің қалай өзгертінін елестету үшін 2025 жылға қарай болуы мүмкін негізгі бетбұрыс кезеңдерін атап өтуге болады.

Бұл: адамдардың 10% ғаламтор желісіне қосылған киімдерді сатып алып, киеді; адамдардың 90% -ында жарнамаға қолдау көрсетілетін шексіз және тегін деректер жады болады; ғаламтор желісіне қосылған 1 триллион сенсор; АҚШ - тағы алғашқы фармацевт роботы; 10% ғаламтор желісіне қосылған оқуға арнаған көзілдіректер; интернет желісінің цифрлық қатысуы бар адамдардың 80%-ы 3D басып шығару арқылы алғашқы автокөлікті өндіру; халықтың 90%-ы интернет желісіне тұрақты қол жеткізе алады; 10% АҚШ-тағы автомобильдердің жалпы санынан өздігінен жүретін көліктердің пайда болуы; 3D басып шығару технологиясы арқылы жасалған алғашқы бауыр трансплантаты; корпоративтік аудиттің 30% жасанды интеллект әкеледі; үкімет блокчейн технологиясының блок тізбегі арқылы алғаш рет салық жинайды; әлемдегі жалпы ішкі өнімнің 10%-ы блокчейн технологиясы арқылы сақталады.

Алматыда «Жаһандану дәуіріндегі цифрлық күн тәртібі 2.0» форумы үшінші жыл қатарынан өтуде. Бұл форумда шағын және орта бизнесті цифрландыру туралы сұрақтар қарастырылды. Қарапайым сөзбен айтқанда, цифрландыру – цифрлық қызметтерге көшумен сипатталады. Мысалы, жалпы бизнесті алып қарастырсақ, соның ішінде сұлулық салоны. Салон әкімшілігі клиенттерді телефон арқылы қабылдап, келушілерді кәдімгі қағаз

журналына тіркейді. Мұндай жұмыс жүйесі бұрыннан ескірген, онымен жеке тұтынушылардың келу жиілігін қадағалау, тұрақты келушілерді табу және оларға бонустар ұсыну мүмкін емес. Сондықтан клиенттердің тізімін компьютер арқылы электронды журналға енгізіп, онлайн тіркеу қызметіне жүгінген жөн. Бұл да жаңа дамыған заманымыздың талаптарына сай келеді.

Неліктен бұл жүйе маңызды? Өйткені, бизнес-менеджер өзінің кірістері мен шығыстары туралы егжей-тегжейлі статистиканы ала бастайды, жазба виджеті арқылы клиенттер бос күндер мен уақыттарды көре алады, жалақыны есептей алады. Яғни, осындай жүйені қолдану тиімді тұстарымен көрінеді.

Цифрландырудың басқа да артықшылықтары бар, мысалы:

- Сатып алушының қажеттіліктеріне назар аудару, тауарлар мен қызметтердің ең қолайлы нұсқаларын төмен бағамен таңдау.

- Жеке және заңды тұлғалар үшін қызметтерді алуға қол жетімділікті жеңілдету. Жеткізуші делдалдардың қатысуынсыз тікелей электрондық және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, сатып алушымен өзара әрекеттеседі. Ғаламтор арқылы өнімді сатып алуға да, құжаттарды рәсімдеуге де болады.

- Жаңа стартаптардың белсенді құрылуы жүріп жатыр. Цифрлық қызметтерді дамытуға және олардың бағдарламалық қамтамасыз етуіне байланысты жобаларға инвестициялар өсуде. Нәтижесінде жаңа жұмыс орындары пайда болып, еңбек өнімділігі артып келеді.

- Электронды форматта жұмысқа ауысқан компанияларда шығындардың төмендеуі байқалады. Бұл маркетинг, сату, логистика және көлік шығындарының азаюына байланысты, сонымен бірге тікелей сатылымның өсуі байқалады.

- Қызмет ашық бола бастайды, өйткені цифрлық экономикада операциялар онлайн режимінде жүзеге асырылады және салық органдары сатып алу-сату туралы ақпарат алады. Бұл "қара бухгалтерлік есепті" жүргізуге кедергі келтіреді және сыбайлас жемқорлық пен адал емес схемалармен күресуге ықпал етеді.

- Ел өндірісінің бәсекеге қабілеттілігі артып, бизнесті жүргізудің географиялық шекаралары кеңеюде.

Егер жаһандық экономиканы цифрландырудың кемшіліктері туралы айтатын болсақ, олар келесідей:

- Алаяқтық үшін жаңа мүмкіндіктер. Мәліметтерді құқықтық, техникалық, физикалық және криптографиялық жағынан қорғау арқылы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажет.

- Жұмыссыздық деңгейінің артуы. Жаңа мамандықтар мен жұмыс орындарының пайда болуына қарамастан, бірқатар кәсіптер мен тұтас өндірістер сұранысқа ие емес және біртіндеп жойылып барады.

- Технологиялық алшақтық. Кейде қажетті әзірлемелердің болмауына байланысты толық цифрлық трансформацияға қол жеткізу мүмкін емес.

- Сандық алшақтық. Әзірге әрбір адам ғаламторға тұрақты қол жеткізе бермейді, тіпті мемлекеттік қызметтерді алу үшін есептік жазба жасау қиынға соғады. Жалпыға бірдей цифрландыру туралы айтуға әлі ерте.

- Сандық құлдық. Ғаламторды белсенді пайдалану адам еркіндігін шектейді. Оның жеке деректері қолжетімді болады, желідегі әрекеттері мен қызығушылықтары бақыланады. Адам бизнес объектісіне айналады, оның бір нәрсеге аз көңіл бөлуі қолданылады, бұл жиі теріс жағдайларға алып келеді.

Цифрландыруды енгізудің арқасында бүкіл әлем бойынша 350 миллионға жуық шағын компаниялар қалыптасты, оның ішінде Қазақстанда да қазіргі таңда өз тауарлары мен қызметтерін экспорттай бастайды. Мұның бәрі дамыған түрде көрінеді, бірақ цифрлық технологияларды сапалы енгізу үшін сенімді әріптестер қажет, ал Қазақстанда бизнес үшін осындай әріптес "Қазақтелеком" болып табылады. Қазірдің өзінде компания өз клиенттеріне дүниежүзілік желіге қол жеткізуді ғана емес, сонымен қатар деректер орталығының қуатын, серверлерді резервтеу және бұлттық технологияларға қосылу мүмкіндігін ұсынады. Сондай-

ақ, Қазақтелеком шағын және орта бизнес үшін пайдалы ISMET.kz желісіне қосылуға мүмкіндік береді. Бұл кәсіпкерлерге арналған алаң, онда әркім өз қызметтері мен тауарларын ұсына алады немесе сатып ала алады, сонымен қатар тәжірибе, байланыс және жаңа серіктестерді таба алады.

Цифрлық компаниялардың мысалы ретінде «Яндекс Такси» немесе «Uber» қосымшасын келтіруге болады. Олар тұтынушылармен өзара әрекеттесу үшін инновациялық технологияларды пайдаланады. Бұл компанияларда қызмет көрсетуді ұйымдастыру дәстүрлі жүйемен салыстырғанда әлдеқайда аз шығынды талап етеді, нәтижесінде таксимен жүру клиент үшін арзанырақ болады.

Цифрландыру тек бизнес туралы ғана емес, сонымен қатар қарапайым өмір туралы. Мысалы, адамдар кез-келген уақытта және кез-келген жерде ғаламдық ортаға қосылу үшін смартфондарды, планшеттерді, смарт-сағаттарды, сондай-ақ басқа мобильді интернет-құрылғыларды пайдаланады, ақылды есептегіштерге, ақылды үйлерге, жүйелік қалаларды ұйымдастыруға көшу, осының бәрі бізге ресурстарды, демек, қаражатты ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл прогресс енді тоқтатылмайды, тек одан әре дами түседі. Біздің өміріміз бен қызметіміздің барлық дерлік салалары цифрлық дәуірге өтуде.

Технологиялық тұрғыдан алғанда, цифрлық технологиялардың кең таралуы көптеген салаларда серпілістерді алып келеді, сонымен қатар осы салалардың дамуына әсер етеді, олар: жасанды интеллект; өздігінен жүретін көліктер; ұшақтар; заттардың интернеті; 3D басып шығару; нанотехнология; робототехника; энергия сақтау жүйесі; кванттық есептеулер; онлайн-банкинг; электрондық төлемдер; краудфандинг.

Мысалы, жүргізушісіз көліктерді дамыту үрдісі қоғамда сөзсіз орын алады деп болжауға болады. Бөлшек саудадан кейін байланыссыз жеткізу бағытында қоғамдық көліктер дамиды, ал жеке таксилер мен қалалық автобустар уақыт өте келе жеке көліктердің орнымен алмастырылады. Сарапшылардың мәліметтері бойынша, 2019 жылдың қараша айының ортасында Gartner компаниясы 2018 және 2019 жылдары қанша өздігінен жүретін көлік пайда болғанын есептеді. 2018 жылы жаңа өздігінен жүретін көліктердің жалпы саны 137 129 бірлікті, ал 2019 жылы 332 932 бірлікті құрады.

Сарапшылардың пікірінше, 2023 жылға қарай өзін-өзі басқаратын көліктердің саны 745 705 бірлікке жетеді. Өсім негізінен Солтүстік Америкада, Батыс Еуропада және Қытай елдерінде байқалады, өйткені бұл аймақтардағы елдер бірінші болып жүргізушісіз жүргізу ережелерін енгізді.

Кесте 1. Автономды дайындық. Көлікқұралдарының таза түсімдері, 2018-2023 жж.

Жыл	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Коммерциялық	2,407	7,250	10,590	16,958	26,099	37,361
Тұтынушы	134,722	325,682	380,072	491,664	612,486	708,344
Барлығы:	137,129	332,932	390,662	508,622	638,585	745,705

Қазіргі таңда біздің ғаламшар жаһандық цифрлық трансформация сатысында тұр, ал пандемия технологиямен байланысты барлық процестерді тек жеделдете түсті.

Қандай цифрлық тенденциялар біздің өмірімізге енеді және жаңа шындыққа бейімделу үшін нені білуіміз керек? Жаһандық автоматтандыру және цифрландыру ескірген кәсіптердің жойылуына және заман талабына сай келетін жаңаларының пайда болуына әкеледі. Жасанды интеллект жақын арада кейбір мамандықтарды толығымен алмастыра алады деп ойлаймын, яғни, жұмыс неғұрлым жүйелі болса, соғұрлым оны автоматтандыру оңайырақ болады.

Адамдар қазірдің өзінде дүкендерде, мысалы, аз мөлшерде кассирлердің жұмыс істейтінін, жалпы алғанда, бухгалтерлік есеп пен кадрлық құжат айналымын жаппай

автоматтандыруда үлкен жетістіктерге жеткенін көріп отыр. Себебі, мемлекет бірте-бірте көбірек әкімшілік функцияларды өз мойнына алуда, электронды түрде құжаттармен жұмысты реттейтін жаңа заңдар енгізілуде. Осындай өзгерістер мемлекеттік аппаратқа да әсер ететіні сөзсіз. Қазірдің өзінде ведомствоаралық қарым-қатынастың "цифрға" көшуі толығымен аяқталған кезде, барлық мемлекеттік шешімдерінің шамамен 50-70%-ы хаттамалар бойынша автоматты режимде қабылдануы мүмкін.

COVID-19 пандемиясы тұтынушылар үшін тауарлар мен қызметтерді алудың жалғыз мүмкін көзіне айналды және электрондық коммерция нарығында сатылымның өсуіне себеп болды. Ал қазір, індет аяқталғаннан кейін де, адамдар ғаламтор арқылы өнімдерді сатып алуды әдетке айналдырды. Енді, егер бизнес ғаламторда ашық түрде ұсынылмаса, онда ол тезірек банкроттыққа немесе күшті бәсекелестіктің әсерінен жойылып кетуіне ұшырайды. Клиент үшін күрес электронды коммерция нарығына көшті. Қазір бизнес үшін трендте болу және клиентті экран арқылы сезіну маңызды болып табылады. Тұрақты түрде өсіп келе жатқан контенттің негізінде тұтынушы тек сіздің бизнесіңізді дәл көруі керек, сондықтан уақытқа ілесу, заман талабына сай болу осы тұрғыда маңызды деп есептелінеді.

Келесі кезекте 2022-2024 жылдарға арналған электронды коммерция нарығының даму тенденциялары ұсынылады:

- Мобильді коммерцияны дамыту. Смартфон арқылы сатып алу, жалпы интернет-дүкенге деген сенімнің артуымен, сондай-ақ қызмет тұтынушылары арасында жас аудитория санымен байланысты болады. Тұрақты жүйе арқылы сатып алу жоспарланған болса да, бұл кезекте ұялы телефон өнімді алдын ала қарау үшін пайдаланылады.

- Әлеуметтік желілердегі сауданы дамыту. Қазіргі таңда сатып алушылар интернет-дүкендер көрсеткен сілтемелер арқылы емес, жалпы өнімнің бейнесін немесе суретін көргеннен кейін әлеуметтік желіде жедел сатып алуға қызығушылықтары артып келеді. Ал брендтер, интернет-дүкендер ұқсас шешімдерді іздейді - қазірдің өзінде Facebook, Instagram, WhatsApp және Вконтакте желілерінде өнімдерді мазмұнда белгілеп, қосымшадан шықпай-ақ лезде сатып алуды жүзеге асыруға болады.

Қазіргі уақытта цифрлық экономика сияқты бағыт талқылаудың өзекті тақырыбы болып табылады. Экономиканы цифрландыру-бұл жаһандық процесс. Көптеген жылдар ішінде әлемдегі өмір сүру деңгейін жақсарту және жаңа мүмкіндіктер ашу үшін әртүрлі жағдайлар жасалынып жатыр. Цифрлық экономика елдерге экономикалық дамуды жандандыру және жеделдету үшін кең мүмкіндіктерді ұсынады. Цифрландырудың инновацияның басқа әдістерінен айырмашылығы, ол көптеген технологияларды бір уақытта дамытуға сүйенеді, олардың ішінде: телекоммуникациялық желілер (мобильді немесе стационарлық), компьютерлік технологиялар (компьютерлер, ноутбуктер, сымсыз планшеттер), бағдарламалық жасақтама (операциялық жүйелер, машиналық оқыту, жасанды интеллект), сондай-ақ оларды қолданудың салдары (жалпы қосымшаларды әзірлеу платформалары, мемлекеттік қызметтерді электрондық жеткізу, электрондық коммерция, әлеуметтік желілер, сондай-ақ форумдар, блогтар және порталдардағы ақпараттың болуы). Қазіргі таңда экономикаға және жалпы адамзат қоғамының өміріне цифрлық технологияларды енгізу дамудың қуатты факторына айналуда.

Әдебиеттер тізімі

1. Головенчик Г.Г. Цифровая экономика: учеб.-метод. комплекс / Г.Г. Головенчик. — Минск: БГУ, 2020. — 143 с.
2. Авдеева И.Л. Цифровая трансформация экономических процессов: возможности и угрозы / И.Л.Авдеева, Т.А.Головина, Л.В.Парахина // Финансовый бизнес. - 2020. - N 1. - С.3-7.
3. Алексеенко О.А. Цифровизация глобального мира и роль государства в цифровой экономике / О.А.Алексеенко, И.В.Ильин // Информ. общество. - 2018. - N 2. - С.25-28.
4. Андарова Р.К. Кәсіпкерлік құрылымды дамыту стратегиясын әзірлеудегі экономиканың цифрлық трансформациясы/Р.К.Андарова, Д.Б.Қабдраш
5. Бухт Р, Хикс Р. Определение, концепция и измерение цифровой экономики // Вестник

IT taxation in Ukraine

Nataliya Frolova

Phd, Senior Researcher of the Department of Public Finances

nata.frolova99@gmail.com

State Organization “Institute for Economics and Forecasting of the National Academy of Sciences of Ukraine”

Abstract: The proceedings are devoted to the issue of tax policy response to the challenges of war and post-war periods in the case of Ukraine in terms of taxation of IT industry. The current tendencies of fiscal revenues as well as cash and non-cash transactions in Ukraine are analyzed. Special tax regimes for IT industry in Ukraine and worldwide are presented.

Key words: Digital Service Tax, IT companies, Single Tax, Diia city

Ukrainian tax system as well as the whole economy faces the need to respond to the current war against Russia. The government revenues for the first month of the war (March) have decreased by almost 7.1% compared to what had been planned before. A significant number of taxpayers (both companies and individuals) are deprived of resources and therefore are unable to pay taxes. As a result, the flow of tax revenues will keep falling. This feature of the war and post-war time must be taken into account when developing tax policy.

At the same time we observe a rapid increase of e-commerce. Most Internet companies significantly increase their activities at present. During the war, the National Bank of Ukraine does not impose any restrictions on non-cash payments. In general, the recent years showed a rapid increase in non-cash transactions via cards issued by Ukrainian banks. Their total number, for example, in 2021 compared to 2020 increased by 35.1% - to 7,039.9 million units, and their amount - by 40.3% - to UAH 3,099.1 billion. In 2021, 9 out of 10 transactions were cashless (90.1% of the total number of transactions with payment cards). The share of non-cash transactions amounted to 60.9% of all transactions with payment cards. In 2020, these indicators were lower - 87% and 55.8%, respectively [1]. Therefore, it seems appropriate and justified to consider the possibility of accumulating additional budget resources by taxes on Internet service.

Over the past few years, several OECD countries, including Austria, Spain, Great Britain, Greece, Hungary, Japan, Poland and Turkey, have introduced so-called a Digital Services Tax (DST), which is a tax on the gross profit of large Internet companies. In February 2021, the state of Maryland (USA) adopted a tax on Internet advertising providers - companies which annual gross profit exceeds \$100,000. This is the first tax of its kind in the United States. Its rate varies from 2.5% for companies whose worldwide gross profit is less than \$1 billion to 10% for companies with worldwide gross profit of more than \$15 billion.

Ukraine has a long-lasting history of discussions around the implementation of special tax regime for IT companies. For example, in 2012 a draft law was submitted to the Verkhovna Rada of Ukraine with a proposition to reduce the corporate income tax rate for IT companies from 21% (current at that time) to 5%. However, this initiative was not implemented in practice as experts suggested that reducing the tax rate to such a low level would lead to a significant fall in tax revenues: according to preliminary estimates, budget losses could amount to about 700 million UAH per year.

At the end of 2019, the Ministry of Digital Transformation of Ukraine took the initiative to create a special tax regime for the IT sector. The proposed changes in taxation were aimed not only at IT companies, but also at employees of IT companies. Most IT companies in Ukraine hire private

entrepreneurs - single tax payers. In this sphere labour costs constitute about 70-80% of IT companies' expenses. Therefore, experts of the Ministry of Digital Transformation offered to exempt researchers, engineers, and other staff engaged in the R&D from paying social security contributions and income tax. If it had been implemented the level of income taxation of IT companies and their employees would have been cut by 80% from statutory level of taxation [2]. It would have been by far generous than in most OECD countries with special tax regimes for the IT industry where the average reduced tax rate is 8.4%, which is 60% less than the average basic tax rate. Only two countries impose preferential tax rates lower than the basic rate by more than 80% - Luxembourg and Belgium. Even in Ireland, which is considered to be a "tax haven" for IT companies, the preferential income tax rate is half the basic rate (6.25% compared to 12.5%).

Nowadays, IT companies in Ukraine can choose to pay the Single Tax of 3% (for VAT payers) and of 5% (for non-payers of VAT), which has been in existence in Ukraine for years. It is worth noting that the above mentioned Single tax is not a specific tax benefit for the IT industry. It is allowed to apply for by any Ukrainian company with up to UAH 5 million of income per year.

Since January 1, 2022 the Law of Ukraine "On Stimulating the Development of the Digital Economy in Ukraine" has been enforced. It introduced a new legal framework to boost the IT industry, which is commonly referred to as "Diia City"[3]. "Diia City" is a special tax regime for Ukrainian IT companies which offers favorable income tax of 18% or distributed profit tax of 9%, personal income tax of 5% and military tax of 1.5%. Thus the company that is registered as a Diia City resident can save more than 30% of payroll taxes [4]. To sum it up IT companies registered in Ukraine enjoy one of the lowest tax burden in the world.

References

1. National Bank of Ukraine (authors' calculations): <https://bank.gov.ua/en/payments/nocash>
2. <https://news.dtki.ua/taxation/common/60308>,
<https://minfin.com.ua/ua/2020/01/31/40603189/>
3. <https://city.diia.gov.ua/en/>
4. <https://www.president.gov.ua/en/news/zapusk-diya-city-dast-ukrayini-zmogu-stati-najbilshim-it-hab-72753>

Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ынталандырудағы салықтардың рөлі

Ж.Т.Хишаева¹, А.Қ. Бимағамбет², К.К. Гинятова³

¹Бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасының қауымдастырылған профессоры, э.ғ.к.

²«Есеп және аудит» оқу бағдарламасы бойынша 4 курс студенттері
zhanat-t2007@mail.ru, bimagambet1907@mail.ru, g.k.k1@mail.ru

^{1,2}академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.


Түйіндеме: Жұмыста Қазақстан Республикасындағы маңызды салалардың бірі ауыл шаруашылығы қарастырылған. Соңғы үш жылдағы ауыл, орман және балық шаруашылығымен айналысатын жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің динамикасы келтірілген. Осы салаға салық салу зерттеледі. Қолданылатын салықтық режимдер мен жеңілдіктердің түрлері қарастырылады.

Кілт сөздер: ауыл шаруашылығы, арнайы салық режимі, салық, салық мөлшерлемесі, салықтық жеңілдіктер.

Экономиканың маңызды салаларының бірі ауыл шаруашылығы болып табылады, себебі ол елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етеді. Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығының әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы – оның халықты мемлекеттің азық-түлік және экономикалық қауіпсіздігі үшін маңызды болып табылатын өмірлік

маңызды тұтыну заттарымен және азық-түлікпен қамтамасыз етуінде және елдің ұлттық табысының едәуір бөлігін (төрттен бір бөлігін) құруында жатыр.

Қазақстанда дәстүрлі түрде ауыл шаруашылығының негізгі екі саласы ұсынылған: өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы. Олар өз кезегінде дербес тармақтарға бөлінеді: астық шаруашылығы, көкөніс шаруашылығы, бау-бақша, мал шаруашылығы, және т.б. олардың барлығы өндірілетін өнім түрлерімен, технологиясымен, өндірісті ұйымдастыруымен, техника жүйелерімен ерекшеленеді. Бұл ретте ірі салалар шағын салаларға бөлінеді, мысалы, мал шаруашылығы сүтті және етті мал шаруашылығына, асыл тұқымды ірі қара малды өсіруге және т. б. бөлінеді. 2022 жылдың 1 қаңтарына Қазақстанда ауыл, орман және балық шаруашылығымен айналысатын жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны соңғы үш жылда артып келеді, ал, жеке кәсіпкерлік субъектілері 2021-жылдың 1 қаңтарында 2020-жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6862 бірлікке артса, 2022 жылдың 1 қаңтарында 2021-жылдың 1-қаңтарымен салыстырғанда 2817 бірлікке кеміген(1-сурет).



Сурет 1. Ауыл, орман, балық шаруашылығындағы жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлік субъектілері.

Ескерту-[1,2,3] дереккөздер негізінде автормен жасалған.

Ауыл шаруашылығы республика экономикасын дамытудың басым бағыттарының бірі болғандықтан, шаруашылықтардың ішіндегі еліміздің экономикасы өрге жүруі үшін ажырамас бөлік болып саналады. Ауыл шаруашылығымен айналысатын заңды және жеке тұлғалар бюджетке арнайы белгіленген мерзімдер бойынша салықтарды уақытылы әрі дұрыс төлеуге міндетті. Салыққа қатысты барлық мәселелер Қазақстанда салық салуды белгілейтін және реттейтін негізгі заңнамалық акт «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі — "Салық кодексі") болып табылады. Қазіргі әрекет етуші Салық кодексі 2017 жылдың 25 желтоқсанында қабылданды және 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді, 11.07.2022ж. соңғы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген.

ҚР экономикасының стратегиялық маңызды секторларының бірі бола отырып, агроөнеркәсіптік кешен салық салу саласында да мемлекеттің қолдауына ие болады.

Ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін субъектілер үшін кәсіпорындарды ұйымдастырудың екі нысаны бар – бұл шаруа қожалықтары мен ауылшаруашылық тауар өндірушілері, сондай-ақ ауылшаруашылық кооперативтері.

Ауыл шаруашылығы кәсіпкерлігі субъектілері бірнеше салық салу режимдерінің бірін, соның ішінде шағын бизнеске арналған арнайы салық режимін, шаруа және фермер қожалықтары үшін арнайы салық режимін, заңды тұлғалар-ауыл шаруашылығы өндірушілері мен ауылдық тұтыну кооперативтері үшін арнайы салық режимін және жалпыға бірдей белгіленген салық режимін пайдалана алады (Кесте 1).

Кесте 1

Ауыл шаруашылығымен айналысатындар үшін арнайы салық режимдері

Салық режимдері	Салықтық жеңілдіктер
1. Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимдері	
1.1 Патент негізіндегі арнаулы салық режимі (жер учаскелерін өңдеу бойынша қызметтерді көрсететіндер қолдана алады)	Салық кодексінің 686-бабына сәйкес патент құнына кіретін жеке табыс салығының сомасын есептеу салық салу объектісіне 1% мөлшеріндегі мөлшерлемені қолдану жолымен жүргізіледі
1.2 Оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салықтық режим	Салық кодексінің 687-бабының 1 тармағына сәйкес салықтарды оңайлатылған декларация бойынша есептеуді салық төлеуші салық салу объектісіне есепті салықтық кезең үшін 3% мөлшеріндегі мөлшерлемені қолдану арқылы дербес жүргізеді. Салық кодексінің 687-бабының 2 тармағына сәйкес егер, есепті кезеңнің қорытындылары бойынша жұмыскерлердің орташа айлық жалақысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және салықтық кезеңнің бірінші күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің жеке кәсіпкерлерде-кемінде 23 еселенген, заңды тұлғаларда кемінде 29 еселенген мөлшерін құраса, Салық кодексінің 687-бабының 1-тармағына сәйкес салықтық кезең үшін есептелген салық сомасы жұмыскерлердің орташа тізімдік саны негізге алына отырып, әрбір жұмыскер үшін салық сомасының 1,5% мөлшеріндегі сомаға азайтылу жағына қарай түзетілуге жатады
2. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимі	Арнаулы салық режимін қолданатын ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері бюджетке төлеуге жататын келесідей салықтардың сомасын: 1. Салық Кодексінің 698-бабының 2-тармағында көрсетілген қызметті жүзеге асырудан түскен кіріс бойынша - корпоративтік табыс салығы мен жеке табыс салығының (төлем көзінен ұстап қалатын салықтардан басқа) сомасын; 2. Салық Кодексінің 698-бабының 2-тармағында көрсетілген қызметті жүзеге асырумен байланысты салық объектілері бойынша - әлеуметтік салық сомасын; 3. Салық Кодексінің 698-бабының 2-тармағында көрсетілген қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын салық салу объектілері бойынша-мүлік салығы, көлік құралы салығы сомасын 70%-ға азайтуға құқылы
Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнайы салық режимі	Салық Кодексінің 704-бабына сәйкес бірыңғай жер салығын есептеуді есепті салықтық кезең үшін салық салу объектісіне 0,5 % мөлшеріндегі мөлшерлемені қолдану арқылы салық төлеуші дербес жүргізеді. Бірыңғай жер салығын төлеу негізінде бюджетпен есеп

	<p>айырысу тәртібін көздейді. Бұл жағдайда салық салу объектісі жер учаскесінің құны болып табылады. Бұл ретте бірыңғай жер салығын төлеушілер төлемейді:</p> <ul style="list-style-type: none"> – шаруа немесе фермер қожалығының табыстарына салынатын жеке табыс салығы; – қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы; – өндірістік қызметте пайдаланылатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдаланғаны үшін жер салығы және (немесе) төлемақы; – көлік құралдарына салынатын салық-өндірістік қызметте пайдаланылатын объектілер бойынша; – мүлік салығы – өндірістік қызметте пайдаланылатын объектілер бойынша. <p>Бірыңғай жер салығын төлеушілер ай сайын әрбір қызметкер, сондай-ақ шаруа (фермер) қожалығының басшысы мен мүшелері үшін айлық есептік көрсеткіштің 20% мөлшерлемесі бойынша әлеуметтік салық сомасын есептейді.</p>
<p>Ескерту-Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) негізінде автормен жасалған [4].</p>	

Елімізде жеке меншік кәсіпкерлер өте көп. Үкімет тарапынан сол кәсіпкерлерді максималды түрде қолдау үшін көптеген жеңілдіктер жан-жақты қарастырып, Заңнамалық негізде күшіне енуде.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге салық салудың жалпыға бірдей белгіленген режиміне тоқталып кететінін болсақ, әдетте, Қазақстан Республикасының Салық Кодексіне сәйкес КТС-тің мөлшерлемесі 20% болып табылады, ал ауыл шаруашылығы өнімін, аквамәдениет (балық шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар үшін, егер мұндай табыс ауыл шаруашылығы өнімін, аквамәдениет (балық шаруашылығы) өнімін өндіру, аталған өз өндірісінің өнімін, сондай-ақ осындай қайта өңдеу өнімдерін қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудан алынған болса 10%-дық мөлшерлеме бойынша КТС төленеді. Салық кодексінің 313 бабының 2 тармағына сәйкес анықталады.

2010 жылдың 1 қаңтары мен 2018 жылдың 1 қаңтары аралығында 10% мөлшерлеме бойынша салықты, ауыл шаруашылығы үшін құрал-жабдықтарды дайындайтын кәсіпорындарға да 7 жыл салықтар бойынша жеңілдік болған. Бұл еліміздегі ауыр өнеркәсіптің жоғары дәрежеде дамуына зор үлесін қосқанын айта кету керек.

Ауыл шаруашылығымен айналысатын адамдарды ынталандыру үшін Қазақстан Республикасының өзінің бастауын 2020 жылдың 1 қаңтарынан «шағын және орта бизнес субъектілері» салықтардан толыққанды түрде 3 жылға, яғни 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін босатылған. Бұл 3 жыл мерзім бизнес субъектілері үшін жетіліп, дамып, кәсіпорынның өзін жаңа қырынан көрсетуге септігін тигізеді. Бұл өзгерістер егін мен мал шаруашылығымен айналасатын шаруа қожайылықтарынан көбеюіне алып келді. Жалпы салық режиміндегі өзгерістер мен жеңілдіктер туралы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2019 жылғы қыркүйек айындағы жолдауында тоқталып, аса қадағалауға алатыны жайлы сан мәрте айта кеткен еді. Айтулы өзгерістер 2019 жылдың 27 желтоқсанынан бастап іске асып, ол туралы Заңдағы өзгертулерге қол қойылды. ҚР Кәсіпкерлік Кодексінің 24-бабына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілері заңды тұлға құрмай және кәсіпкерлікті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер болып табылады, қызметкерлердің жылдық орташа саны 100 адамнан аспайды және орташа тиімді табысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және қаржылық есептілік жылының 1 қаңтарға сәйкестігінде қолданыста болатын үш жүз мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспауы керек.

Жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлік субъектілері микрокәсіпкерлік субъектілері болып табылады, жұмыскерлердің жылдық орташа саны 15 адамнан аспайды, орташа жылдық табысы тиісті қаржылық есептілік жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын «Республикалық бюджет туралы» заңда белгіленген отыз мың еселенген көрсеткіштен аспауы шарт.

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне тиесілілігінің сәйкестігі анықталғаннан кейін осы субъектілердің қайсысының салық төлемеуге құқығы бар екенін нақтыланған. Олар:

Сонымен, біріншіден- корпоративті табыс салығының 100% - ға азаяды (төлем көзінен ұсталатыннан басқа), Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 700- бабына сәйкес есептелген, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимдерін қолданатын ауыл шаруашылығы өндірушілері.

Екіншіден - шаруа және фермер қожалықтары үшін арнайы салық режимін қолданатын салық төлеушілер ҚР СК 704-бабына сәйкес есептелген бірыңғай жер салығының сомасын 100% - ға азайтады.

Үшіншіден, патент негізінде арнайы салық режимін қолданатын салық төлеушілер ҚР СК 686 - бабына сәйкес есептелген жеке табыс салығының (төлем көзінен ұсталатыннан басқа) төленуге жататын сомасын 100% - ға азайтады.

Төртіншіден-ҚР СК 695-бабына сәйкес есептелген жеке табыс салығының (төлем көзінен ұсталатыннан басқа) төленуге жататын сомасын тіркелген шегерімді пайдалана отырып, ТШЖ қолданатын салық төлеушілер 100% - ға азайтады.

Бесінші-оңайлатылған декларация негізінде ТШЖ қолданатын салық төлеушілер ҚР ҰК 687-бабына сәйкес есептелген жеке табыс салығының (төлем көзінен ұсталатыннан басқа) және әлеуметтік салықтың төлеуге жататын сомаларын 100% - ға азайтады.

Бұл өзгерістер еліміздің кәсіпкерлері үшін қолдаудың ең жақсы шешімі. Себебі осындай жеңілдіктердің нәтижесін «100 жаңа есім» жобасынан да аңғару қиын емес. Үкімет тарапынан осындай қолдаулар көп қарастырылып, іске асып отыратын болса, Қазақстандағы ауыл шаруашылығы жаңа деңгейге көтерілетіні сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Кәсіпорындар статистикасы. 2-серия. Қазақстан Республикасындағы субъектілер санының негізгі көрсеткіштері. 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Ұлттық статистика бюросы. stat.gov.kz

2. Кәсіпорындар статистикасы. 2-серия. Қазақстан Республикасындағы субъектілер санының негізгі көрсеткіштері. 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Ұлттық статистика бюросы. stat.gov.kz

3. Кәсіпорындар статистикасы. 2-серия. Қазақстан Республикасындағы субъектілер санының негізгі көрсеткіштері. 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Ұлттық статистика бюросы. stat.gov.kz

4. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ. (11.07.2022ж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілген). adilet.zan.kz/

The cruise industry performance indicators

O.P. Chukurna¹, O.V. Tuchynska²

¹Doctor of Economics, professor of the Department of Marketing, Management, Public Management and Administration

²student of the second level of higher education, majoring in «Management»
elenachukurna@gmail.com; sashatuch01@gmail.com

^{1,2}State University of Intellectual Technologies and Communication

Abstract: The article examines the indicators of the efficiency of cruise transportation. The influence of economic factors on the development of cruise transportation in the conditions of the COVID-19 pandemic is considered. Indicators for evaluating the effectiveness of cruise transportation were proposed and their implementation was carried out in the conditions of the decline in transportation after the pandemic period.

Keywords: indicators, effectiveness, pandemics *COVID-19*

The topic of this work is performance indicators, also known as key performance indicators (KPI). They are used in cruise industry and in maritime business in general.

The purpose of this research is identification of key performance indicators relevant to the multi-service cruise industry on the example of “Heritage Expedition”, cruise company based in New Zealand.

This work is relevant to its time, because of the COVID-19 pandemic and its devastating effects on all areas of human activity. Pandemic has caused stagnation in the tourist and entertainment business. Those businesses are only now beginning their road to recovery. After almost two years of no activity, cruise companies have planned their first post-pandemic cruises for 2022-2023 and are in desperate need of an assessment of their success.

But to assess relevant performance indicators for the multi-service cruise industry, it is important to understand that the maritime industry has a specific standard of key performance indicators (KPIs). They are divided into three levels, which are mathematically connected: group key performance indicators (group KPIs), key performance indicators (KPIs) and performance indicators (PIs). [2] Performance indicators (PI) are the basis of the KPI system. They are used to calculate all KPIs and SPIs. With a clear understanding of PIs, how they are measured and their units of measurement, it is easy to generate accurate reports and correctly benchmark the fleet against industry standards.

This system is called BIMCO Shipping KPI and is a global shipping tool for defining, measuring, and reporting operational performance. [3] The KPI system is used to compare ship performance against industry standards and potentially identify where her efficiency could be improved. The BIMCO Shipping KPI system was first developed by several major shipping companies in 2006 and continues to be refined every year. The last changes and improvements to the system took place in 2021. [4 p. 267]

Performance indicators are divided into organizational, financial, and processual. [5] Certain key operating metrics used in the cruise industry to measure operating performance are calculated using the following revenue and cost drivers.

The company "Heritage Expedition" is good example of calculating key performance indicators. Heritage Expeditions was founded in 1985 to raise awareness and preserve the natural world through responsible expedition travel. [6]

The first relevant indicator is cruise passenger days, calculated as the number of passengers carried in each period multiplied by the number of days of the respective cruises. For example, “Heritage Expedition” has managed to increase its passenger numbers at a compound annual growth rate (CAGR) of ~5.3% since 2020, and the number of passenger cruise days was 5.7% since

2020. During this period, the growing demand for cruise vacations and the company's loyalty programs played an important role in increasing the number of passengers. But during and after the pandemic, these indicators decreased significantly.

A second performance measure specific to the cruise industry is Available Passenger Cruise Days, or APCD. This key performance indicator shows a measure of a cruise ship's throughput. It represents double cabin accommodation multiplied by the number of cruise days per period. [7] Available Passenger Cruise Days (APCD) is used to calculate unit revenue, unit cost and vessel occupancy. A unit means one client vacationing on a cruise. Between 2020 and the beginning of the pandemic, the capacity of the "Heritage Expedition" also increased by ~5%.

The third metric used by cruise lines is Occupancy. It is calculated by dividing the cruise days of passengers by APCD. That is, by dividing the first indicator by the second. A percentage above 100% indicates that there were more than two passengers in some cabins. An increase in occupancy is positive for the company as it leads to increased revenue at slightly higher costs and thus improves margins. [7] The increase in margins has a positive effect on the portfolio of cruise liners. The occupancy rate of the "Heritage Expedition" is increasing. However, Heritage Expedition's 2020 occupancy rate was 104.7%, lower than Carnival Corporation's (CCL) 105.1% and Norwegian Cruise's (NCLH) 109%.

Hence, in addition to the main KPI-standards of sea transportation, cruise companies also use three other additional and specific performance indicators to determine the success of their business.

References

1. Круїзнеповернення: найцікавіші нові кораблі та маршрути, які варто відвідати у 2022 та 2023 роках. – Stuff.co.nz. – website. URL: <https://www.stuff.co.nz/travel/experiences/cruises/129715834/cruise-comeback-the-most-exciting-new-ships-and-itineraries-to-check-out-in-2022-and-2023> (date of application: 22.09.2022)
2. Концепт KPI. – BIMCO. – website. URL: <https://www.shipping-kpi.org/book/page?searchkey=concepts> (date of application: 22.09.2022)
3. What is BIMCO Shipping KPI? – BIMCO. – website. URL: <https://www.bimco.org/ships-ports-and-voyage-planning/shipping-kpi-system#:~:text=The%20Shipping%20KPI%20System%20is,performance%2C%20both%20internal%20and%20externally> (date of application: 22.09.2022)
4. International Journal of Business and Management Vol. 7, No. 10; May 2019, Katerina Konsta&Evi Plomaritou
5. David Parmenter, Key Performance Indicators. John Wiley & Sons 2007
6. Heritage Expedition. – About Us – website. URL: <https://www.heritage-expeditions.com/about/> (date of application: 26.09.2022)
7. Key metrics to measure Royal Caribbean's revenue performance. – Yahoo – website. URL: <https://finance.yahoo.com/news/key-metrics-measure-royal-caribbean132203181> (date of application: 22.09.2022)

Роль анализа финансового состояния в системе управления денежными потоками предприятия

Г.А. Шакирова¹, Д.И. Сыздыкова², Ю.Ю. Цой³

¹магистр экономических наук, ст. преподаватель

²PhD, ассоциированный профессор

³магистрант 2-го года обучения по образовательной программе «Учет и аудит»

gulia72.kargu@mail.ru

^{1,2,3}Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова

Аннотация: На современном этапе осуществление деятельности любого предприятия возможно только при наличие денежных средств и их рационального использования. Основная цель, которая стоит перед управлением денежными потоками на предприятии, является определение оптимального состояния финансовых результатов и финансового состояния. В статье авторами был представлен подробный анализ динамики состава и структуры активов, состава и структуры источников формирования активов ТОО «Seven Refractories Asia» за 2019-2021 года.

Авторами представлены расчеты по коэффициентам ликвидности на примере ТОО «Seven Refractories Asia» за исследуемый период. В статье также представлены результаты расчетов показателей финансовой устойчивости на примере ТОО «Seven Refractories Asia» по состоянию на 31 декабря 2021 года.

Авторами показано, что способность предприятия своевременно производить платежи, финансировать свою деятельность на расширенной основе свидетельствует о его хорошем и устойчивом финансовом состоянии и главная цель анализа – своевременно выявлять и устранять недостатки в финансовой деятельности и находить резервы улучшения финансового состояния предприятия и его платежеспособности.

Ключевые слова: денежный поток, предприятие, финансовое состояние, коэффициенты ликвидности, коэффициенты финансовой устойчивости, платежеспособность, эффективность

Под финансовым состоянием понимается способность предприятия финансировать свою деятельность. Оно характеризуется обеспеченностью финансовыми ресурсами, необходимыми для нормального функционирования предприятия, целесообразным их размещением и эффективным использованием, финансовыми взаимоотношениями с другими юридическими и физическими лицами, платежеспособностью и финансовой устойчивостью. Финансовое состояние предприятия может быть устойчивым, неустойчивым и кризисным [1].

